АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫ
ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ

# ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ:
## ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ

• ақпараттық-әдістемелік журнал •

№2 (28)

2022 жыл, 28 маусым

# «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме»
## ақпараттық-әдістемелік журнал



**Меншік иесі:** «Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ

**Бас редактор: М. Ысқақов**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.

**Басылым мерзімділігі: 3 айда 1 рет**

**№2 (28) саны**
**28 маусым, 2022 жыл**

**Таралымы: 100 дана**

**Тапсырыс: № 883**

**Баспахана атауы:**
**«Көкше-Полиграфия» АҚ**

**Мекенжайы:**
Қазақстан Республикасы,
Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы,
Е.Әуелбеков көшесі, 98.
Тел.: 8 (7162) 256-212.

E-mail: sks46@mail.ru

**Редакция мекенжайы:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А»
Тел.: 8 (7132) 41-69-34
E-mail: ortaluktil@mail.ru

Авторлардың стилі, орфографиясы сақталады. Ақпараттардың нақтылығы мен ақиқаттығына редакция жауап бермейді.

# МАЗМҰНЫ


**ТІЛТАНЫМ**

**Г.Ә. МҰСАЕВА** *Қазақ тілін оқыту үдерісіндегі тыңдалым*..........5

**Қ.И. КУРАЗОВА** *Ахмет Байтұрсынов филологиясы ақтөбе педагогикасында*..........8

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ**

**А.А. ЖАЛМҰҚАНОВА** *Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының рухани көсемі*..........11

**А. БЕКМУРЗИНА** *Тәржімадан туған төл туынды*..........12

**А. БИСЕНОВА** *Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуы туралы*..........14

**Г.С. ДАУЛЕТОВА** *Ұлт ұстазы*..........15

**Н.Т. ЕЛЕУХАНОВА** *Ахаңның арманы ұлт тәуелсіздігі еді*..........16

**Б. ӘБІЛҒАЗЫ** *Ахмет Байтұрсынов – алаштың ардақты азаматы*..........18

**Ж.Ж. ОРЫНБАСАРОВА** *Ахмет Байтұрсынов ұлт жанашыры*..........21

**А.К. АҚҚҰЛОВА** *Ахмет Байтұрсынов – қазақ жазуының негізін салушы*..........21

**ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**Ә.Д. СМЫҚОВА** *Еесте сақтау дағдысын қалыптастырудағы жаттығулардың қызметі*..........23

**ZH. ALDANOVA** *Ағылшын тілі сабағындағы қолданылатын интербелсенді әдіс-тәсілдер*..........25

**Г.А. ЖУМАГАЛЕЕВА** *«Қанқызы» (Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасы)*..........30

**ҮЗДІК САБАҚ**

**А.С. НҰРЖАНОВА** *Баталы ел арымас*..........31

**А.М. АРЫКОВА** *Әлемдегі таңғ ажайып кітапханалар*..........32

**А.Н. ҮМБЕТОВА** *Қос ішектті домбыра*..........34

**Г.Т. АБДИРОВА** *Білім бермен тәрбие егіз ұғым*..........35

**Р.К. ЖАБАГИН** *«Критериальное оценивание – важный фактор процесса обучения»*..........36

**А.Б. ЖАЙЫҚОВА** *Marco Polo*..........38

**А.А. ЖАЛМҰҚАНОВА** *Қазақстандағы туризмнің қалыптасуы мен дамуы*..........40

**А.Н. ЖУЛДЫБАЕВА** *Интересное о спорте*..........43

**Г.А. ИТАЛМАСОВА** *Что такое ЗОЖ?*..........47

**А.Н. КОШКАРБАЕВА** *Тұлға шығармашылығын дамытуда арт-терапияның маңызы*.......................51

**Р. КӨЗДІҒАРИНА** *Бейбітшілік – әлем халқының арманы*................................................................52

**А.А. КУЗЕНБАЕВА** *Т.Әбдіков «қонақтар» әңгімесіндегі кейіпкерлер бейнесі*..................................54

**Г.Қ. ҚОҢЫРАТБАЙ** *Жер ғаламшары қандай?*......................................................................57

**Н.К. ЮСУПОВА** *Международный день земли*.................................................................59

**Б.Қ. ӨТЕГЕН** *Жұлдыздар мен аңыздар*.......................................................................62

**С.М. СУЛТАНГАЛИЕВА** *Тәуелсідік – ел тірегі*............................................................................65

**С.Е. ТАУМЫШЕВА** *Умные вещи*.......................................................................................66

**ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ**

**А.Т. КАЗМҰХАНБЕТ** *Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруда ойын технология сының маңызы*...................................................69

**Г.Д. БИСЕМБАЕВА** *«Көңілді қыс»*..........................................................................................70

**А.А. АБДУРАМАНОВА** *«Мамандықтың бәрі жақсы»*...............................................................72

**А.К. КЕНЕНБАЕВА** *«Жүзден жүй рік, мыңнан тұлпар» Спорттық сайыс*.....................................74

**А.М. АБИЛГАЗИНА** *Открытое занятие по математике по мотивам «Теремок»*...........................76

**А.Т. НИЕТБАЕВА** *«Білімді мыңды жығар» Педагогтерге арналған интеллектуалдық сайыс*......77

**Г.А. НУРГАЛИЕВА** *«Мерекелік отшашу»*............................................................................79

**Г.Б. ТАМБАЕВА** *«Поможем Маше вернуться домой»*...................................................................80

**Г.Д. БИСЕМБАЕВА** *Ақтөбе*...................................................................................................83

**Г.Д. БИСЕМБАЕВА** *«Үй жануарлары»*.................................................................................84

**Г.И. МАЖАРОВА** *«Рыбки в аквариуме» Конспект занятия по аппликации в средней группе*.......86

**Г.К. БИСЕНБИНА** *«Денсаулық еліне саяхат»*......................................................................87

**Г.Ч. АЙМБЕТОВА** *Методические рекомендации*..............................................................89

**Д.Б. Бегисинова** *Бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану бағытындағы сауаттылығы*................................................92

**Е.Т. Джарилкапова** *Суасты патшалығына саяхат*............................................................94

**Ә.А. Сәрсенбаева** *Ана мерейі*..............................................................................................96

**Ж.А. Сарсенбаева** *«Күн дидарлы Қазақстан!»*..................................................................98

**Ә.С. Сайымова** *Таңғажайып планетасы*.......................................................................99

*Хабарландырулар тақтасы*...............................................................100

# ТІЛТАНЫМ

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ТЫҢДАЛЫМ

***Г.Ә. Мұсаева,***
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО доценті, ф.ғ.к.*

Тілді шет тілі ретінде немесе екінші тіл ретінде оқыту әдісінің қазіргі мәселелерінің бірі – тілдің жасанды ортасын жасау. Мұндағы негізгі мәселе сол жағдаяттардың көмегімен бірден бірнеше оқушылар белсенді түрде қатыса алатын сөйлеу әрекетінің төрт түрінің екеуі: ***тыңдап түсіну*** мен ***сөйлеуге*** үйрету. ***Тыңдап түсіну*** естіген шет тілдік хабарды ***естіп, түсініп, қабылдауды*** білдіреді. Тыңдап түсінудің нәтижесінде қабылданған хабардың мәнін ұғына алатын акустикалық сигналды өңдеудің аналитикалық синтетикалық үдерісі ретінде түсінуге болады. Тыңдап түсінудің механизмі күрделі үдеріс.

Оқытудың мақсатына жету үшін студент шет тілді түсініп ауызекі сөйлеу актісіне қатыса алуы тиіс. Алайда тәжірибеде тіл үйренушілер ауызекі сөйлесуде ауызша хабарды түсініп қабылдауда үлкен қиындықтарға кездеседі. Оның себебі бұл сөйлеу әрекеттерінің ішіндегі сөйлесушіге байланысты құбылыс емес. Тыңдаушы сөйлеушінің сөйлеу үдерісін бақылай алмайды. Хабардың мазмұнын, тілдік құралдарды сөйлеуші өзі таңдайды, сондықтан тыңдаушы берілген мәліметті сол күйінде қабылдауға мәжбүр болады. Тыңдаушы бұл әрекетте ештеңені өз мүмкіндігіне орай өзгертіп хабарды қабылдауын оңайлата алмайды. Сондықтан тыңдап түсіну күрделі психикалық әрекет болғандықтан, әдетте тез қажытып, тыңдаушының назарын бәсеңдетеді.

Түсініп тыңдау сөйлеу әрекетінің бір түрі ретінде болғанымен де, тіл үйренуде ең маңызды рөл атқарады. Себебі тыңдап, естіп, түсініп, қабылдамаған жағдайда, сөйлеу де, жазу да, оқу да болмайды. Хабарды қабылдамаған жағдайда оған ауызша жауап қайтара алмайды, дыбыстар легін ғана естіп, сөздің мағынасын түсініп қабылдамаған жағдайда жаза да алмайды, тіпті оқу әрекетінде тіл үйренуші іштей оқып отырса да, өзінің ішкі дауысын естіп түсінбесе, дұрыс оқыған нәрсенің мазмұнын түсіне де алмайды. Сондықтан тыңдап түсіну басқа сөйлеу әрекеттерімен тығыз байланысты болғандықтан, әсіресе, коммуникативтік бағыттағы шет тілін үйренуде маңызды рөл атқарады.

Зерттеулерге қарағанда, шет тілін еркін меңгерген инофонның өзі табиғи тілді естігенде қиындықтарға тап болады. Осы мәселеге орай түсініп тыңдауға үйрету аспектісінде аутентикалық аудитивтік материалдарда түрлі дыбыстар: көлік дыбысы, түрлі дауыстар, телефон шылдыры, музыка т.б. шулардың болғаны дұрыс деп табады. Бұл тіл үйренушілерге меңгеру үшін берілген жағдайлардың ерекшеліктерін түсініп, түрлі шу арасында естілген сөзді ұғу дағдыларын қалыптастыра алады.

Түсініп тыңдауға дағдыландыру кезінде аутентикалық материалдарды қолданудың өзектілігі оның ***функционалдылығында.*** Функционалдылық дегеніміз шынайы ортада қолданғандағыдай табиғи жағдай жасау. Бұл тілді шет тілі ретінде оқыту әдістемесінде негізгі фактор болып табылады.

Аутентикалық материалдар түпнұсқадан алынады, ондағы лексика мен грамматикалық формалар табиғилығымен, қолданылған тілдік құралдардың жағдайға сәйкестілігімен сипатталады. Аутентикалық материалдарға жеке хаттар, анекдоттар, мақалалар, күнделік беттерінен үзінді, жарнамалар, кулинарлық рецептер, ертегілер, сұхбаттар, ғылыми-көпшілік және елтанымдық мәтіндер жатады. Аутентикалық материалдар арқылы түсініп тыңдауға үйретуде сөйлеуді есту қабілетін дамыту қажет. Тіл меңгеруші түсініп тыңдау барысында табиғи түрде әртүрлі адамдардың (әйелдің, ер адамның, балалардың) дауысы мен сөздерін естіген сайын, оның шынайы

тілдік қарым-қатынасқа бейімделуі тездей түседі. Сондықтан оқытудың алғашқы күндерінен басынан бастап оқу-аутентикалық немесе шынайы аутентикалық материалды кеңінен қолдану қажет. Қажетті білім мен оның негізінде әлеуметтік лингвистикалық, әлеуметтік мәдени құзыретін қалыптастыру үшін тіл меңгерушілер тілін оқып жатқан ел туралы керек мәліметті ала алуы тиіс. Оның дереккөздері ретінде оқулықтарға құрылған фильмдер, көркем фильмдер, сериалдар болуы мүмкін. Аудиовизуалды дереккөздерді пайдалану тиімді нәтижелерге қол жеткізеді. Фильмдер елдің ерекшеліктерімен және адамдардың өмірімен таныстыра алады.

Сондай-ақ тілді оқытуда техникалық құралдарды кеңінен енгізу қажеттілігі әдістемедегі дидактикалық ұстанымдарды шешуге көмектесетіндігінде. Тілді оқытудың қазіргі әдістемесі үдеріске дыбыстық және бейнежазбаларды, фильмдерді, оқытудың компьютерлік бағдарламаларын, яғни медиатехнологияларын енгізуді талап етеді.

Оқытуда техникалық құралдарды қолданудың тиімділігі мынадан көрінеді [1]:

- оқытудың бүкіл кезеңінде жетіспей тұрған табиғи ортаны толтыру;
- көрнекіліктің дидактикалық ұстанымын шешу;
- әр оқушының жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып оқыту;
- жоспарлау мен бақылауға жағдай жасау;
- естуді бақылап отыру дағдысын қалыптастыру мен дамытуды тездетуді қамтамасыз ету;
- тіл меңгерушілердің аналитикалық және имитативтік қабілеттерін, ішкі ресурстарын барынша қолдану;
- сөйлеумен қоса жаттығулардың көптеген түрлерін студенттердің бәрімен бірге бірден орындауға мүмкіндік береді.

Сабақта аудиовизуалды құралдарды пайдалану бұл тек көрнекіліктің тағы бір түрі ғана емес. Бұл құралдардың көмегімен оқытуда тіл абстракт дүниеден қарым-қатынастың жанды құралына айналады. Басқа техникалық құралдарға қарағанда аудиовизуалды құралдар тіл меңгерушілердің қабылдау әрекетінде түрлі психикалық үдерістерге түрткі болып, материалға көңіл қою мен оны есте сақтауын арттырады. Тілді шет тілі немесе екінші тіл ретінде оқытуда аудиовизуалды құралдарды пайдалану материалдың 60% есте сақтап қалуына көмектеседі. Есту, көру және сезіну каналдары арқылы қабылданған мәліметтер ұзақ есте сақталады.

Аудиовизуалды құралдармен жұмыс істеудің ішінде бейнефильмдермен жұмыс істеуге тоқталмақпыз.

Әдіскерлер тіл меңгеруде экранды, яғни бейне және кино фильмдерді пайдалану оқушылардың назарын күшейте түсетінін атап айтады. Динамика – шынайы сөйлеудің негізгі қасиеті. Бейнефильмдердегі кейіпкерлердің сөйлеу кезіндегі қозғалысы, бейвербалды амалдары, шынайы жағдаяттардың бәрін динамикада көру, бақылау тіл үйренушілерге үлкен әсер етеді. Бейнефильмдердің ең басты мүмкіндігі екінші немесе шет тілін оқытуда жетісе бермейтін сөйлеу жағдаяттарын табиғи түрде бере алуында. Мұны әдеттегі сабақтың ешбір түрінде жасау мүмкін емес.

Бейнефильмдерді қолданудың әдістемелік мақсаты әртүрлі, алайда оның ішіндегі ең маңыздысы – *түсініп тыңдауға және сөйлеуге үйрету.* Сондай-ақ киноны қолдануды жағдаяттық көрнекіліктің ең жоғары формасы ретінде тануға болады. Бейнемәтіндер тілдік қарым-қатынас актісінің түрлі аспектілерін сипаттай алады.

Біріншіден, олар коммуникативтік жағдаятты толық бейнелей алады. Тіл үйренуші оқиғаның болып жатқан орнын, сөйлеушінің жас, жыныс, психологиялық ерекшеліктеріне сай болып жатқан нақты жағдаятқа байланысты қарым-қатынасқа түсушілердің тілдік және тілдік емес әрекеттерін көздерімен көре алады. Осыған байланысты тіл үйренушінің шынайы жағдаяттағы тілдік әрекеті көбінесе сөйлесуші жұбының әлеуметтік сипатына сай болуы тиіс. Сондықтан оқытуда *әлеуметтік лингвистикалық құзыреттілікті* қалыптастырудың маңызы зор. Бұл құзыреттілікті қалыптастыруда аутентикалық фильмдерді қолдану тиімді нәтиже береді. Екіншіден, көзбен көру белгілі контекстегі нақты мәлімет пен сөйлеудің тілдік ерекшеліктерін жете түсініп, бекітуге көмектеседі. Үшіншіден, бейнематриалдар мәдениетаралық қарым-қатынастың түрлі жағдаяттардағы адамдардың өзін-өзі ұстауы мен мәдениетін салыстыруға және талдауға үлкен мүмкіндік береді. Төртіншіден, тілін оқып

жатқан елдің мәдениеті және әдет-ғұрпымен танысу көзі болып табылады. Бесіншіден, бейне фильмдер оқушыларға эмоционалды әсер ете алады. Бейнематериалдардың оқушыларға психологиялық әсер ету ерекшелігінің арқасында оқушылардың уәжі (мотивация) пайда болады: өзіндік уәж – фильмнің қызықтыруы, екінші, оқушы фильмді түсіне алатынын білгеннен кейін оның әрі қарай тереңірек оқуға деген уәжі жетелейді.

Тілді мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде оқытуда әлеуметтік лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастыру үшін аутентикалық фильмдерді қолдану оқытушыдан үлкен дайындықты талап етеді [4].

- фильмді логикалы түрде аяқталған бірнеше эпизодтарға жіктеу;
- әрбір эпизодқа байланысты кейіпкерлердің сөзін жеке ***картаға*** жазу;
- ол картадағы студенттер білуі тиіс әрбір лексикалық бірліктерді анықтау;
- әлеуметтік лингвистикалық контекстерді саралау;
- жүйелі жаттығулар қатарын жасау;
- студенттердің білуі тиіс және қызықтырады-ау деген үзінділерді өз бетімен оқуға дайындау;

Аутентикалық материалдарды таңдау ұстанымдары:

- студенттердің тіл меңгеру деңгейіне сәйкес болуы тиіс;
- фильмнің мазмұны бойынша талдау кезінде оның білім беру, тәрбие беру және дамыту әлеуеті болуы тиіс;
- фильмде сол кездегі қоғамдық өмір бейнесі болуы қажет;
- фильмде әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік лингвистикалық мәліметтер кең болуы тиіс;
- сондай-ақ фильмде диалогтар, жанды ауызекі сөйлеу көп болғаны студенттерді де қызықтырады.

Аутентикалық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі еңбектерді саралай келе және өз тәжірибемізге сүйене отырып, аутентикалық бейнефильмдермен жұмыс істеу төрт кезеңнен тұратынын көреміз:

- аналитикалық әрекет кезеңі;
- шартты-сөйлеу әрекет кезеңі;
- басқарып отыратын қарым-қатынас кезеңі;
- еркін сөйлеу кезеңі.

Төменде Б. Соқпақбаевтың романы бойынша түсірілген «Менің атым Қожа» фильмінен үзіндіні талдау. Тіл оқытудың В1-В2 кезеңіне арналған.

**1-көрініс**

**Қожа:** – О Сұлтан!
**Сұлтан:** – Чао Бомбино!
**Қожа:** – Чао! Қарай гөр, су жаңа ғой!
**Сұлтан:** – Генеральский!
**Қожа:** – Қайдан алдың?
**Сұлтан:** – Т-с-с
**Қожа:** – Сіресіп киініп алыпсың, қайдан жүрсің?
**Сұлтан:** – Әлемдегі ең биік таудан.
**Қожа:** – Шешін шомылайық!
**Сұлтан:** – Оой, мынау лай суға ма? Мен тамаша жер таптым. Міне! Ал балығы бар ғой мынандай! Аулаймыз ба?
**Қожа:** – Ол қай жер?
**Сұлтан:** – Ескі диірменнен әрі, тоғайда.
**Қожа:** – У-у-у
**Сұлтан:** – Жаяу деп ойлайсың ба? Сен Сұлтанды білмей жүр екенсің. Кеттік пе?
**Қожа:** – Мамам жібермейді.
**Сұлтан:** – Мамасының баласы... Әне, мамаң кетті. Жүгір соңынан. Чао!

**Коммуникативтік жағдайларды талдау картасы**

**Оқиға орны** – өзен жағасы.
Айналада балалар көп, бәрі өзенде шомылып жүр. Ауа-райы – ыстық.
**Уақыты** – оқиға күндіз болып жатыр.
**Коммуниканттар туралы:** Қожа мен Сұлтан. Екеуі де қарапайым ауыл балалары. Қожа мектепте оқиды. Сұлтан оқымайды. Қожа мен Сұлтан арасында келіспеушілік бар.
**Ауызша сөйлесудің тұрақты әлеуметтік ерекшелігі**: жасөспірім достар бірбірімен амандасады, қайдан келе жатқанын сұрайды, бір жаққа баруға ұсыныс жасайды, қай жер, қандай жер анықтайды, бас тартады.

Коммуникативтік жағдайды талдау карточкасын жасап болғаннан кейін әр кейіпкердің карточкасын жасау керек. Онда әр кейіпкер туралы мәліметтер, олардың репликасы, тілдік ерекшеліктері жазылып, олар талдануы керек.

Ал үзіндінің мәтінімен жұмыс жоғарыдағы алгоритм бойынша жасалады. Яғни аутентикалық фильмдермен жұмыс істеуді төрт кезеңге бөліп, әр кезеңнің өзіне тән жаттығуларымен тіл үйренушілердің коммуникативтік құзыреттілігін: мәдениетаралық, әлеуметтік лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастырып, біліктілігін дамытуға бағыттап жұмыс жүргізіледі.

Қорыта келгенде, шет тілін немесе екінші тіл меңгеруде студенттердің түсініп тыңдау қабілетін қалыптастырып, сөйлеуге шығару жолында қолданылатын техникалық құралдардың ішінде аудиовизуалды құрылғылармен жұмыс істеу тиімді нәтижеге қол жеткізеді. Аутентикалық фильмдер мен материалдардағы шынайы коммуникативтік жағдаяттар, олардағы барлық тілдік және тілдік емес амалдардың бәрін көзімен көріп, құлағымен естіп отырған тіл меңгерушінің материалды естіп қабылдауы мен сөйлеуге бейімделуі анағұрлым тез қалыптаспақ. Сонымен қатар тіл үйренушілерге материалды дұрыс меңгертіп және оны өз коммуникативтік қажетіне сай қолдана білуін үйретуде оқытушының кәсіби деңгейі мен біліктілігі маңызды рөл атқарады.

**Қолданылған әдебиеттер:**


1. Медведева С.А. Использование медиатехнологий в процессе обучения аудированию на занятиях иностранным языком.[Электронды ресурс]. http//www.Universitys.ru
2. Щукин А.Н. Обучение иностранным языкам. – М. 2004
3. Гальскова Н.Д. Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. –М. 2004
4. Соколова О.В., Аверьянова В.А. Аутентичный видеофильм как средство формирования социолингвистической компетенции. Новокузнецк. 2009


## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ФИЛОЛОГИЯСЫ АҚТӨБЕ ПЕДАГОГИКАСЫНДА




***Қ.И. Куразова,***
*Облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының әдіскері, ф.ғ.м.*


Қазақ халқының рухани мұрасының мәнін ашу, оны игеруде қазақгың ақын-жазушы-педагогтары еңбектерінің бүгінгілігінің қазіргі кезде маңызы ерекше. Белгілі ғалым-академик Қ.Б.Жарықбаев айтқандай: «Халықтан шыққан үздік ойшыл тәлімгерлер халықтық тәлім-тәрбиеден нәр алып, дамиды. Ал халықтық тәлім-тәрбие ойшылдардың ой-пікірлері арқылы күрделеніп, шырай алып, әрмен қарай дамиды».

Ал қазіргі еліміздің тәуелсіздік алып, өркениетке бет бұрған кезеңінде қазақ ғұламаларының еңбегі бүгінгі білімнің мақсат-мүддесімен үйлесімдік тауып отыр. Осыған орай, жан-жақты жетілген тұлғаларды тәрбиелеу іс-әрекетінде олардың педагогикалық мұраларын кеңінен пайдалану кезек күттірмейтін мәселеге айналуы жаңартылған білімге басты міндет болып та қаралуда. Олардың ғылыми, әдеби еңбектері, педагогикалық көзқарастары білім беру саласында бұдан бұрын да айтылып, жазылып келді, айтылып, жазыла да береді.

Соның ішінде ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың есімі мен еңбегі биылғы мерейлі 150 жылдығында білім саласындағы бар іс-шаралардың басты тақырыптары болғаны белгілі.

Неге мен Ахмет Байтұрсыновты ерекшелеу атаудамын? Ахмет Байтұрсынов ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде

сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы. Ағартушылық басты мақсаты – өз алфавитін жасау, оқулықтар жазу болғанды. Осы мақсатты орындау үстіне ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап – танытқан зерттеуші әрі сол зерттеулерінің негізінде оқулықтар жазғаны белгілі. Бұл мақсат бүгінгі қазақ тілін оқытудағы бағдарламалық білімнің де астарында әлі күн өміршең. Атап айтқанда, «Әдебиет танытқыш» – Ахмет Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалған. Бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынов фольклорлық, әдеби текстерді талдаудың, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама берудің тамаша шебері, әдеби дамудың болашағын көрсете алатын асқан сыншы, өмір, қоғам, адам табиғаты жөнінде терең пікір толғайтын ұлы ойшыл екендігін көрсетеді. Ерекшелігі жазылғанына 70 жыл өткен еңбектің дәл бүгін көкейкесті, актуалды болып отырғандығында. кетеді. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде зерттеу объектісі етіп, қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған. Автор қандай ғылыми еңбектерге сүйенгені туралы мәлімет, дерек келтірмейді. Ең алдымен ғалымның әдебиет теориясы, сыны, тарихы, текстологиясы, жанрлары жөнінде дүниежүзілік әсемдік ойдың негізгі тұжырым, идеяларымен терең таныстығы айқын аңғарылады.

Ағартушы өнер туралы жалпылай мәлімдеп, көркем сөз өнерінің тарауларын жеке-жеке ерекшелеп көрсетіп, сөз өнері, шығарма сөздің ақылға, қиялға, көңілге беретін әсерін анықтап алып, ұғыну, тану, ойлау, ұқсату, бейнелеу, суреттеу, түю, талғаудың айырмасын анықтап, тақырып, жоспар, түр дегендерді түсіндіріп, мазмұн алуандығын әуездеу, әліптеу, пайымдау деп үшке бөледі. Бұларды түсіндіру үшін Абай, Мағжан өлеңдері, М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясы, «Жәнібек батыр» аңыз әңгімесі мысалға алған. А.Байтұрсыновтың бұл еңбектеріне басым тоқталуым-бүгінгі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы әдістememен сабақтастығын жоймаған, және аталған пәндік тәжірибелерден танығандығымнан.

Тұлғаның бүгінгі білім мазмұнында тағы бір құнды еңбегі қазақ тілінің әріптерінің жүйелі тізбегі, қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі - қазақ әліпбиі туралы еңбектері дер едім. Ғалым сауатсыз халықтың болашағын ойлап, жаны күйзелді. Қазақ халқы тұтынып отырған араб алфавитінің теріс жақтарын, кемшілік тұстарын көріп, өзгеріс енгізуді қажет деп санайды. Ол туралы ойын «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» сөйлеген сөзінде айтады. А.Байтұрсыновтың ойынша, жақсы әліпбидің мынадай қасиеттері болу керек: жақсы әліпби тілге шақ болу керек; әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс; жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс. Ағартушының сол кезде айтқан сындарлы пікірі бүгінгі әліпби аясындағы істерге сай келуде екенін жалпы тіл жанашырлары мен білім саласындағы мамандар қауымы біледі.

Осы бағытта Ахмет Байтұрсынов филологиясы Ақтөбе педагогикасында да дер едім. Ал Ақтөбе филологиясы дегенде профессор, түркітанушы, педагог Құдайберген Жұбанов бірінші болып аталары сөзсіз. Құдайберген Қуанұлы осы Ахмет ұстаз жазған «Оқу құралымен» ауыл мектебінде сауат ашқан ұрпақтардың алғашқы толқыны қатарына жатады екен. Қазақ фонетика мәселелерін арнаулы жүйеге салып зерттеу кезеңі Құдайберген Жұбановтан басталады. Профессор Қ.Жұбанов қазақ лингвистикасының ірге тасын қалаушылардың бірі болды. Ол қазақ фонетикасының бір топ мәселелері (атап айтқанда - тіл дыбыстарының фонологиясы мен жіктелуі, дыбыстардың өзгеру құбылысы, үндестік заң, сөздің буын құрылысы және акцентуация саласы) жөнінде зерттеу жүргізіп, олар туралы белгілі шешімге келеді. [7, 169 б.] Осы зерттеулерінде ол А.Байтұрсыновтың тұжырымды талдауларын дамыта түседі. Екі тұлға арасындағы тағы бір байланыс Ах-

мет Байтұрсынов 1934 жылы ГУЛАГ жүйесінің лагерінен босанып, Алматыға оралады. Алайда Алаш азаматтарын жау көруден танбағандар ұстаздың ілім-білім саласында қызмет істеуіне де, ғылымдағы өзіне тиесілі орнын алуына да мүмкіндік бермеген екен. Сонау қиын шақта профессор Құдайберген Жұбанов тағдыр талқысына ұшыраған ұлы ұстазға материалдық және моральдық жәрдем көрсетіп тұрған екен. Бұл да болса екі тұлғаның халықтық-педагогикалық үндестігі дер едім.

Ахмет Байтұрсынов филологиясы Ақтөбе педагогикасында педагог Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алып, бүгінгі күн облыстың озық әдістемесі және тағылымды тәжірибесіне айналып келеді. Ағартушы еңбектері мен есімі 150 жылдық іс-шаралары барысында тереңірек танылды десем де болады.

Облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы Баишев университеті «Рухани жаңғыру» институтымен бірлесіп 17 ақпан күні жалпы орта білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің арасында «Тұлға тағылымы» атты ақын өмірі мен шығармаларына бағытталған ұстаздар арасында эссе жазу, жыр мүшайрасы байқауын өткізді.

Байқаудың мақсаты қазақ халқының әлеуметтік, саяси, мәдени, тарихи өмірінде орны айрықша зор тұлға ақын, қоғам қайраткері, педагог-ұстаз А.Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына орай өткізілетін «Тұлға тағылымы» атты облыстық байқаудың мақсаты туғанына 150 жыл толуына орай, «ұлт ұстазы» атанған ақын шығармаларының көркемдік ерекшелігіне талдау жасау, педагогтердің кәсіби-педагогикалық шығармашылығын шыңдау және шығармашылықпен жұмыс жасайтын креативті педагогтерді анықтау.

Байқауға облыстың қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасынан барлығы 200-дей сұраныс келіп түсті. Эссе байқауы сырттай өтсе, мүшайраға сұраныс берген ұстаздар өлең-арнауларын шаршы топта оқыды. Мүшайраға Ази Есентүгел Аманкелдіұлы - айтыскер ақын, мәдениеттанушы ғалым, Баишев университеті "Рухани жаңғыру" институтының директоры, Тілеулесов Талғат Бұрханұлы - Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, С. Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы директорының орынбасары, Самат Есенқұлұлы Нарегеев - Облыстық «Ақтөбе» газетінің тілшісі, ҚР Журналистер одағының мүшесі қазылық етті.

Жеңімпаздар Облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы мен Баишев университетінің ректорының Дипломдары мен Алғыс хаттарымен марапатталды.

Қорыта келе айтарым, ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов педагогикалық еңбектерінде дүниежүзілік және орыс әдебиеттану ғылымындағы жаңалықтардың бәрін жетік біліп, оны өз тәжірибесінде қолданып, насихаттады. Бүгінгі қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ағартушы еңбектері білім мазмұнында озық әдістеме және тағылымды тәжірибе болып педагогтер игілігіне айнала берері хақ.

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

***А.А. Жалмұқанова,***
*Ойыл ауданы,*
*Теректі негізгі мектебі*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Қазақ халқының рухани көсемі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы есімі қазақ үшін қасиетті есім. Ол өзінің емес, өз ұлтының бағы жануы үшін жан аямай еңбек еткен тұлға. Өмірдің барлық саласына араласты, бар салаға қалам тербеді. Соның ішінде, публицистика саласында замана шындығын жаза білді. Қазақстандағы публицистика саласының ең бір шарықтаған кезі 20 ғасырдың басы болып табылады. Себебі, бұл кезең Қазақстандағы саяси ахуалдың шиеленіскен ғасыры. Алаш зиялыларының ішінде публицистика саласында ең бір өзекті мәселелерді атап өткен публицичт ғалымдардың бірі - Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахмет Байтұрсынұлын Мұхтар Әуезов «оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған» дей келе, «... кейінгі жас буын Ақаң салған өрнекті біліп, Ахаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ахаңның бұл істеген қызметі қазақтың ұзынырғақ тарихымен жалғасып кететін қызмет істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш», - жазған болатын. Мұны біз Байтұрсынұлының алғашқы мақаласынан байқай аламыз. 1913 жылы «Қазақ» газетінің №1 санында «Хурметлу окушылар» атты мақаласында газеттің қоғам өмірінде атқарар рөлін айқындайды. Онда газет атқарар «қасиетті саралаған: әуелі газета халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Бүтін дүния жүзіндегі халықтар газета арқылы дүнияда болып жатқан сөздер кімге пайдалы, кімге зардалы екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса шаттанып, зарарлары болса сақталып тұрды...» деген болатын.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ғылымына сіңірген еңбегі орасан зор. Мәселен, зерттейтін салаларының негізгі терминдеріне қазақ тіліндегі баламасын дәлме-дәл бере білген. Ол музыканы әуез, афоризімді ділмәрсөз, публицистиканы көсемсөз деп атаған. Ал, өзі айтқандай, көсемсөз- өнер атаулының алды. Осы негізге сүйене отырып, біз Ахаңды «көсемсөздің» атасы дей аламыз. Бұлай атауымыздың себебін, оның зерттеулерінен түбегейлі түрде көз жеткіземіз. 1914 жылы «Қазақ» газетіне жариялаған «Аңдаспаған мәселе турасында» мақаласында жерге қатысты түйіткілді мәселені тілге тиек еткен болаты. Мақаласында «Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры – жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі я өлі болу мәселесі. Бұл турасында түсініп жетпей қаталасып, қазақты теріс жолға салғанымыз – 5 млн. адамның обалын мойынымызға жүктегеніміз. Сондықтан бұл турада қазаққа ақыл айтқанымыз, қазақты һәм басқалар да қате ұқпастай етіп, анықтап ашып сөйлегеніміз абзал...», -дейді.

Мінекей, күллі қазақтың сауатын ашу, көзін ашып, көкірегін оятуда сындарлы сөздерін құнды ойымен жалғаған, енді бірде туған жердің топырағын тәу етіп, байтақ даланың өзгенің жетегінде кетпеуіне ұранды сөзімен қасқая қарсы тұрған ұлттың ұлысын көреміз. Бұл әрине, іргесі берік, бірлігі бекем елді көксеген ұлтжандылықтың ұраны.

Ғалым Ахмет Байтұрсынұлының барлық мақалалары - мешеу қалған халқының шаруашылығын, мәдениетін ілгері сүйреуді мақсат етіп қойған, халқының қамын ойлап, түн ұйқысын төрт бөлген от жалынды қоғам қайраткерінің, білікті ғалымның, көсемсөз атасының келешек буынға қалдырып кеткен баға жетпес мұрасы.

# ТӘРЖІМАДАН ТУҒАН ТӨЛ ТУЫНДЫ

***А. Бекмурзина,***
*Қорғантұз ЖОББМ,*
*Шалқар ауданы*

Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығының сүбелі салаларының бірі – поэзия. Бұл – негізінен замана талабы, уақыт сұрамынан туындаған, дәуір жүгін арқалаған творчестволық ізденіс жемісі. Жалпы қазақ әдебиеті XX ғасырдың бас кезеңіне дейінгі аралықта жазба әдебиетте қара сөзбен бірді - екілі дүниелер ғана болмаса, негізінен поэтикалық туындылар арқылы көрінеді. Бұған негіз өлеңнің оқырман мен тыңдарман жүрегіне жылы ұялар қасиеті, ойдың ұшқырлығы мен жинақылығы болса керек. Ел азаттығы жолындағы күрескер, білімге, «жарық күнге» үндеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алғашқы жүрекжарды туындыларында осынау тәсілді таңдап алуы – уақыт үніне сай болуды көздеуден туған шара. Бірақ көңіл аударар, назар салар, зерттеушілік құлықты қажетсінер бір мәселе – Ахаңның басқалардан өзгерек өзіндік жол табуы. Бұл – оның тұңғыш жинағының түгелдей аудармалардан тұруы. Орыстың атақты мысалшысы И.А.Крылов творчествосына зер сала үңілген ақын, оның көптеген шығармаларынан өзінің ділгір қажеттілігін тауып, «Қырық мысал» деген атпен аудармаларын 1909 жылы Петерборда бастырып шығарды. Бірақ Ахаң Крылов мысалдарына әрдайым айналып соғып отырған. 1911 жылы Орынборда шыққан «Маса» өлеңдер жинағына Крыловтан аударған үш мысалының енуі – бұған дәлел.

Ұлы Абайдан кейін Крылов мысалдарынан ой асылын теріп, өз халқының наным – түсінігіне, тұрмыс – тіршілігіне ыңғайлы етіп аударып, өзінің төл туындысындай қабылдатқан, Крылов мысалдарының қат – қабат астарына терең бойлай білген бірден – бір аудармашы – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол жанр табиғатын терең таныды. Отарлық езгідегі бұратана халықтың ауыр өмірін, мұң – зарын суреттеумен жеткізуде, одан құтылудың жолын меңзеуде мысал таптырмайтын құрал болатын – ды. Ахмет елді оянуға шақырып, қазақ оқырмандарына ой салу мақсатын көздей отырып, мысалдарына неғұрлым әлеуметтік – саяси мән мазмұн беруге тырысты. Сондықтан да Крылов мысалдарындағы өмірден алынған, шымырлаған шындық, ой мен идея Ахаңның қиялынтербеп, ойына ой қосып, аудармадан туған төл туындысына заманалық, уақыт мінбесінен айтылған өткір де өміршең ойларын жыр жолдарына түсіруге жетеледі.

Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Бұрынғы ескі - ертегі, химия үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударды.

Бір жағынан, қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет - жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді.

*Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,*
*Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,*
*Тартады аққу көкке, шаян кейін*
*Жұлқиды суға қарай шортан шіркін.*

Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп - төгіліп тұр. Ендігі кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады.

Крылов мысалдары түпнұсқада поэзиялық шығарма емес. Ол жайында М. Әуезов былай дейді: «Орыс әдебиетінде мысал\басня\ өлең\стих\ емес. Ол өзі бөлекше жанр. Оның жол өлшеулері өлеңге тән өзгешеліктей болып, шумаққа да бөлінбейді. Әр кезде сөйлеп айтатын ауызша әңгіме, халықтық әңгіменің нақышты, ырғақты, қара сөзіне бейім келеді. Қысқа қайырылған, өте мазмұнды жауаптасу, қағысулар оқиғалы желіге құрылады»

Осы ерекшеліктерді орыс зерттеушілері де атап өтеді: «Мысалды Крылов тыңдарманға бағытталған, көпшілікке арналған ауызекі жанр деп қараған. П. Вяземский Дмитриев осы мысалдарын жазады, Крылов оларды әңгімелейді деген болатын»

А. Крыловты аударған қазақ аудармашыларының бәрі, оның ішінде А. Байтұрсынұлы да, оның осы ерекшелігін сақтамаған. Аударған сәтте орыс әдебиетінің өзіндік ерешелігі бар жанры қазақша бөлекше сипат алып шыға келеді, тіпті баяндау, жеткізілу формасының өзі өзгеріске ұшыраған.

Ол жайында пікір толғаған сыншы Белинский Крыловтың мысалдарын ешқандай да шет жұрт тіліне аудару мүмкін емес, оларды тек қайта жасауға болады деп білген. Ендеше, Белинскийдің осы пікірі Крылов мысалдарын аударған Ахметке де қатысты айтылғандай. Ахмет мысалдарды қазақы даналыққа толы ой – сана сүзгісінен өткізіп, өзіне дейінгі әдебиет әдебиет үлгілерінің бай дәстүрінің ең ыңғайлы, ең өтімді формасымен жырлаған. Сондықтан да Ахмет – ақын, Крылов мысалдарын қазақтың төрт жолдан тұратын он бір буынды қара өлеңімен қайта жазып шығарған. Яғни, Крыловтық әңгімелеу диалогтық құрылымға поэзиялық әр беріп, образға жан бітірген.

Екіншіден, Байтұрсынұлы өз аудармаларында Крылов ұсынған композицияларды сақтай бермейді. Бұл әсіресе мысалдың басталуы мен аяқталуынан айқын көзге шалынады. Сондықтан да Ахмет мысалдарында жалпы ой жетекке алынып, сақталынғанымен, сипаттау, баяндау тәсілі өзгеше. Оған накты дәлел – «Кісі мен аю» мысалы. Жол сандары да қарайлас, Крыловта – 61, Ахметте – 68. Оқиғаның дамуы, шарықтауы, шешімі, аяқталуы – бәрі ұқсас. Бірақ Байтұрсынұлы мысалының басты екі айырмашылығы бар. Алдымен, мысал мазмұнын қазақ құлағына сіңісті ертегі тектес уақиға етіп жеткізеді.

Крылов мысалдарында көбіне қорытынды мораль жеке бөлініп айтылмайды. Ахмет әрбір мысалдың соңынан үнемі ой – пікірін тұжырымдап, ғибрат айтып отырады. Осы құбылысқа ойлана қарасақ, Ахмет мысалдарының екі бөлімнен тұратындығын байқаймыз. Біріншісінде оқиға бағдары, кейіпкер әрекеті баяндалса, екіншісінде қорытынды түйін, мораль беріледі. Сондықтан да әрбір мысалға ақындық қатынас, шығарушының мақсаты айқындала түседі. Мұның өзі Ахмет мысалдарының бірін – бірі толықтырар, бір – бірімен сабақтас екі бөліктен тұрар толыққанды дүние екенлігін танытса керек. Атақты Лафонтен де осыныжақтаған. Оның «Тело есть басня, душа – мораль» деп кесіп пікір айтуы бұған куә.

Крылов мысалдарының Ахмет аудармасын төл туындымыз деуге үшінші негіз – олар қазақ өміріне бейімделіп, сахара тіршілігіне сай үйлестірілуінде. Қазақ тұрмысына сай емес образдар мен есімдер халқымызға тән бейнелермен ауыстырылған. Бұған дәлел өте көп.

Ахмет туындыларын төл дүниеміз ретінде тануымызға толық хақымыз бар. Өйткені олардың мазмұны Крыловтікі болғанымен, ой сонылығы, баяндау әдісі, құрылысы, табиғаты тыңнан табылған төл шығармадай етіп жазылған.

Жалпы Ахмет Байтұрсынұлының өлең аудармаларынан біз мынадай нәрселерді түйіндеуге тиіспіз. Біріншіден, Ахмет Байтұрсынұлының орыс тілін жетік білетінін: оның бүкіл қыр – сырын меңгергенінің куәсі болғандаймыз. Орыстың әдеби көркем тілініңтабиғи болмысын терең меңгерген, қазақ тіліндегі баламасын дәл тани білген. Екіншіден: ол орыс поэзиясының қадір – қасиетін қастерлей біліп, Абайдан кейінгі дәуірде сол кемеңгер ақын негізін қалаған дәстүрді дамыта түскен, сөйтіп, қазақ әдебиеті тарихында көркем аударма саласын жетілдіруге өзіндік өлшеусіз үлес қосқан. Мәселеге уақыт тұрғысынан қарай отырып, шығармалардың қай кезде, қандай жағдайда тәржімеленгенін ескере отырып, Ахмет Байтұрсынұлының әлемдегі ұлы аудармашылардың бірі екендігіне еш күмән болмаса керек. Арпалысқа толы тағдыр болмаса, кенеттен қиылған ғұмыр болмаса, Ахаң салған айшығы жарқыраған қаншама жауһар дүниелер оқырман азығына, туған халқының көз – қуанышына айналар еді.

Ұлы ағартушы-ақын қазаққа білімсіздіктің, қараңғылықтың қаншалықты ауыр кесел екендігін барынша ұғындыра түсу үшін аударманы мақсатты қолданғаны көрініп тұр. Ол орыс мысалшысының өлеңіндегі маймылдың надандығын, қараңғылығын қазаққа кемтар, ештеңеге жарамсыз, масыл бейнесінде жеткізеді. С.Торайғыров қараңғылықпен «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам» деп күрессе, ағартушы-ұстаз Ахаң халқына білімсіздіктің нағыз кемтарлық екенін мықтап ұғындырғысы келеді. Өз қаламынан туған шығармасы, аудармасы арқылы

мәселені бұлай қоюы, елді білім алуға үндеуі – ұлы ағартушының өмірлік мақсатына, азаматтық ұстанымына, ұлт ұстазының міндетіне толық сәйкес келеді.

Сондай-ақ «Қырық мысалдағы» «ауырмалдық», «ғамалдас», «қайсарып», «қоршалап», «тауықшы», «хана» сөздерінің мағынасы оқушыға түсінікті болса да, қолданысы ерекше. Ахаң түрлеген ана тіліміз оның алашына қалдырған асыл мұрасына мұқият үңілген сайын тағы да байып, түрлене түсеріне еш күмәніміз жоқ. Бұл тұрғыдан келгенде Ахаңның шығармашылығын, оның еңбектерін әлі де жан - жақты зерттеу қажеттілігі еш дау туғызбайды. Халқына қалтқысыз қызмет етіп, сөз сырына, тіл табиғатына терең бойлай білген ғұлама ғалымның құнды мұрасын аса ыждағаттылықпен зерделеу әр Ахметтанушы маманның алдындағы зор міндет болып қала береді.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ТУРАЛЫ

***А. Бисенова,***
*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетініңстуденті*

Адамзат мәдениеті тарихында алфавит пен жазудың маңызы ерекше. Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу - өткен мен бүгінгіні, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Ал жазудың өзгертілуі сол халықтың мәдени өміріне, әлеуметтік психологиясына әсер етеді. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауынан қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан алфавит пен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн деп білеміз. Осы орайда, қазақ жазуы тарихында алғашқы түрен салушы, қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынов есімін құрметпен еске аламыз. Өз кезеңінде «Қазақтың Ахаңы» деген мәртебелі атқа ие болған Ахмет Байтұрсынұлының ұлтына сіңірген ұланғайыр еңбегі әр саладан көрінеді. Мәселен, ол – ең бірінші, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуынакөп күш жұмсаған ағартушы, ең алғашқы «Әліппе»оқулығының авторы, екіншіден, қазақтыңәлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері, үшіншіден, өнер иесі – ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де зерттеген ғалым және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға.

Ұзақ ғасырлар бойы қолданыста болған араб жазуының халықты тез әрі жаппай сауаттандыру жолында бірқатар кедергілері мен қиындықтары болды және араб әліпбиін пайдаланған күллі түркі халқы ортақ орфографиялық заңдылыққа бағынған болатын. Ал бұндай жазуды ұлттық деңгейге көтерудің ең басты тәсілі ретінде А. Байтұрсынұлы араб әліпбиінқазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес реформалау деп білді, осылайша ұзақ ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан араб графикасына өзгеріс енгізу идеясын алғаш көтеріп, оны іс жүзінде реформалады. Араб жазуын реформалауға түрткі болған ең басты себептер мыналар еді: бір дыбыс бірнеше әріптермен жазыла беретін, дауысты дыбыстар көп жағдайда таңбаланбай, араб тілінің заңдылығына сәйкес харакаттар арқылы берілетін, қазақ тіліндегі тоғыз дауыстыға үш таңба (а, у, и) ғана арналған болатын. Міне осымен байланысты жазылған сөздің мағынасын ажыратуда қиындықтар мен кедергілер көп еді және дауыстыларды таңбалайтын әріптер жеткіліксіз болатын. Араб әліпбиіндегі осындай кемшіліктер халықты сауаттандыру ісін

тежеді. Бұл қиындықтарды шешудің жолын тауып, ұлттық әліпбиді құрастырған және ана тілінде сауат ашудың ең тиімді құралын жасап шыққан А. Байтұрсынұлы болды. Ахмет Байтұрсынұлы оқу жүйесіне де түбегейлі реформа жасады. Өйткені соған дейінгі оқыту жүйесі таза араб тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне негізделіп, құран сүрелерін жаттауға бағытталатын жәнежазба тіл араб, парсы, түркі тілдерінің грамматикалық ерекшеліктеріне сүйенетін. Қарапайым халықтың ұғынуына қиын тиетін бұл оқыту жүйесін ұлттық, жалпыхалықтық деңгейге көтеріп, «жаңа (жәдид) бағытта» дамытқан А. Байтұрсынұлы болды.

А. Байтұрсынұлы әліпбиі, яғни төте жазу 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгені белгілі. Төте жазудыңең басты ерекшелігі мыналар еді:

- қазақ тіліне сәйкес келмейтін басы артық әріптерді әліпби құрамынан алып тастады;
- араб жазу заңдылығына тән диакритикалық белгілер қолданылмады;
-дауыстылар жүйесі қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес таңбаланды.

А. Байтұрсынұлы әліпбиінде 24 әріп, 1 дәйекше белгісі болды. Дәйекше қойылмаған сөз жуан, дәйекше қойылған сөз жіңішке болып оқылатын. Яғни үш ақ дауыстысы бар араб әліпбиін, қазақ тілінің үндестік заңына сүйене отырып, еш қиындықсыз қазақ жазуына ыңғайлады.

Ұзақ ғасырлар бойы қолданыста болған араб жазу жүйесі негізінен үш түрлі сатыда қызмет етті: қадим, жәдид, төте жазу. Осылардың ішінде төте жазу, яғни А. Байтұрсынұлының әліпбиі ана тілінде сауат ашудың ең тиімді құралы болды.

## ҰЛТ ҰСТАЗЫ

***Г.С. Даулетова,***
*Ақтөбе қаласы,*
*«Бөлтірік» балабақшасы,*
*тәрбиеші*

Ахмет Байтұрсыновтың азамат, қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен XX ғасырдың оң жақ, бұл жағындағы қоғам дамуы мен оның қайшылықтары, ұлт аймақтарындағы өзгенің күшеюі, сол уақыттағы қазақ халқының тағдыры жөнінде ой қорытудан бастады.

Ғасырдың басында *«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. ...Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман»* - деп жазды реформатор-ғалым өзінің тіл туралы зерттеу мақаласында. Сондықтан ол қазақ әліпбиін түзеп, түрлеудің, ана тілінде оқулықтарды жазудың мәні зор екенін ғасыр басында қоғами ахуалмен байланыстыра отырып, аса жауапты жұмысты қолға алған. Реформаланған араб жазуы негізіндегі қазақ әліпбиінің өз кезінде қазақ халқының мәдени дүниесінде зор серпілістер әкелгенін, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына ықпал еткені туралы замандастары жарыса жазды.

А.Байтұрсынұлы ұлт жазуының таңбасын алуда аса сақтықпен «қазақ ұлтының болмысын жоғалтпайтын, дыбыстық ерекшеліктерін бере алатын, әрі ислам дінінің уағызы арқылы келген араб графикасын таңдады. Сонымен қатар, ежелден келе жатқан қадим жазуындағы дала ғұламаларының зерттемелерін де негізге алды. Қазіргі қазақ филологиясы ғылымында ғалым-реформатор, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы туралы тіл саласында бірнеше зерттеу еңбектер жазылды. Атап айтсақ, 1991- жылы Ө.Айтбаев «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қазақ тілінде қалыптасуы мен дамуы» (докторлық диссертация), 1994-ші жылы Н.Машқанова «АхметБайтұрсынұлы – қазақ жазуының реформаторы», 1995-ші жылы А.Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы», 2005-ші жылы Қ.Ибраймов «Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері» атты кандидаттық зерттеу жұмыстарын жазды.

Тілші-мамандар өз еңбектерінде тіл саласындағы ғалым жүйелеген категорияларды бүгінгі таныммен байланыстыра қарастырды. Зерттеушілер А.Байтұрсынұлының айшықтары мен тұжырымдамаларын қазақ тіл білімінің бастауы деп таныды.

Ахмет Байтұрсынұлын үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы- ағартушылық идеясы болды. Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл форманы мықтап ұстауға итермелеген- оның туған халқының тағдырын ойлаған .ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамы жатқан отар ел болатын.Халқы үшін сол кезде қаққан ойшылдардың көзімен көріп, сөзімен айтқанда, бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайығы қалтылдақ, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін, амал- әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу, «наландық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық сипаты».

Халықты ағарту мектептен, баладан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын, ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу- білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді.

Ахмет Байтұрсынов шығармашылығының тартымдылығы оның нақты ойластырылған жалпы философиялық жүйені әзірлеуінде ғана емес, сонымен қатар оның шығармаларында алғаш рет этикалық философияның негізгі ережелері мен принциптері нақты тұжырымдалуында.

Біз Ұлы даланың - ұлы тұлғаларының мұрагерлері мен ұрпақтары ретінде бүкіл түркі әлемі үшін мақтаныш туын биік ұстауымыз керек және өз тарихымызды шиеленістермен, түсінбеушіліктермен, надандықтармен және азғындықпен ұятқа қалдырмауымыз керек.

## АХАҢНЫҢ АРМАНЫ ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЕДІ...

***Н.Т. Елеуханова***
*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенті*

Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі, ақын, аудармашы, педагог-ағартушы, публицист, қоғам қайраткері, лингвист, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі.

ХХ ғасыр табалдырығын қазақ халқы жерінен айырылып, шаруашылығы күйзеліп, білім нәріне қанбай, санасын ұйқы басып, елдігінен айырылып, мемлекеттік қалпын жоғалтып, дауыл алдындағы тымырсықтай түнеріп аттады. Сол тұстағы қазақ қоғамында өткенді аңдап, алдын болжаған озық ойлы азаматтарды, жалпы «халқым, ұлтым» деген адамды ойландырған басты ой арнасы үш мәселеден бастау алады. Жер-ата-қоныс ғасырлар бойы сыртқы даудан қорғауда сан ұрпақтың қаны тамған, бүкіл тіршіліктің тірегі, одан айырылу ел ретіндегі тарихтың сахынасынан кетумен тең еді. Оқу – ұлттық сананың ояну негізі болса, одан ана тілі нәр алмау халық ретіндегі сан ғасырлық салт-сананың жиынтық болмысынан айырылу, сөйтіп, ұлттық алтын тамырдан қол үзіп, оянудың жолын қараңғы түнекке апарып тіреу еді. Ал патшалық отаршылдық саясаттың қыспағынан бірліктен айырылған, өзін-өзі билеуден қалған ел ұлы дамудың өркениетті жолына ығысып, құлдықтың құрдымына

қарай жол тартқан болатын. Міне, осынау жойылудың осынау құрбандықтың үш үлкен мәселесі қазақ азаматтарын бірігуге, күш біріктіруге, сөйтіп, саяси күрес жолына шығуға жұмылдырды.

Дана өз заманасынан озық туады, тозық елді озық етемін деп халқының алдына шығып, өрге сүйрейді, жолында тұрған кесапаттарды өңменінен түйрейді. Ол отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін халықты оқыту керек екенін түсінді. Осы жолда газет шығарып, мақала жазып, ұйқыдағы ұлтын оятып, замана аңғарын түсіндірді, өлең жазып, мақсат-мүддесін танытты.

1911 жылы Орынборда жарық көрген «Маса» - Ахмет Байтұрсынұлының төл өлеңдерінің топтамасы...Халық тағдырына жаны күйіп, оны ұйқысынан оятуға, серпілтіп, жігерлендіріп, алға жетелеуге күш салған азаматтың үні естіледі.

Ол күрескен кесапаттар – надандық, қараңғылық, кертартпалық, отаршылдық, қазақ халқының тілі, діні, ділі. Осы надан, қараңғы, ұйқыда жатқан халықты маса болып ызыңдап шағып оятуға бар күш-жігерін жұмсайды.

«Ата-бабаларымыз аңсаған азаттық пен тәуелсіздікті алдық. Ендігі мәселе – соны ертеңге жеткізу, келесі ұрпаққа, болашаққа Қазақстанның осы тәуелсіздігін аманаттау» деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай, қазіргі біздің осындай бейбітшілікте өмір сүріп, өзіміздің тілімізде сөйлеп, дінімізді ұстануымыз, басқа елге тәуелді болмай, еркін өмір сүруіміз, «ұлтым-арым, халқым-жаным» деп өткен осындай арыстарымыздың арқасында. Сондықтан әрқашан да ұлы тұлғаларымыздың аруағына тағзым етуіміз керек.

Қазақ интеллигенциясының Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов т.б. дара тұлғаларының саяси өмір сахнасына шығуы Қазақстанда қоғамдық-саяси, мәдени ойдың дамып, нығаюына елеулі үлес қосты. Олар қазақ даласында тұңғыш дербес саяси партия «Алаш» партиясын құрды. Бұл партия халықтың алдыңғы қатарлы бөлігінің көзқарасын білдірді. Негізінен ағартушылық, саяси оқиғаларды және олардың халық өміріне әсерін түсіндіру жұмыстарына баса көңіл бөлді.

«Алаш» туының астында
Куә болсын Арымыз!
Көркейтуге Алашты
Құрбандық біздің жанымыз!

Жасасын, Алаш, жасасын! – деп С.Торайғыров өткен ғасырдың басында “Алаш» қозғалысы жайлы тебірене жырлап, тек жеке басының пікірін ғана емес, сол кездегі қазақ қоғамының көңіл-күйін білдірді. Тарих бетін парақтасақ, ұлт тағдырын, халық қамын жете ойлаған Алаш арыстары қызыл империяға қарсы қаймықпай күресіп, тәуелсіздік үшін жандарын құрбан еткен болатын. А. Байтұрсынұлы осы «Алаш» партиясы басшыларының әрі көсемінің бірі болды, Қазақ АКСР-ін құруға елеулі үлес қосты. Қазақ АКСР-і құрылған соң үкімет құрамына кіріп, оқу-ағарту халық комиссары болып жұмыс істеді.

А.Байтұрсынұлы тілтану мен әдебиет зерттеу жөнінде бірқатар еңбектер жазды. Қазақ жазуына реформа жүргізудің қағидаларын белгілеп, бірінші қазақ әліппесінің авторы атанды. Қазақ жазуына реформа жасаудың ол ұсынған жобасы прогресшіл зиялылардың арасында қолдау тауып, 1924 жылы ресми түрде қабылданды. 1929 жылы ешбір негізсіз тұтқындалып, түрмеде отырды, соңынан Архангельскіге жер аударылды. 1934 жылы М. Горький мен оның әйелі

Е. П. Пешковалардың араласуымен, Халықаралық Қызыл Крест ұйымының көмегімен босатылды. Алаш қозғалысының көсемі ретінде "халық жауы" деп атылған А.Байтұрсынұлының есімі де, шығармалары да көпке дейін жұртшылық үшін жабық болды. Тек тәуелсіз Қазақстан жағдайында ғана ақынның шығармалары жарық көрді, мұралары зерттеле бастады. 1937 жылы тұтқындалып, ату жазасына бұйырылды. 1988 жылы ақталды.

Қостанайда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Мемлекеттік университеттің бастамасы бойынша (сол кездегі ректоры марқұм Зұлқайнар Алдамжаров) Ахаң күндері өтті. Қостанайдың ең мәртебелі көшелерінің біріндегі «Советская» деген сөз алынып тасталып, «Ахмет Байтұрсынұлы көшесі» деген сөз салтанатты түрде шегеленді. Бұрынғы облыстық атқару комитеті ғимараты алдындағы алаңда тұрған бір ғасырдай сананы билеп, өзіне жарты әлемді бас идіріп

келген Лениннің мүсіні тұғырынан алынып, орнына Ахмет Байтұрсынұлына ескерткіш орнатылатындығы жазылған белгі тас қойылды (кейін ескерткіші орнатылды).

Осындай ел игілігі үшін күрескен ірі тұлғаны тарих та, халқы да ешқашан ұмытпайды.

Түйін: «Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. 1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы атты мемлекет – сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы. Біз осы мемлекетті көздің қарашығындай сақтауымыз керек» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтып кеткендей, Ахмет Байтұрсынұлы абақтыға жабылып, атылғанымен, оның артына қалдырған асыл сөздері мен арман арқалаған ойлары ел жадында, халық жүрегінде мәңгі сақталады. Кейінгі ұрпақ оның істерін жалғастыруда, оның армандаған тілектері жүзеге асырылуда. Себебі, ұлы даланың біз сияқты перзенттері Қазақ елін қазірде өркениетті елдер қатарына қосып, мәдениетінің жоғары дәрежеде дамуына өз үлестерін қосуда.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ АЗАМАТЫ

***Б. Әбілғазы,***
*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенті*

Тұтас буынның төлбасы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, түрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынов қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабындағы, Сартүбек деген жерде ел арасында беделді, қайратты кісі Шошақұлы Байтұрсын шаңырағында 1873 жылы 18 қаңтарда дүниеге келген.

Әкесі Байтұрсын мен оның інісі Ақтас қорлық-зорлыққа шыдамай, 1885 жылы 12 қазанда ояз начальнигі Яковлевтің басын жарып жібереді. Мұның арты – дүние-мүлікті тартып алу, түрме, абақты, Сібірге 15 жылға жер аударылумен аяқталды.

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары әуелі көзіқарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныптық орысша-қазақша училищеде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады.

1895 жылдың 1 маусымынан бастап мұғалім болады: Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады, әділет үшін күреседі, байларға қарсылық білдіреді, патшаның отаршылдық саясатын айыптайды. Кейін екі сыныптық мектептерде ұстаз бола жүріп, 1901 жылдан бастап қолы бос кездерде өзі ізденіп, сан алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жинайды. Ел ішінде оқыған, еркін мінезді батыл ойшылдың бедел, атағы өсе бастайды. Ахмет 1909 жылы 1 шілде күні Семей абақтысына алынып, сотсыз, үкімсіз 8 ай бойы азап-қорлық көріп, торығады, қиналып ширайды, күреске белді бекем буады. Бостандық аңсаған, күреске шақырған өлеңдер жазады. Ақыры Қазақстанда тұру құқынан айырылғандықтан, 1910 жылы 21 ақпанда түрмеден шығып, наурыз айында Орынбор қаласына келеді. Бұдан кейін Ахмет Байтұрсынов өміріндегі ең күрделі, қызықты, қажырлы кезеңдер басталып кетеді. 1913-1918 жылдар арасында "Қазақ» газетінде редактор болып, орасан зор әлеуметтік-тарихи қызмет атқарады, халық өмірінің сан-алуан көкейкесті мәселелерін көтереді, елді прогреске, өнер-білімге үндейді.

Алаш қозғалысы тұсында 1918 – 1919 жылдары Ахмет Байтұрсынов жаңа өткел, соны өріс іздейді. Ұлт азаттығы жолындағы күрес басшыларының бірі болады. Азапты толғаныс, күрес революциясынан өтіп барып, 1919 жылдың наурыз айында бұрынғы ұлт интеллигенциясының кейбір өкілдерін өзімен бірге алып, қазақ халқының мүддесі үшін қызмет етеді деген үмітпен Кеңес өкі-

меті жағына өтеді. Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери революциялық Комитеттің мүшесі ретінде оның жұмысына белсене араласады.

Ахмет Байтұрсыновтың ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері өз заманында аса жоғары бағаланған. Қазақ ортасы, түркі әлемі ғана емес, орыс ғалымдары берген тарихи тұжырымдардың орны ерекше. Кезінде Ахмет Байтұрсынов, оның ғылыми еңбектері туралы орыс ғалымдары жағымды пікірлер айтқан болатын. М.Дулатовтың «Ахмет Байтұрсынұлы»мақаласындағы тарихи фактілер, деректер күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Мақалада тұңғыш рет ақын, ғалым, публицист, қоғам қайраткерінің туған уақыты, кіндік қаны тамған жері, ол ортаның басты сипаттары, білім алған ошақтары, қызмет еткен орындары, әлеуметтік қызметтері, саяси-қоғамдық көзқарастарының өзгеруі, сан алуан эволюциясы жан-жақты ашылып берілген. Ал екінші мақалада А.Байтұрсыновтың ғылыми еңбектерін, әсіресе тіл саласында ендірген жаңалықтарын саралауға арналған. Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы ерекшеліктерін өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол "Еңбекші қазақ» газетіне 1923 жыл, 30 қаңтарда "Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген арнаулы мақала жазған.

Түркістан республикасы Орталық атқару комитеті мен Түркістан Орталық партия комитетінің газеті "Ақжол» 1923 жылғы 4 ақпанында шыққан 270-санында: "Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе мен әріп, тіл һәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді», – деп жазылған. Әр түрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, құқықтану, жер мәселесіне, отарлауға, ғылымбілімге, педагогикаға арналған "Тағы да народный сот хақында», "Қазақ һәм IҮ Дума», "Земство», "Жер жалдау жайынан», "Көшпелі һәм отырықшы норма», "Уақ қарыз», "Бұ заманның соғысы», "Жәрдем комитеті», "Закон жобасының баяндамасы», "Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан уақытша положение» сияқты көптеген мақалалар публицист Ахмет Байтұрсыновтың көзқарасын, тарихи білігін, ойшылдық деңгейін, журналистік қарымын көрсетіп, рухани даму кезеңдерімізден мол хабар береді. Автордың "Қазақ өкпесі» мақаласында тарихи мәселелерге объективті, ғылыми тұрғыдан қарайтындығы көрінеді, қазақ хандығы неліктен құлады, өз алдына дербес мемлекет болып тұра алмаудың себебі, Ресейге қосылудың негізгі жағдайлары деген проблемалардың жауабы айтылады. «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты», дей келіп, ел мен елді, ұлт пен ұлтты теңгеретін ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды. Қазақ өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуымен таныстыра білген «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының дауысына айналды. Осы тұста әлеуметтік ахуалды баяндаған цензура көтермейтін мақалалар жариялағаны үшін әкімшілік А.Байтұрсыновқа бірнеше мәрте (1914-1915) айыппұл төлетеді, кейіннен абақтыға қамайды. 1917 жылы патшаның тақтан құлауын Ахмет Байтұрсынов зор қуанышпен қарсы алып, Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазаққа бостандық, теңдік әперу үшін саяси күрес майданына араласты. 1917 жылы Ақпан революциясының жеңісінен кейінгі елдегі революциялық процестердің қарқынды дамуы барысында Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан либерал-демократиялық көзқарастағы қазақ интеллигенциясының өкілдері ұлттық партия құру жоспары бойынша өз жоспарларын жүзеге асыруға кірісті.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында І-ші жалпықазақтың съезде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов «Тәуелсіз автономия» құру идеясын ұсынды. І-ші жалпықазақтық съездің қортындасында «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылды. Әлихан Бөкейханов қазақ халқының көсемі, партия басшысы болып сайланды. Бірақ қоғамда аласапыран ахуал қалыптастырған большевиктердің төңкерісі Ахмет Байтұрсынов және оның серіктерінің қазаққа дербес ұлттық автономия алып береміз деген әрекеттерін тұйыққа тіреді. Алаш қозғалысы білімсіз кедей-кемшіктің қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозға-

лысқа қарсы тұруға ол заманда қауқарсыз еді. Осыны түсінген және халқымен бірге болуды ойлаған Ахаң 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына өтті, алғашқы өлкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енгізілді. Ол екі жылдай Республика халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы аяғынан тұрғызуға қыруар еңбек сіңірді. Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсыновтың есімімен байланысты.

1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсыновтың инициативасымен Қазревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесін талай рет талқылады. Қазревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған Ахмет Байтұрсыновтың осы мәселедегі табандылығы Торғайда болған оқиғаларды қайталамау және Алашорданың батыс бөлімінің түгелдей Совет жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Совет өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру ниетінен туындаған еді. Түптеп келгенде Алашорданың батыс бөлімін ақтардың одақтасы болудан совет өкіметі жағына шығару Орал өңіріндегі азамат соғысын тезірек аяқтаудың алғы шарттарының бірі еді . Шын мәнінде, Ахаңның және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі. Бұл туралы Ахаңның өзі «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында төмендегідей пікір білдірген еді: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтің Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауғы қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік» . Ахмет Байтұрсынов және оның серіктері, шын мәнінде кеңестік билікті амалсыз мойындады.

Ол 1920 жылы 17 мамырда В.Лениннің атына хат жолдап, «... Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ», – дей келе қазақ жерінің билігін қазақтан шыққан комунистер қолына беруді талап еткен еді. 1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Халық ағарту комиссиариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады. 1922-1925 ж.ж. Қазақ Халық ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми- әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады. Өкінішке орай, И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсыновты және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шоқаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынов, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті.

*«...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті» деп Сәкен Сейфуллиннің сөзімен қорытындылаймын.*

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ

***Ж.Ж. Орынбасарова,***
*№2 Мәртөк мектеп гимназиясы*

Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ үшін қасиетті есім.Ол өз ұлтының бағы жану үшін өмірдің барлық саласына араласты. Бұған оның атақ-даңқы дәлел. Қазақ халқы біртуар перзентін қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы... ретінде жақсы біледі.

Биыл еліміз Ахмет Байтұрсынұлының 140 жылдығын атап өтуде. Жұртшылық жақсы білуі тиіс, Байтұрсынұлы әйгілі Қарқаралы петициясы авторларының бірі болды. Осы арызтілекте жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне Қазақ елінің мүддесіне сай өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстау еркіндігі, күні өткен Дала ережесін қазақ мүддесіне сай заңмен ауыстыру және басқа да мәселелер көтерілді. Дәл осы кезден Байтұрсынұлының саяси қызметі басталды деуге болады.Оның алғашқы кітабы - «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Осы кітаптың өзінде отаршылдықтың зорлық-зомбылық, елдің тұралаған халін тұспалдап болса да жеткізді. Ол қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап жаңа үлгі ұсынған реформатор. Оның «Оқу құралы» қазақ жазуының тұңғыш әліппелерінің бірі. Ал «Тіл - құралы» қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Қандай ұлы адамды алсаңыз да, оның ұлылығы, ең алдымен, туған халқына деген көзқарасынан танылады. Ол сол ортадан шығып, халқын ілгері бастауды армандайды, бірақ оны соңынан ерте алмай, күйінеді, оған ашу-ызасын арнайды, айналып кете алмай, орала береді.Күрес жолында кездескен қиындық тар, жазықсыз қамау түрме жағдайындағы өмір мен оның мәні, күрестің мазмұны мен мақсаты жөнінде ойландырмай қоймайды. Бір мезгіл ол жазықсыз жанды ұстатқан қара ниетті адамдарды еске алады. Бірақ олардың ісін кек тұтпайды, надандықтан көреді.

Ол ұлтына, қазақ халқына қызмет етті. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл».Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

***А.К. Аққұлова,***
*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенті*

Қазақ әдебиеті сахнасында өзіндік орнын қалыптастыра білген ұлт зиялыларымыз жетерлік. Сондай ұлт жанашырларының бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Бұл тұрғыда, халық ауыз әдебиетінде ауыздан ауызға сақталып келе жатқан батырлар жырын әдебиет саласына енгізуде, қазақ жазу әліпбиінің келер ұрпаққа жету жолында Ахмет Байтұрсынұлының рөлі ерекше.

Ұстазымыз әр ұлттың өзіне тән тарихы, діні, тілі, сонымен қатар алфавиті мен жазу ерекшелігі болатындығын айтып, өмірінің талай уақытысын сол нәрселерді зерттеумен өткізді.

Ахмет Байтұрсынұлы 1910 жылдан бастап қазақ тілінде оқулықтар мен әліппе жазуға ат салыса кіріскендігі тарихымыздағы ерекше істердің бірі болып қала бермек. Сонымен қатар қазақ жұртының графикасын жасауда көптеген еңбек сіңірді. Бұл графиканың негізінде қазақ елінің рухани дүниесіне жататын сан ғасырлық дәстүр мен тарихы бар. Тіпті өзге де түркі халықтары Байтұрсыновтың бұл жазуын пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбалары бірнеше халыққа ортақ болды. Графика барысында фонетикалық дыбыстарды зерттей отырып, ана тіліне таныс емес араб таңбаларын алып тастады. Сұрыптай келе, араб тінінен жалпы 24 таңбаны алып оны қазақ әліпбиіне қосады [1]. 24 таңбалардан тұрған графиканы Ахмет Байтұрсынұлыв «Қазақ жазуы» деп таныстырса, өзге

түркі елдеріндегі тіл филологтары «Байтұрсынов жазуы» деп атау берген екен [2].

Кез келген ұлт зиялысы болған тұлғаның мақсаты халқының сауатын ашып, қара танытып, білім нәрімен сусындату. Ол үшін ең басты дүние орыс әліпбиі емес, қазақ халқының өзіне ғана тән әліпбиі болуы. Аңғарып қарайтын болсақ, ғалым өзінің жарты жылдық өмірін осы әліпбиге сарып еткен екен. Нәтижесінде, жаңа қазақ әліпбиінің пайда болуына себеп болған тұлға Ахмет Байтұрсынұлы болып қазақ тарихында мәңгі қалды. Сонымен қатар ғалым сол әліпбилерге байланысты ережелерді ойлап табады және әріптер тобын дауысты мен дауыссыз қылып екіге бөледі. Келесі кезекте, қазақ халқына есімдік, зат есім, сан есім, сын есім, шылау, одағай, етістік атты 7 сөз табымен таныстырады. Жоғары да, Байтұрсынұлының жазған әліпбиінде 24 түрлі дыбыстан тұратынын айтып өткен болатынмын. Бұнда, дыбыстардың бесеуін дауысты, он жетісі дауыссыз, ал қалған екі дыбысты жартылай дауысты, жартылай дауыссыз қылып бөлген екен [3].

Алғашында оның жасаған әліпбиіне ғалымдар оң және сол көзқараспен қарады. Ұлт ұстазын қолдамаған көптеген тіл ғалымдары: «Ахмет Байтұрсынұлын діннен адасқан, кеңес одағына бізді сатқан сатқын», - деп айыптап, халықты Ахмет Байтұрсынұлына қарсы қойды. Алайда, Ахмет Байтұрсынұлы өзінің араб әліпбиін жазудағы мақсатын араб әліпбиінің халыққа қолайсыз екенін ұғындырып, қазақ халқына араб әліпбиін түгелдей алып тастамай керісінше оған енгізулер енгізгенін баяндайды. Мәселен, зерттеуші бір баяндамасында: «*қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс... Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды»,* -деп жазады [4].

Осылай келе, ұстазымыздың еңбектері 1912 жылдан бастап («Қазақ» газеті 1913-1919 жыл) өзінің әліпбиімен жазылғандықтан, ел арасына тез тарай бастады. Тіл біліміміздe бұл графиканы жасауға кеткен еңбекті, Ахметтің өмірін түркітанушылар мен орыс жоғары деңгейде бағалады. Мәселен, Е.Д.Паливанов «Новая казак – киргизская орфография» деген мақаласында: «Эту последную форму, которую пряняла казак киргизская графика в 1924 году я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в поправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировани национальной графики, которым с полным могут гордиться киргизские деятели просвещение-создатели реформы, как крупным культурным завоеваниям» деген екен [5].

Ал қазақ ғалымдарының ішіндегі Т.Шонанов ұлт ұстазының әліпбиін былайша сипаттап, ерекшеліктерін атап

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ұлтының мәдениеті, ғылымы мен білімі жолында аянбай еңбек еткен ірі қайреткер, қайталанбас зор тұлға. Халық алдында жасаған еңбегі үшін оны біркездері «Қазақтың Ахаңы» деп атаған Байтұрсыновтың қызыл империяның сол саясатының кесірінен қаза тапқаны бәріне белгілі. Тіпті түрлі айыптаулар тағып, «халық жауы» деп айыптап, ату жазасына кескендігін де білеміз. Сондағы таққан айыптаулары «ұлтшыл», «кеңес одағына қарсы көтерілісті ұйымдастырмақшы болған адам», «Германия мемлекетімен құпия шрифт арқылы көп келіссөздер жасаған» деген қарапайым, ақылға сыймайтын сөздері ғана. Алайда, Байтұрсынов қазақ халқының өздері жоғалта жаздаған ана тілдері мен діндерін қайта қайтаруға үлкен септігін тигізгендігін айтпасақ та белгілі.

Сөзімізді қорытындылай келе, Ахмет Байтұрсынов өзінің алаш партиясының мүшелеріне жазған баяндамасында: «Менің өмірімдегі ең ұлы жетістігім жазған шығармаларым емес, жазған өлең шумақтарым емес, басылып шығарылған кітаптарым емес, керісінше араб әліпбиін өзгертіп жаңа қазақ халқына тән жаңа әліпбиді жазып шығуым» деген екен. Оның жаңа әліпбиді жазуы елдің хат танып, білім алуына себеп болғысы келуі. Өз шығармаларында жазуы дамымаған ел әрқашан артта қалады және оның қоғамдығы қажетті рөлінің жоқтығын қазақ жазуын жасау барысында ұстазымыз жазып кеткен болатын.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Паливанов Е.Д. Новая казак-киргизская (Байтурсыновская) орфография. (Спорые ворпосы киргизской графики и орфограафии), Бюллетень Среднеазиатского государственного университета. – Ташкент, 1924. – Вып. 7.
2. М.Сералин, Айқап. №4, 1914.
3. Тіл – құрал (Қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Орынбор, 1924 . – 13-б.
4. Алаш көсемсөзі: тіл мәселесі. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. – 56 б.
5. Күдеринова Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. – Алматы: «Египет баспасы», 2013. – 182 б.

# ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

## ЕСТЕ САҚТАУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

***Ә.Д. Смықова,***
*Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының әдіскері*

Тіл үйренуші белгілі бір тілде тез сөйлеп кету үшін лексикалық қор қажет. Лексикалық қорды көбейту тәсілін білмеген адам қиындыққа тап болады. Сондықтан оқытушы тіл үйренушінің сол тілге деген ынтасын оятуда сөздік қорының қалыптасуына мән беру керек.

Сөздерді жадында жақсы сақтау үшін мидың қабылдау, ойлау жүйесіне, есте сақтау қабілетіне сәйкес келуі маңызды. Физиология мен психологияға қатысты есте сақтау туралы білгіміз келсе, ғылымның әр саласына шолу жасауға тура келеді. Ғылымда анықталған есте қалдырылатын немесе қайта жаңғыртылатын нәрсенің сипатына қарай түрлеріне тоқталып өтсек:

1. Қозғалыс немесе моторикалық ес – ойын, еңбек әрекетіне байланысты туып отыратын қимыл-қозғалыстарды есте қалдыру мен қайта жаңғыртып отыру болып табылады. Естің бұл түрі қозғалыс дағдыларын қалыптастыруда басты рөл атқарады.

2. Образдық ес – заттар мен құбылыстардың нақты бейнесін ойда қалдыруда, қайта жаңғыртуда көрініп отырады.

3.Сөз-логикалық ес – ұғым, пікір, ой қорытындыларын есте қалдыра алу қабілеті. Естің бұл түрі философтар мен математиктерде жақсы дамыған.

4. Эмоциялық ес – сезімдерді есте қалдырып отыру түрі [1].

Осы тізіп шыққан ес түрлерін тіл үйрету барысында ескеретіндігін, ағылшын тілінің әдістемесінен көреміз. Ағылшын тілінің әдістемесінде тіл үйренушінің қысқа және ұзақ уақыт есте сақтау жүйесімен жұмыс жасайды. Барлық тапсырмалар қысқа уақыт есте сақтау жүйесінен ұзақ жадыда сақтау жүйесіне көшуге лайықталған. Сондықтан ағылшын әдістемесінде сөздерді есте сақтаудың мнематикалық, ассоциациялық, фразалық, сөзжасамдық тәсілдерін қолдану арқылы жаңа сөздердің есте тез сақталуына қызмет етеді.

Енді осы аталған тәсілдерді өз тілімізде қолданатын болсақ, былай болған болар еді.

**1. Мнематикалық тәсіл.**

I am online *[айэмонлайн]*- аудармасы - мен байланыстамын, бұл сөзді *(айналайын)* деп есте сақтауға болады немесе Like *[лайк]* –ұнату *(лайық)* деген сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады немесе қазақ сөздерін орыс тілінде есте сақтауға да осы тәсілді қолдануға болады: қарға -(карга), пішен (пшено), сырға (серьга), таптау (таптать).

**2. Ассоциациялық тәсіл.**

«Жол» деген сөзді есте қалдыру үшін, осы жолмен тағы қандай сөздер еске түсетінін сұрап толықтырып айтуды немесе жазуды талап етеді. «Жол – машина», «Жол – ұзақ», «Жол – саяхат» т.б.

**3.Фразалық тіркесті** көбіне қатыстық сын есімдерді ұтымды есте сақтауға қолданады. Мысалы, (arrgant – тәкаппар) the tall, arrogant man. Бұл сөздің адамға қатысты қолданатынын түсіндіреді және басқа ұқсас мысалдар келтіре отырып есте сақтатады.

**4.Сөзжасамдық жолмен (конверсиялық тәсіл)** жасалатын тәсілдер көп. Осы тәсілге кеңінен тоқталатын болсақ, конверсиялық тәсіл бойынша сөз тудыру, әсіресе, ағылшын тілінде кең қанат жайған. Конверсиялық тәсіл-ағылшын тілінің сөз жасам жүйесіндегі ең өнімді, актив тәсілдердің біріне жатады. Л.А.Уримцеваның деректеріне қарағанда, қазіргі ағылшын тілінің лексикалық құрамындағы конверсияланған сөздердің саны (яғни бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауысқан) 7 мыңнан асып жығылады [2.112б]. Ағылшын ғалымы М.Бизе болса, ағылшын тілінде конверсиялық процестердің мынадай түрлері барлығын айрықша атап көрсетеді:

1) зат есім – етістік, 2) сын есім – етістік, 3) етістік – зат есім, 4) сын есім – зат есім, 5) зат есім – сын есім, 6) үстеу -сын есім, 7) үстеу – зат есім, 8) етістік – үстеу, 9) етістік – сын есім, 10) есімдік – етістік [3.180 б].

Мысал келтіретін болсақ, «mean**ing**less- мағынасыз» - мұндағы –**ing** зат есім жасайтын жұрнақ, -**less** болымсыздықты білдіретін қосымша екенін білген тіл үйренуші бұл сөздің түбірінің аудармасын білмесе де, болымсыздықты білдіріп тұрған зат есім екенін болжай алады. Яғни, ағылшын тілінде осындай жиі қолданыстағы қосымшалардың жалғануын бірден үйретіп қояды да, бұл тіл үйренушінің мәтінді болжап түсінуіне әкеледі.

Жоғарыда келтірілген тәсілдерді қазақ тілін үйретуде қолданып жүргеніміз рас, тек соңғы сөзжасамдық құрылым өз мәнінде белсенді үйретіліп жүрген жоқ. Болашақта сөзжасамдық жолдар арқылы жасалатын сөз жаттату жаттығуларын көбірек пайдаланғанымыз орынды болады деп ойлаймын.

Осы айтылғандардың бәрін ескеріп, қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін еске түсіре отырып, сөздерді есте сақтаудың ұтымды тәсілдерін жасау керек. Мәселен, тіліміз жалғамалы тілдер қатарына жататындықтан, бір ғана түбір арқылы бірнеше сөз үйретуге болатындығы, сондай-ақ сөйлемде әр сөйлем мүшесінің орын тәртібі, қосымшалардың жалғануы сияқты толып жатқан ерекшеліктерді топтап түсіндірген дұрыс сияқты.

Сондай қосымшаларға тоқтала кетейік. Мысалы, «дәрі» сөзін алсақ, одан «дәрігер, дәріхана» сияқты түбірлес сөздер арқылы сөз жаттауға болады. Қысқаша сөйлемдермен жаттықтыруға болады: *дәрігер рецепт жазып берді. Дәріханадан дәрі алдым*. Мұндай сөздер қатары көп кездеседі.

Сол сияқты -ма/-ме; -ба/-бе; -па/-пе демеулік ретінде, сұраулық шылау ретінде қолданылатынын бірден салыстырмалы түрде түсіндірген жөн сияқты. Сөйлемді болымсыз түрде жазып және сұрақ қою арқылы қызметін атқаратын бірден ашып үйрету керек.

Сол сияқты -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш жұрнақтары етістіктен туынды зат есім, сын есім жасауда өте белсенді қолданылады. Мысалы: тоңазытқыш, мұздатқыш, шаңсорғыш, білгіш.

-шы/-ші қосымшасының да атқаратын қызметін кеңінен түсіндіру керек.

1. -шы/-ші зат есім жасайтын жұрнақ ретінде, мысалы: ән+ші, кен+ші;

2. -шы/-ші етістіктердің бұйрық райына өтініш мәнді үстейтінін бірден ашып көрсеткен жөн. Мысалы мынадай жаттығулар ұсынуға болады.

1.Қосымшаны жалғап, сөздермен жеке-жеке сөз тіркесін құрастырыңыз.

*Ән*
*Би*
*Айт* → *-шы/-ші*
*Беріңіз*
*Футбол*

2. Сөйлемдерден -шы/-ші қосымшасы бар сөздерді тауып, қосымшасыз мағынасын табыңыз.

*Суретші өз суреттерін көрмеге қойды. Уақытты айтыңызшы. Қашан құрылысшылар құрылысты бастайды? Менімен жүріңізші!*

Біз бұларды оқулықтарда бөліп, бөлек тақырып ретінде қарастырғандықтан, тіл үйренуші алғашқы мәнін ұмытып қалады. Яғни, грамматикалық тұрғыдан өзара жақын және жеделдетіп үйретуге арналған әдістемелік құралдарда мұндай сөзжасамдық құрылымдарды өзара біріктіріп, алғашқы қатарда үйретілетін тақырыптар болу керек.

Лексикалық минимумды үйрену барысында да сөздердің, оның ішінде етістіктердің әмбебаптығын ескеру керек сияқты. Мысалы: «Тұру» етістігін алсақ, қай кезде қолдануға болатынын еске түсірейік. Көбіне қимыл-әрекеттің қозғалыссыз түрінде тұрғанын білдірсе, екіншіден мекенін білдіруде айтамыз. Мысалы: Алматыда тұрамын. Абай көшесінде тұрмын. Ұйқыдан тұрамын. Сол сияқты «өсу» етістігіне мысал келтірсек: Гүл өсті. Баға өсті. Бойы өсті. Ойы өсті. Қызметі өсті.

Ойымызды қорытатын болсақ, *....жалпы ғылымда жеке, жалпы және жалпылама (философиялық) әдістер арқылы зерттеулер жүргізіледі. Соның ішінде жеке әдістер нақты зерттеулердің тар шеңберінде қолданылады және зерттелетін объектілердің сапалық ерекшеліктерімен тығыз байланыста болады. Өзара салалық, пәндік байланысын ескеріп отырады. Мысалы, химиядағы валенттілікті табу үшін, физикадағы*

*атомдар санын есептеу арқылы жүзеге асады. Зерттелетін объекті мен оны зерттеу арасындағы тәуелділікті ескере отырып, зерттеуші объект пен әдістің сәйкестілігін қадағалау керек.....* [5]. Бұл ашық энциклопедиядан алған үзіндіден байқайтынымыз, тіл ғылымында жалпы және жалпылама тұрғыдан тиянақты зерттелген, ал практикада жекелеген әдіс-тәсілдер арқылы жасалған тәжірибелік нәтижелі әдістемелер аз.

Болашақта конверсиялық тәсіл арқылы да есте сақтауға арналған жаттығулар мен оқу құралдары көбейеді деген ойдамыз.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. http://zertteushi.kz/2015/10/okushylardyn-este-saktaukabiletin-damytatyn-tagam-tyrleri

2. Мешкова О. Словообразование современного английского языка. – Москва: «Высшая школа» баспасы, 1975. - 112 б.

3. Юлдашев А. Конверсия в тюркских языках и ее отражение в словарях. – «Советская тюркология»журналы, 1970. - №1.180б.

4. Ысқақов А. Қазіргі қазаік тілі. – 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 бет.

5. https://kk.wikipedia.org/wiki

# АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

***Zh. Aldanova,***
*Irgyz gymnasium*

**Жоспар**

I. **Кіріспе**

**Тілдік сабақтарда интербелсенді тәсілдерді пайдаланудың маңыздылығы**

II. **Негізгі бөлім**

- **Сөздік қорды дамытуға арналған интербелсенді тәсілдер**
- **Оқылым дағдысын дамытуға арналған интербелсенді тәсілдер**
- ***Жазылым* дағдысын дамытуға арналған интербелсенді тәсілдер**

III. **Қорытынды**

IV. **Пайдаланылған әдебиеттер**

**Мақсаты:**

- **Сабақ өткізуде оқушы белсенділігінің әсерін арттыруда,**
- **әр оқушының мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтауда,**
- **жеке тұлғаға бағытталған білім беру жүйесіне көшуде мұғалімдерге көмек ретінде интербелсенді әдістерді ұсыну.**

**Интербелсенді оқыту әдістерін пайдалану кезінде**

- **тиянақты білім;**
- **қиялдау мен шығармашылық;**
- **тез тіл табысу;**
- **белсенді өмірлік көзқарас;**
- **командалық рух;**
- **жеке; дербестік құндылық;**
- **өз пікірін білдіру, еркіндік;**
- **іс - әрекетке ерекше назар аудару;**
- **өзара сыйластық дағдылары дамиды**

**Кіріспе**

**Тілдік сабақтарда интербелсенді тәсілдерді пайдаланудың маңыздылығы**

Күннен – күнге өсіп келе жатқан халықаралық бәсекелестік, қоғамда болып жатқан өзгерістердің ауқымы мен қарқынының артуы білім беру сапасының мемлекет дамуының басты факторына айналуына себеп болуда. Бұрын орта білім беретін мектептің негізгі міндеті- білім беру мен дағды біліктерін қалыптастыру болып келсе, қазіргі міндет-ойы ұшқыр, шығармашылық қабілеті жоғары, өмірге икемді, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті мектепке жүктеліп, оқушының жеке қабілетін дамытуда, дарынын ашуда және қоғамдық белсенді іс-әрекетін жүзеге асыруда мұғалімдердің іс-әрекеті мен озық тәжірибесі, қабілеті мен шеберлігі шешуші рөл атқарады.Ол үшін оқыту әдісіне жаңа әдіс-тәсілдер дайындап, тәжірибеге енгізуге тиіспіз. Өйткені мұғалім дамымай, оқушы дамымайды, ақпараттық және білім беру технологияларын пайдаланбай оқушы мен мұғалімнің сапасын арттыру мүмкін емес.

Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Білім біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу

дағдысы»деп білім мен біліктілік жайлы үлкен ой айтқан. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу әр ұстаздың, әр мектептің ең басты міндеті. Осы міндеттерді орындау мақсатында білім беру саласында да елеулі, әрі ауқымды өзгерістер өрістеуде. Осы мақсаттарда мемлекетіміздің білім сапасын арттыратын түрлі құжаттар қабылданып, бағдарламалар енгізілуде. Үздіксіз жаңалық енгізу білім беру мекемелерінің, соның ішінде жалпы білім беретін мектеп жұмысының дамуының ең басты факторы болып табылады. Бұл міндеттерді орындау үшін мектеп ұжымдарының, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді, жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Еліміздің экономикалық, саяси-мәдени дамуына үлес қоса алатын, әлеуметтік өркениетке көтерілетін, парасатты ұрпақ тәрбиелеу - ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы мерейлі міндеті.

Қазіргі заманда сабаққа қойылатын талаптар мұғалімнен шеберлікті қажет етеді. Мұғалім сабақ үрдісінде материалдарды дайын күйінде бермей, оқушы ізденісіне жол ашатындай әдіс-тәсілдерді таңдап алуы қажет. Сонда ғана оқушы шын мәнінде өзіндік ойлау қабілеті бар жеке адам болып қалыптасады. Ұлы ойшыл, қытай философы Конфуцийдің «Естігенді ұмытамын, көргенді есте сақтаймын, орындасам түсінемін»-деген даналық сөздері осы айтылғандарды дәлелдей түседі. Сондықтан сабақта қолданылатын интербелсенді оқыту тәсілдерін пайдалану оқушының бойына адамгершілік қасиеттерімен қатар білімге, өнерге құштарлығын қалыптастырады. Жеке, жұптық, топтық жұмыстар атқара отырып, оқушының белсенділігі артады, бір-біріне көмектесе отырып, сабаққа барлық оқушы қатыса алады. Өзінше ізденіп, өз ойын толық жеткізе алатын дәрежеге жетеді. Нашар оқитын оқушының өзі ойын элементтері арқылы интербелсенді оқыту тәсілдерін қолдану барысында оқушының ой - өрісін дамытуға көмектеседі. Жаңашыл ұстаздар сабақ арқылы оқушыға емес, оқушы жүрегі арқылы сабаққа ұмтылыс тудыруды ұсынады. Ал, енді интербелсенді оқыту тәсілдерін қолдана отырып, оқушылар орындайтын бірнеше тапсырма түрлерімен танысайық.

▶ **Сөздік қорды дамытуға арналған интербелсенді тәсілдер**

Мектептерде ағылшын тілін оқытудың негізгі элементтерінің бірі – сөздік жұмысын жүргізу. Ол оқушылардың сөздік қорын байытуда ерекше орын алады. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптасады. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың қағидаларын білу аса қажет. Олар игерілуге, білуге қажетті сөздер, жиілік, ахуалдық – тақырыптық негізінде сөз іріктеледі. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты мақсаты – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, оны сөйлеу тілінде түрлі тұлғада қолдана білуі, яғни оқушы ол сөзді кез келген грамматикалық формада қолдана алуы қажет. Мысалы: оқы, оқып отыр, оқыған, оқиды т. б. мысалда олар әртүрлі грамматикалық формада беріліп тұр. Әрине, сөздік жұмысы арнайы сабақ болып өтілмейді. Ол біздің әрбір сабағымыздан орын алады. Сондай – ақ, сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздермен ұғымдарды түсіндірумен ғана шектелмейді.

Оқушының сөздік қорын қалыптастыруға байланысты мынадай мақсаттар қойылады:

1. Әр сабақта белгілі мөлшерде оқушыға жаңа сөз үйретіп отыру, яғни оқушының сөздік қорын дамыту.

2. Оқушыны сөзді тыңдауға жаттықтыру.

3. Оқушы меңгерген сөздерімен сөз тіркесін, екі – үш сөзден тұратын сөйлем құрай алатын болуға тиісті. Бұл сөйлеуге, сөйлесуге үйрету үшін қажет.

4. Ағылшынша сөздерді дұрыс айта білуге дағдыландыру керек.

5. Оқушыларға қысқа өлең, тақпақ, мақал – мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жаттап үйрету керек. Оның ағылшын тіліндегі дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктеріне тілдерін жаттықтыруда үлкен пайдасы бар. Мысалы, **1. Many hands make light wok.**

**Көп түкірсе, көл болады.**

**2. Too many cooks spoil the broth.**

**Қойшы көп болса, қой арам өледі.**

**3. Make hay while the sun shines. Қыстың қамын жаз ойла**

Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Оқушылардың бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру

барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, оқушылардың ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Сонымен қатар ойын барысында оқушы үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды.

Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Мұғалім балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын)үш түрлі етіп өткізуіне болады. Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өті леді. Мысалы: **«Дәл осындайды тауып ал», «Find similarity» «Салыстыр да, атын ата», «Compare and call», «Қай ағаштың жапырағы», «By what leaf of the tree», «Бірдей ойыншықты тап», «Find similar toys», «Қайсысы көп, қайсысы аз» «Where more, where less», т.б. Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «By what subject like?» «Қай сурет тығылды?», «Which figure is hidden?», «Бір сөзбен ата», «Give one word», «Кім байқағыш», «Who observant», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «Spot the difference», «Есіңде сақта», «Remember»** . Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: **«Сөз ойла», «Remember the words», «make words», «Жұмбақ ойла», «Make a puzzle», «Жақсы-жаман», «Good or bad», «Жалғастыр», «Continue» .** Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Gallery of figure», «Remember the figure», «Қиын жолдар», «Difficult road», «Суретті жалғастыр», «Continue picture» «Биші адамдар», «Dancers », «Көңілді таяқшалар» «Funny sticks» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады.

**Оқылым дағдысын дамытуға арналған интербелсенді тәсілдер**

Тіл дағдылары жалпы екі топқа жіктеледі. Дағдының қабылдауға байланысты түрін ағылшын тілінде қабылдау (reseptive skills) деп атаса, ал тілді қолдануға байланысты дағдыларды өнім беруші дағдылары (productive skills) деп атайды. Қабылдауға қатысты дағдының түріне тыңдалым мен оқылым дағдылары жатады. Мұндағы білім дискурс арқылы алынады. Оқылым оқушының мәтінді түсінуіне жетелейтін дағды деп оп-оңай айта саламыз. Алайда осы оқылым дағдысын меңгеру оқушыларға көптеген міндеттер жүктейді. Мәселен, оқылым тапсырмасын орындауда оқушының сөз, сөйлем, жалпы мәтін деңгейіндегі білімі тексеріледі. Мысал ретінде мына сөйлемді алалық: Қыздың өзінен қатты жүгіретінін көріп бала аң-таң қалды. Оқушы бұл сөйлемді түсіну үшін лексикалық, грамматикалық және синтаксистік білімдерін қолданады. Яғни, сөздердің тұлғалық өзгерісіне, синтаксистік байланысуына көңіл аударады. Сондай-ақ, бұл орайда оқушының әлем туралы, өмір туралы білімі де кәдеге асады. Күні бүгінге дейін қазақстандық оқыту әдістемесінде тілдерді grammar-translation оқыту әдісімен оқытып келдік. Неліктен сол әдіспен оқыған оқушы тілді жетік игеріп кете алмайды, таныс емес мәтін келгенде оны жете түсіне алмайды, неге еркін сөйлеп кете алмайды? Бұл сұрақтың жауабы - оқушыда оқылым дағдысы қалыптаспаған. Ал оқылым тапсырмаларын орындау неліктен оқушыға қиындық туғызады? Неліктен берген білім өмірге қажетсіз болып қалады? Неліктен оқушы автобуста біреуге орын беріп жатқанын қазақша немесе ағылшынша жеткізіп бере алмайды? Өйткені біз бұрын мазмұны жағынан салмақты болып келетін бір сарындас мәтіндерді қолдандық, тұрмыстық тілден гөрі әдеби мәтіндерді беріп отырдық. Егер оқытушы күнделікті оқылымға хат түрлерін, жарнама парақтары мен мақалаларды, әңгімелер мен поэмаларды, ас мәзірін, нұсқаулықтарды алып келіп, олардың стильдік

ерекшелігіне, құрылымына назар аударта оқытатын болса, оқушы оқылымға әлдеқайда жүйрік болған болар еді. Осы аталғандардың барлығын бір стратегиямен оқылмайды. Барлық мәтін түрлерін детальды, бүге шүгесіне дейін оқудың қажеті жоқ. Оқушы өмірдегі қажеттілік секілді оқылымның мақсатына қарай стратегия таңдайды. Мәселен, адамдар жұмысқа тұрарда келісімшарттың ең қажет тұстарына алдымен назар аударады. Ол – жалақы мөлшері, жұмыс беруші тарапынан ұсынылатын әлеуметтік көмектер, жұмыс уақыты т.б. Мұндай жағдайда оқылымның нақты мәліметті тауып оқу, **шолып оқу стратегиялары** қолданылады. Ал егер сіз өзіңізге өте жақын адамыңыздан хат алғанда оның әрбір сөзіне мән беріп, детальды оқисыз. Бұл жағдайда **детальды оқу сратегиясы** қолданылады. Оқылымның бұдан басқа да 20-ға жуық түрлері болады. Олар болжап оқу, автордың идеясын тауып оқу, қорытынды жасай отырып оқу, мазмұнын түсініп оқу т.б. Осы оқылымдарды орындау барысында қолданылатын оқылымның ұйымдастырылу тәсілдері де көптеп табылады (джиксо, жоғарыдан төмен, төменен жоғары оқу әдісі т.б.). Жоғарыда айтқандарымызды оқылымның интенсивті түріне жатқызамыз, ал оқушының өз бетімен көркем шығармаларды оқуын экстенсивті оқылым деп атаймыз. ТКТ кітабында тілді оқытуға байланысты мынадай шешуші концепциялар аталады.

1. Оқушының ана тіліндегі оқылым дағдысы дұрыс қалыптасуы тиіс, сонда ғана екінші тілді үйренуі жеңілдей түспек. Оқушы ана тілінде қолданған амалдарын екінші тілді үйренуде де сәтті қолдана алады.

2. Оқушыға өз бетімен оқуға мейлінше көп тапсырмалар берілгені жөн. Мұның негізінде оқушы оқылым дағдыларын емінеркін қолдануға төселеді.

3.Оқылым түрлері оқушының жас ерекшелігіне орай таңдалуы тиіс.

4. Оқылымға таңдалған мәтін оқушыны қызықтыратын тақырыптар болғаны абзал.

5. Қиын мәтіндерді ұсынуда оған жеңіл тапсырмалар құрылады, ал жеңіл мәтіндерге керісінше қиын тапсырмалар құрылады.

6. Оқылымға табиғи тілде жазылған дүниелер де кем берілмеуі керек. Эксперттердің айтуынша жеңілдетілген мәтіндер мен түпнұсқа мәтіндер теңдес деңгейде беріліп отырғаны дұрыс.

Оқылым сабағын ұйымдастыруда кіріспе жаттығулары (оқылым алды тапсырмасы, оқылатын мәтін тақырыбы, онда кездесетін жаңа сөздер т.б.), негізгі жаттығулар (көзделген оқылым дағдысы дамытылады), оқылымнан кейінгі жаттығулар (мәтінді өмірмен байланыстыра талқылау, маңызды бөліктерге назар аудару т.б.) жүйелі қолданылады.

▶ **Жазылым дағдысын дамытуға арналған интербелсенді тәсілдер**

Джон Фостердің «Кел жазайық» атты кітабы оқушыларға жазылым дағдысын дамыту жолында пайдалы құрал болды. Үйретуде оқушылар қандай жазу жұмысын жазса да, жазу үдерісінің бір екенін білдіру маңызды болып табылады. Олар:

1. Идеяларды жинау
2. Идеяларды таңдау және жұмыстың алғашқы нұсқасын жазу
3. Қайта жазу
4. Қарап шығу (тексеру)
5. Басып шығару

Ал жазуды үйретуде мынадай сатылар қолданылды.

• Сөйлемнің құрылымын үйрену
• Абзац жазу (абзацтағы тақырыптық, дамытушы және қорытындылау сөйлемдерін қамту)
• Абзацтарды байланыстырушы сөздермен байланыстыру
• Жұмысты қарап шығу
• Өңдеу
• Бірін-бірі тексеру
• Өзін-өзі тексеру
▶ Соңғы нұсқасын жазу

Тәжірибеден мысал

Сөйлемдерді абзацта бірізді етіп байланыстыруы үшін «Гамбургер» әдісі қолданылды. Яғни абзацтағы алғашқы сөйлем – тақырыптық сөйлем (Topic sentence), кейінгі сөйлемдер сол сөйлемдегі идеяны баяндайтын және түсіндіретін сөйлемдер, онда ғылыми фактілер және т. б. ақпараттар болады. Ал соңғы сөйлем – сол идеяны қорытындылаушы сөйлем. Абзацтың көлемі айтылған ойға және идеяға байланысты. Осы сөйлемедер бір-бірімен бірізді байланыстқанда ғана жақсы абзац шығады. Осы дағды әр сабақта қолданылып отырды.

***«Гамбургер»** әдісінде қолданылған жұмыс парағы*

Оқушылар абзац жазуды үйрене бастаған соң, толық мәтін жазуға көшті. Оқу бағдар-

ламасы бойынша олар ендігі кезекте туристерге арналған мәтін (to write a guide) жазуы керек болатын. Олар алдымен жазудың алғашқы сатысы – миға шабуылдан бастап (brainstorming), жоспарлау (outlining) жасады.

Оқу бағдарламасы бойынша оқушылар сабақта ақпараттық бюллетень (newsletter) жазуды үйренуі керек еді. Сабақта мынадай әдіс қолданылды:

1. Оқушылар 3-топқа бөлінді
2. Әр топ өздері жасаған тұжырымдамалық картадан бір экологиялық проблеманың салдарын табу үшін және ұсынылатын шешу жолдарын талдау үшін таңдайды
3. Әр топ ақпараттық бюллетеньнің үлгісіне өз экологиягиялық проблемалары туралы ақпаратты жазады
4. Топтар өз жұмыстарымен алмасып кері байланыс береді (жұмыстың сәтті шыққан екі тұсын және жақсарту керек бір тұсын көрсетеді)
5. Оқушылар өздерінің жұмыстарын қажет болған жағдайда қайта қарастырады
6. Оқушылар өздерінің ақпараттық бюллетеньдерінің соңғы нұсқасын ноутбукта жасайды

Онда оқушылар:

1. Өздері білетін бір қаланы не ауылды таңдап, ондағы көрікті жерлері туралы ақпарат түртіп жазуы керек;
2. Жазған ақпараттарын 3-4 абзацқа жазатындай етіп ұйымдастыруы керек;
3. Туристерге сол жерге келуі үшін 3-4 себеп жазып, оны жазылым жұмысынң кіріспесіне енгізуі керек.
4. Жоғарыда жоспарланғандай жалпы 3 абзацтан тұратын мәтін жазуы керек

***Туристерге арналған мәтінді жоспарлауға жасалған органайзер***

Сонымен қатар, оқушыларға мынадай жазу критерийлері ұсынылды:

1. Жазу жұмысына тақырып қою
2. Сәйкес стиль және жүйе қолдану
3. Тақырыптық лексика қолдану
4. Сөздерді орфографиялық түрде дұрыс жазу
5. Дұрыс грамматикалық құрылымды қолдану
6. Ойдың бірізділігін білдіру үшін байланыстырушы сөздерді ретімен қолдану
7. Шамамен 140-150 сөз жазу

Егер оқушылар байланыстырушы сөздерді білмеген болса, қарастырған жөн:

Сондықтан/Сол себепті (Therefore/Thus)

Мәселен/Мысалы (For example/For instance)

Сонымен қатар (Moreover/Furthermore)

Қорытындыйлай келе (In conclusion/To sum up)

Оқушылар жұмыстарын өздерінің сыншы достарынан алған кері байланыстың нәтижесінде қарастырады. Оқушылар өз жұмыстарын қарастыру үшін жеткілікті уақыт беріледі. Ендігі кезекте оқушылар жұмыстың соңғы нұсқасын ешқандай мәліметке немесе алдыңғы қолданған парақтарына қарамай қайта жазады. Бұл әдіс оқушылардың алдында жасаған қателері туралы терең ойланып қайталамауға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі бағалау

Оқушылар өз жұмыстарын қарап шығып жоспарлау бөлімі кезінде жазған қажетті ақпараттарды қолданғанын тексереді. Осында мұғалім алдында көрсетілген жетістік критерийлеріне қайта сүйенуге кеңес берсе болады.

Бірін-бірі бағалау

Бұл кезде оқушылар бір-біріне сыншы дос ретінде қарайды. Сыншы достар бір-бірін қолдайды, кері байланыс береді және қажет ұсыныстар айтады. Мұндағы мұғалімнің рөлі жұптарды тағайындағанда олардың деңгейін ескерген жөн немесе оқушылардың өз еріктерімен жұптарын таңдатуға болады.

Жазу жұмысын бағалау

Оқушылар оқу мақсаттарына жету жолдарын және жазу сатыларының негізгі ережелерін түсінгенде біз жазу жұмыстарының қалай бағаланатынын талдадық. Жазылымды үйрететін мұғалімдердің барлығы дерлік жұмысты дұрыс бағалаудан қиналатындығы белгілі болды. Едуард Уайт (1986) жазу жұмысын бағалауда ең басты ескеретін нәрсе негізінен мұғалімдер оқушылардың жазу жұмыстарын дұрыс бағалау туралы аз біледі, тіпті білмейтіндері де бар, себебі жеткілікті түрде үйренбегендігін айтады. Джеймс Уиллиамстің айтуы бойынша барлық жазуды бағалау алдын-ала белгіленген стандартқа негізделеді. Кей жағдайларда ол стандарт бөлім немесе аймақ деңгейіндегі нұсқауға сүйенеді, кейбір жағдайда мұғалімнің өзінің білім беру тәжірибесінде қалыптасқан жеке қабылдауына байланысты жүзеге асады .

Көрнекіліктер: қысқы көріністер (слайд арқылы, сурет арқылы), қысқы ойындар

бейнесі, аққала кейіпкері, тіс пастасы, түрлі түсті қағаздар, қол сүрткіштер. т. б.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ғажайып сәт,тапсырмалар, ойындар, мадақтау;

Іс-әрекет барысы:

Шаттық шеңбері:

Т: Балалар бүгін бізде ерекше күн! Топқа қонақтар келіпті, амандасайық.

Үлкенге де «сіз»
Кішіге де «сіз»
Баршаңызды құрметтеп,
Бас иеміз біз.
Біз ерекше баламыз,
Айтқан тілді аламыз.
Достарымды көргенде
Қуана қарсы аламыз. Сәлем, сәлем, сәлем!

**Т:** орнымыз ға жайғасайық. Мен сендерге **жұмбақ** жасырайын:

Аяз қысып, өрнек сызып,терезені торлады.

Қарға омбығып, бет домбығып,
Сырғып балалар ойнайды.
Кейде ұлып, кейде ысқырып, ұйтқып боран соғады.

Айтыңдаршы балалар, бұл қай кезде болады?

**Б:** қыс мезгілінде.

**Т:** Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс

Қыстың қандай ерекшеліктері бар?

Қар жауады, күн салқын, аяз болады.

Тоңбау үшін не істейміз? Қалың киінеміз.

Қыста қандай ойындар ойнаймыз?

Шана, шаңғы тебеміз. Аққала соғамыз. Қар лақтырып ойнаймыз.

Дұрыс, енді мына суреттерге қарап әңгімелейік.

**Суретпен жұмыс. Балалар әңгіме құрайды.**

**Т:**ендеше орнымыздан тұрып, қысқы құбылыстарды көрсетейік,

**Сергіту сәті: «Қыс құбылыстары» әуенмен**

Далада қар жауып тұр, (қолдары жоғары төмен көтеру)

Далада боран (қолдары жоғары, айналу)

Жел ысқырып тұр (қолдарымен тербелу, уілдеу)

Күн суық, тонып қалдық ( қалтырап, тону)

Жылыну (күннен жылу алып бойға тарату)

Т: жарайсыңдар

**Ғажайып сәт ,топқа аққала кіру.**

Аққала тапсырмалар ала келген, бірге орындайық.

**Аққаланың тапсырмасы:**

Қыста неше ай бар, атаулары? Желтоқсан, қаңтар, ақпан

Қыс жайлы тақпақтар білесіңдер ме?

Данабек:

Қар жауыпты далаға,
Қар жауыпты қалаға.
Сырғанаймыз енді біз,
Мініп алып шанаға.

Арнұр:

Жауды күнде ала қар
Күнде жауды қайталап.
Қырға шықты балалар,
Шаңғыларын арқалап.

Соңғы тапсырма «Көңілді түс» ойыны. Маған түстерді атап, орысша, ағылшынша айтып бересіңдер жарай ма?

Қардың түсі қандай? Ақ-белый

Аққаланың көзінің түсі? Қара-черный

Қызыл красный red

Жасыл зеленый grend

Сары желтый wellow

Көк синий bliu

Аққала: жарайсыңдар балалар. тапсырмаларды өте жақсы орындадыңдар. Мен ыстықтап кеттім, сендерді далада күтемін, сау болыңдар.

Сау болыңдар.

Т: бізге аққала келіп көңілімізді көтерді, енді алған әсерлерімізбен бөлісіп, аққала бейнесін бейнелейік.

Тіс пастасымен саусақ арқылы аққаланы бейнелейді. (Триз әдісімен)

Балалардың жұмысын бағалау. Қорытындылау. Мадақтау.

# «МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ»

*А.А. Абдураманова,*
*Мәртөк ауданы,*
*ТОО Дастан - 2016*
*«Нұрсәт» балабақшасы*

**Мақсаты:** Білімділік: әр түрлі мамандықтардың түрлері туралы түсінік беру. Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып, олардың маңыздылығы туралы білім беру.

**Дамытушылық**:әңгіме құрастыруда өз ойын, өз армандарын нақты және түсінікті етіп жеткізе білу қабілеттерін дамыту.

**Тәрбиелеік**: әр түрлі мамандық түрлеріне қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен карауға тәрбиелеу.

**Әдіс – тәсілдер**: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, мақтау, мадақтау.

Керекті құралдар:мамандықтар туралы слайдтар, мамандықтар туралы суреттер, мольберт.

Мотивациялық — қозғаушы Тәрбиеші балалардың назарын топқа, келген қонақтарға аударады: - Балалар, қарандаршы, бүгін біздің тобымыз күндегіден ерекше безендірілген және бізге көптеген қонақтар келген екен. Балалар бүгін бізде ерекше оқу іс – әрекет болмақ. Қане шаттық шеңберін құрып, бір – бірімізге жылы жүзбен қарап, бойымыздағы жүрек жылуын сыйлайық. Балалар топқа, келген қонақтарға назар аударады. Шаттық шеңберін құрып, жылулық сыйлайды.

Біз ойнаймыз, біз ойнаймыз.
Кім болуды ойлаймыз.
Біз әртүрлі баламыз.
Игі істерге құштармыз
Білім алып ұстаздан.
Ел сеніміз ақтаймыз.

- Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

- Жарайсыңдар балалар. (Есік қағылып топқа Дымбілмес келеді) Балалар топқа келген

Дымбілместі көреді,

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

- Сәлеметсіз бе?!

Тәрбиеші: - Балалар бізге қонақ келген екен, қане амандасайықшы.

Дымбілмес: - Балалар, сендер мені таныдыңдар ма?

- Әрине таныдық, сіз Дымбілмессіңіз.

- Таптыңдар балалар, менің атым Дымбілмес. мен ештеңе де білмеймін. балалар, мен сендерден көмек сұрап келдім. Менің «Гүлдер қалашығым- дағы» достарымда барлығының мамандықтары бар. Мысалы, Тюбик – суретші, Гусля – сазгер, Винтик пен Шпунтик – шебер. Ал мен болсам, әлі күнге дейін кім боларымды білмей жүрмін. Мүмкін сендер маған көмектесіп, ақыл берерсіңдер?

Тәрбиеші: - Балалар, Дымбілмеске мамандық таңдауға көмектесеміз бе?

- Иә!

- Олай болса қазір біз мамандықтар туралы айтып берейік, ал осы мамандықтардың ішінен өзінің қалаған мамандығын таңдасын.

Дымбілмес: - Рахмет балалар, мен сендердің маған көмектесетіндеріңе сенгенмін

. Тәрбиеші: - Балалар, алдымен мамандықтарды есімізге түсірейік.

Мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, тыңдаймыз ба?

Тәп – тәтті тамағы,
Астардың маман…. .
- Аспазшы.
ірпіштен сарай, үй салады,
Ол адам кім болады?
- Құрылысшы
Қолында қайшы, тарағы,
Тәртіпке шашты салады.
- Шаштараз.
Сауықтырар сырқатты,
Жылы үнмен тіл қатты.
- Дәрігер.
Мектептің жүрегі
Білімнің тірегі.
- Мұғалім.
Ала таяқ ұстаған,
Жол тәртібін нұсқаған.
- Полиция.
Дабылға тез жететін,
Жалынға сүңгіп кететін
Қиналса да түтінге,
Тайсалмайтын батыл кім?
Жасқанбайтын батыр кім?
- Өрт сөндіруші.
Ұшқыш емес, бірақ ол Аспанда қалықтап ұшады
Оны кім деп ойлайсындар?
- Ғарышкер





Дымбілмес: - Балалар, жарайсыңдар, сендерді тыңдап мен бірнеше мамандық атауларын жаттап алдым. Ой балалар, білім алған қандай қиын, сендер шаршаған жоқсыңдар ма? - Жоқ, шаршаған жоқпыз.

Тәрбиеші: - Дымбілмес, сен шаршадың ба. Балалар, олай болса Дымбілмеспен бірге «Мамандықтар» жаттығуын жасайық.

Тас қалаушы жарайды,
Қабырғасын үйдің қалайды.
Сырлаушы боп мен енді
Сырладым төбе, еденді.
Мен – электрші – шам жаққыш,
Бұрап шамды жақтым.
Жаңа үйге кір көшіп
Бақытты өмір жүр кешіп. (Балалар жаттығу жасайды)

- Жарайсыңдар балалар, мына үстелде мамандықтар туралы суреттер берілген. Осы суреттердің ішінен адамдар қолмен жұмыс жасайтын мамандықтарды табу керек. Балалар суреттердің ішінен адамдар қолмен жасайтын мамандықтарды тауып тақтаға іледі.

- Ал енді осы суреттерден адамдарды құтқаратын мамандықтарды табу керек. Балалар суреттердің ішінен адамдарды құтқаратын мамандықтарды тауып тақтаға іледі.

- Жарайсыңдар балалар. Енді біз осы суреттерден көліктермен байланысты мамандықтарды табуымыз керек. Балалар суреттердің ішінен көліктермен байланысты мамандықтарды табады.

- Жарайсыңдар балалар. Енді мен сендерді ойын ойнауға шақырамын.

Ойын: «Аспазшыға көмектес» деп аталады. Балалар аспазшыға біздің көмегіміз керек екен. Ол сендерге сорпа мен шырын әзірлеп жатыр.

Көмектесеміз бе? - Балалар біз сорпаға не саламыз? (Балалардың жауабы) - Дұрыс, ал шырынға не саламыз. Олай болса, алдарыңда көкөністер мен жемістер араласып кеткен. Сорпа жасау үшін көкөністерді қазанға жапсырамыз, шырын жасау үшін жемістерді шыны ыдысқа жапсырамыз. Балалар ойын ойнауға келіседі, суреттердің ішінен сорпа жасау үшін көкөніс- терді қазанға жапсырады, шырын жасау үшін жемістерді шыны ыдысқа жапсырады.

Дұрыс па, бұрыс па» ойыны

/Дұрыс болса қол көтереді, бұрыс болса отырып қалады/

Қойшы балаларды оқытып жүр.
Жүргізуші машина жүргізеді
Аспазшы үй салып жүр.
Дәрігер адамдарды емдейді.
Жазушы хат, газеттер тасып жүр.
Дәрігер етік тігіп отыр.
Мұғалім балаларды емдеп жүр.
Ұшқыш әдемі киім тігеді.
Өрт сөндіруші өртті сөндіреді.
Суретші сахнада ән айтып тұр.

Тәрбиеші:Мамандық таңдау деген — өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Ат ық таңдағанда" деп бекер айтпаса керек. Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Біреулер үшін – ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге — әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң. Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау… Тәрбиеші:

1. Мұғалім- Інжу
Жаққан білім шырағын,
Мен боламын мұғалім.
2. Дәрігер- Адия
Сыйлайтын саулық, амандық,
Дәрігер жақсы мамандық.
3. Жүргізуші- Нұрсұлтан
Елге қызмет істеген,
Көлік айдап үйренем.
4. Аспазшы- Аружан
Жасайтын түрлі тағамдар,
Аспазшы жақсы мамандық.
5. Полиция- Иманжүсіп

Тәртіп, заңды қолдайды,
Полиция елді қорғайды.
6. Құрылысшы- Қайсар
Адамдарға үй салған,
Құрылысшы болам ұлғайсам.
7. Биші қыз- Нұрая
Ақ көйлегім үстімде
Би билесем "Айгөлек"
Қой демейді ешкім де
Шаршамаймын дөңгелеп.
Достарым бар қуанып,
Тамашалар кештерде.
Тал шыбықтай бұралып
Биші болам өскенде
8. Тігінші- Ақжарқын
Тігетін- киім- кешекті
Тігінші болам мен епті
9. Ғарышкер- Бекжан
Мен ғарышкер боламын
Жұлдызға ұшып барамын
Жолын қуам атақты
Тоқтар сынды ағаның
10. Шаштараз- Насиба

Сән үлгісін қиятын Шаштараз болам жолына Түрлі - түсті шаш қиып Қызмет етем халқыма.

11. Суретші- Айзере
Суретті керемет салатын,
Суретші мен боламын.
Абілхан атам сияқты
Сурет жолын қуамын.

Тәрбиеші: - Ал Дымбілмес, біз бүгін сені көптеген мамандықтармен толық таныстырдық. Біздің көрсеткен сабағымыз, берген жауаптарымыз сенің көңіліңнен шықты ма? Атап шыққан мамандықтардың ішінен қайсысын ұнаттың?

Кім болуды шештің?

Дымбілмес: - Иә, балалар сендердің арқаларында мен өте көп нәрсе үйрендім. Берген жауаптарыңыз менің көңілімнен шықты, маған ең қатты ұнағаны – ғарышкер!

Мен ғарышкер болып ұшқым келеді. Сау болыңдар. (Дымбілмес кетіп қалады) Балалар Дымбілмеспен қоштасады.

Тәрбиеші:

Еңбек етсем, ертеңгі бақытыма сенемін.
Мақсатыма жеткізер уақытыма сенемін.
Достық іспен қасты да жеңеріме сенемін,
Ақыл, сана білім мен өнеріме сенемін.
Арым – таза, ақ көңіл – адалдыққа сенемін,
Абыройлы, ақ ниет – адамдыққа сенемін!- дегендей қандай маман иесі болсақ та, ел болашағын ойлайтын халқына абыройлы қызмет ететін адам болайық.

– Өте жақсы, балалар, ер жеткен соң ата-аналарың мақтан ететін, өзгелер құрметтейтін, сыйлайтын, ең бастысы елің мақтан тұтатын азамат, маман иесі болыңдар!

## «ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК, МЫҢНАН ТҰЛПАР» СПОРТТЫҚ САЙЫС



***А.К. Кененбаева,***
*Ақтөбе қаласы,*
*МКҚК «№28 «Көркем» балабақшасы тәрбиеші*

**Мақсаты:**
Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

**Түрі:** Эстафеталық ойын

**Өтілетін орны:** Спорт залы

**Көрнекілігі:** түрлі-түсті шарлар, доптар, кедергілер, жалаушалар, ысқырық.

***Барысы:***

***I. Ұйымдастыру кезеңі***

Шынықсаң шымыр боласың,
Сауығып айдай толасың.
Спортты серік ете біл,
Жақсы азамат боласың.
Жеңімпаз болу оңай ма,
Арман болған талайға?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Жарысқа түсіп қалайда.

***II. Негізгі бөлім***

Құрметті әріптестер және кішкентай көрермендер бүгінгі «Жүзден жүйрік, мыңнан

тұлпар» спорттық сайысына қош келдіңіздер!

Көңілді жарысқа «» және «» топ бүлдіршіндері қатысады.

Әр таңды бақытпенен аттырамыз

Өнерді ой көгінде бақылаңыз,

Сайысқа қатысуға енді ортаға топ бүлдіршіндерін шақырамыз.

(әр топ өз орындарына келіп тұрады)

Ал, құрметті халайық!

Жарысты енді көріңдер

Әділ қазы алқасы

Әділ баға беріңдер!

Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныстырайық.

1.

2.

3.

Спорттық сайысымыз 5 баллдық жүйемен бағаланады.

Сайыстың бағдарламасы 6 кезеңнен тұрады

1. «Эстафета»
2. «Кеңгуру»
3. «Пингвин»
4. «Алтын қасық»
5. «Кім шапшаң»
6. «Кім күшті»

Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар!

Сайысымызды бастаймыз.

«Қыран» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны: Бәріміз біріміз үшін!

«Тұлпар»тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны: Біз әрқашанда мықты

Бәрін жеңіп шықты

***I кезең: «Эстафета»***

Шарты:

Әр топ қатысушылары жалаушаны алып мәреге дейін жүгіріп барып өз орынына келіп өзінен кейінгі қатысушыға жалаушаны тапсыруы қажет, қай топ бірінші мәреге жетсе сол топ жеңімпаз.

***II кезең: «Кеңгуру»***

Шарты: Балалардың алдына алжапқыш байлап, жеміс – жидектерді жинап өздеріне тиесіл себетке жинауы тиіс, қай топ көп жинаса, сол топ жеңімпаз.

***III кезең: «Пингвин»***

Шарты: Допты аяқ арасына қысып алып, жерге құлатпай пингвиндер жүрісімен жүріп, мәреге жетуі тиіс, қай топ бірінші келсе сол топ жеңімпаз.

***IV кезең: «Алтын қасық»***

Шарты: Әр қатысушы теннис добын қасыққа салып алып, мәреге дейін жүріп барып, қайта келуі тиіс, қай топ мүшелері бірінші болып келсе сол топ жеңімпаз.

***V кезең: «Кім шапшаң»***

Шарты: Үлкен батуд резеңкі доптың үстіне отырып секіріп жарысу.

***VI кезең: «Кім күшті»***

Шарты: Әр топтар жерде үріліп жатқан шарларды, үстеріне отырып жаруы тиіс қалдығын жинап себетке салуы керек қай топ көп шар қалдығын жинаса сол топ жеңімпаз.

***Қорытынды бөлім***

Жарыс заңы ежелден-

Жеңімпазды анықтау

Жеңімпаз болу шарты сол-

Еңбектену, жалықпау

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады

Жеңілгендер ренжімей

Тараса бізге жарады

- демекші сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып жеңімпаздарды марапаттауға әділқазы алқасына сөз кезегін берейік.

Уа, халқым назар аудар денсаулыққа!

Өмірде бақыттысың денің сау да.

Денсаулық терең бақыт деген сөзді

Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да демекші

Құрметті қонақтар! Келгендеріңізге көп-көп рахмет.

# ОТКРЫТОЕ ЗАНЯТИЕ ПО МАТЕМАТИКЕ ПО МОТИВАМ «ТЕРЕМОК»

*А.М. Абилгазина*

**Цель:** Закреплять навыки счета в пределах 5. Закрепить умение различать прямоугольник и квадрат.

**Интеграция образовательных областей:** «Познание», «Коммуникация», «Здоровье», «Физическая культура».

**Программные задачи:** Продолжать формировать представления количественного и порядкового счета в пределах 5, закреплять умение отвечать на вопросы: Сколько? Который по счету? На котором месте? и т.д. Формировать умение соотносить количество предметов с числом. Закрепить знание геометрических фигур. Упражнять в счёте звуков на слух, соотносить с числом Развивать память, речь, логическое мышление, воображение, образное мышление, познавательную активность. Воспитывать умение прийти на помощь, дружеские взаимоотношения.

**Предварительная работа:**

1. Чтение художественной литературы.

2. Рассматривание иллюстрации, репродукции по русским народным сказкам **Демонстрационный материал:** квадрат, треугольник, прямоугольник, круг, овал, письмо.

**Раздаточный материал:** прямоугольник, квадрат, треугольник, круг, овал

**Ход занятия:**

**Вводная часть:**

**Воспитатель:** Ребята, я очень рада вас видеть. Встаньте пожалуйста, полукругом.

**Разминка:**

Раз нагнуться, потянуться
Два нагнуться, разогнуться
И друг другу улыбнуться

А теперь посмотрите на наших гостей и подарите улыбку им.

Три в ладоши три хлопка
Головою три кивка
На четыре руки шире
И на пять – шесть тихо сесть.

- Молодцы!
- Садитесь на свои места.

**2. Формирование мотивационной основы.**

**Воспитатель:** Ребята, вы любите сказки? Давайте вспомним русскую народную сказку «Теремок» и пригласим ее к нам на занятие по математике.

**Воспитатель рассказывает:** Стоит в поле теремок-теремок. Он не низок, не высок (*выставляет картинку*). Бежит мимо Мышка-норушка (*карточка*), увидела теремок, остановилась и спрашивает: «Терем-теремок! Кто в тереме живет?». А волшебный голос из теремка отвечает: «Теремок откроет свою дверь только тому, кто выполнит все мои задания».

**3. Повторение изученного ранее материала.**

**Задание №1.**

1. «Сколько ёлочек растёт возле теремка?» (счет до 4).

2. Посчитайте сколько тучек над теремком летает? (счет до 3)

3. Сосчитай овощи на грядке (счет до 5) (которая по счету)

**Воспитатель:** Вы ребята молодцы, правильно сделали все, поэтому двери волшебного теремка открыты для Мышки. Вошла Мышка в теремок и стала в нем жить.

**Воспитатель:** Прискакала к теремку Лягушка –Квакушка, остановилась и спрашивает: «Терем теремок! Кто в тереме живет?» А волшебный голос у теремка отвечает: «Теремок откроет свою дверь только тому, кто выполнит все мои задания».

**4. А задание будет такое:**

**Задание №2.**

1. Ребята, посмотрите у меня здесь карточки с цифрами от 1 до 5 (*я раздаю ребятам карточки с цифрами, затем показываю 5 домиков, на каждом домике своя цифра, ребята должны попасть в домики с той цифрой, который у них, пока играет музыка дети бегают, как только закончилась музыка, каждый должен встать к своему домику, а потом всем меняем цифры и дальше продолжаем и так три раза играем*)

**5. Воспитатель:** Стоит в поле теремок, бежит мимо зайчик – Побегайчик. Увидал теремок и спрашивает: Терем теремок! Кто в тереме живет? – Я Мышка – Норушка! – Я Лягушка – Квакушка! - А я зайчик – Побегайчик - Пустите меня к себе жить! Не успели звери ответить, а волшебный голос у теремка отвечает: «Теремок откроет свою дверь только тому, кто выполнит все мои задания».

**Задание №3.**

Каждому ребёнку даём по конверту в которых находятся геометрические фигуры,

из этих геометрических фигур дети должны собрать портреты зайчиков.

**Вопросы:**

- Какая фигура, как голова получилось?

- А туловища вашего зайчика какая фигура?

- Уши из каких фигур состоят?

- Ножки из каких фигур?

- Лапки это какие фигуры?

**Воспитатель:**

- Посмотрите ребята, ваши зайчики разного цвета, а почему? (*серого, белого*)

- Белыми зайчики, когда бывают?

- Серыми, когда бывают?

- Почему?

- Зайчик благодарит вас за то, что собрали портреты. И остаётся жить в нашем теремочке.

**6. Воспитатель:** Прибежал к теремку Волчок – серый бочок. Остановился и спрашивает: «Терем теремок! Кто в тереме живет?» – Я Мышка – Норушка! – Я Лягушка – Квакушка! – Я Зайчик – Побегайчик! - А ты кто? - Я Волчок – серый бочок! Не успели звери ответить, а волшебный голос у теремка отвечает: «Теремок откроет свою дверь только тому, кто выполнит все мои задания».

**Задание №4** «Разложи (овощи) урожай по полкам».

– Поможем Волку?

а) 1 гриб положите на верхнюю полку.

б) 2 клубнички на нижнюю полку.

в) сколько нужно добавить грибов, чтобы получилось поровну с клубничками?

Все разложили правильно, двери волшебного теремка открылись для Волка. Вошел Волчок и стал в нем жить.

**7. Воспитатель:** Прибежала Лисичка – сестричка к Теремку, спрашивает: Терем теремок! Кто в тереме живет?» – Я Мышка – Норушка! – Я Лягушка – Квакушка! – Я Зайчик – Побегайчик! – Я Волчок – Серый бочок! А ты кто? – А я Лисичка – Сестричка, пустите к себе жить. Не успели звери ответить, а волшебный голос у теремка отвечает: «Теремок откроет свою дверь только тому, кто выполнит все мои задания».

**Задание №5.**

− Сколько зверей в Теремке?

− Кто первый прибежал?

− Кто последний?

− Кто после зайца?

− Кто прибежал перед лисой?

Дверь теремка и открылась для Лисички. Стали звери дружно жить да поживать.

**8. Воспитатель:** - Ребята, а кого – то не хватает в теремке (медведя) Вот он пришёл, не ломать теремок, а принёс нам задания. Мы сейчас попрощаемся с гостями, а вы возьмете свои карандаши и выполните задание нашего мишки хорошо.

**9. Итог занятия**.

**Воспитатель:**

– Сколько героев в этой сказке?

– Кто помог зверям попасть в теремок?

– Конечно же, вы и ваши знания!

## «БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАР» ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ САЙЫС



***А.Т. Ниетбаева,***
*Ақтөбе қаласы,*
*МКҚК«№28 «Көркем»*
*балабақшасының әдіскері*

**Мақсаты**: Қазіргі заман тәрбиешісінің әлеуметтік - психологиялық мәдениетін жетілдіру, бір-бірлеріне деген достық сезімін арттыру. Шығармашылыққа әртістікке, жаңашылдыққа бастау. Өзін-өзі тануға, педагогикалық ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

**Қатысушылар**: тәрбиешілер.

**Керекті құралдар**: Стикер, фломастер, ақ парақ, эмблема, плакат,

**Түрі:** Сайыс.

Саламатсыздар ма. әріптестер. Бүгінгі «Білімді мыңды жығар» интеллектуалдық сайысына қош келдіңіздер. Бірінші сайысқа қатысушы тәрбиешілерді ортаға шақырамын.

**Бірінші топ: «Толқын» тобы.**

**Екінші топ: « Бәйтерек» тобы**.

Тәрбиешілер дөңгелек етіп орналастырылған үстелдерге отырады. Сайысымызды бастамас бұрын әділ қазылар алқасын сайланады.

Балабақша меңгерушісі: Кулетова Р. У.

Балабақша психологы : Ермекбаева М. А.

Балабақша музыка жетекшісі: Каюпова С. Ж.

Әділқазылар алқасымен таныс болдық. Сайысымызды бастамас бұрын шаттық шеңберіне тұрып, көңіл-күйімізді көтеру үшін бір- бірімізбен амандасамыз.

**«Есте сақта»** деп аталады. Мен бірінші қимылмен амандасамын, келесі тәрбиеші амандасып болған соң менің қалай сәлемдескенімді көрсетеді. Тәрбиешілердің есте сақтау қабілетін байқау. Әрі қарай тәрбиешілер жалғастырады. Болған соң орындарына отырады.

Бірінші интеллектуалдық ойын туралы түсіндіру. (слайд көрсету). Жалпы «интеллект» деген латын тілінен аударғанда таным, ұғыну және жеке тұлғаның ақыл- ой қабілеті. Ойындар арқылы балыны дамыту. Дамыту ойындары баланың қабылдау қабілетін, ойын дамытуға білімді терең меңгеруіне ықпал етеді. Интелектуалдық ойын түрлері өте көп. Атап айтатын болсақ сергіту, дидактикалық ойындар, логикалық ойындар, ұлттық ойындар, математикалық ойын дар, заттық және құрылыс ойын түрлері болады. Бізде көп қолданатын дидактикалық ойындар. Әр ойынның мақсаты болады Мысалы:. **«Қолғаптың сыңарын тап»** ойыны. **Мақсаты**. Балаларға оң және солды ажыратуға, түстер бойынша топтастыруға үйрету. «**Көлеңкесін тап**» ойынына келетін болсақ мақсаты балалардың зейінін, көру қабілетін дамыту және ұқыптылыққа үйрету. Басқа ойындардың түрлері өте көп. Әр ойын түрлерінен көрнекіліктер көрсету(слайд).

Ал енді сайысымызды бастаймыз. Сайыс мынадай бөлімдерден тұрады.

1. Топтың атауларын таныстыру. Топтың атын айту және өлең немесе сурет түрінде таныстыру. Әр ойын сайын ұпайлар қойылады. Үш және бес ұпай аралықта болады.
2. Сұрақ- жауап.
3. «Мақалды жалғастыр. »
4. «Көп сөйлеме». ойыны
5. «Ой қозғау» ойыны.
6. Постер қорғау. Екі топқа тапсырма беру.
7. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» ойыны. Әр бөлімнің шартын ойын барысында таныстырып отырамын. Ойын шартымен таны болсақ сайысымызды бастаймыз.

**1. Таныстыру**. Ек топ топтардың атын айтады және күрделендіріп таныстырады( әнмен, өлеңмен т. б ). Әділқазылар бағасын беріп отырады.

**2. «Сұрақ –жауап» әдісі**. Екі топқа бірнеше сұрақтар беріледі. Жауап беретін топ алдарындағы сылдырмақты сылдырлату арқылы тез жауап беруі керек.

1. Жасыл адамды көрген жағдайда нестеу керек?
2. Құлақ не үшін керек?.
3. Алфавиттің ең соңғы әрібі?
4. Мектепке дейінгі мекемелерге бағынатын құжат.
5. Индикатор дегеніміз не?
6. Педагогика оқулығының авторы кім?
7. Қ. Р. Білім беру туралы заңы қай жылы қай күні қабылданды? 8. Интеллектуалдық ойындардың түрлерін ата.
9. Стандартта мынадай терминдер бар. Олардың анықтамалары қандай?

**Әлеуметтік дағды** - бала мектепке дейінгі жаста меңгеретін өзара әлеуметтік әрекеттің әдістері мен тәсілдері

**Интеграция**-мазмұнның құрылымдық бөлімдерінің арасындағы байланысты орнанатын процес

10. Киіз үйдің жабдықтары: аяқбау, бақан, бас арқан, басар, басқұр, белбеу, белдеу, дөдеге жел арқан, туырлық түндік, уыққап, үзік.

**3 «Мақалды жалғастыр» ойыны**. Мен мақал – мәтелдердің бірінші жолын айтамын, сіздер ары қарай жалғастырасыздар.

1. Нан тамақтың атасы
Ынтымақ – көптің батасы.
2. Еңбек адамның көркі
Адам заманның көркі.
3. Ағайын тату болса-ат көп
Абысын тату болса- ас көп.
4. Ұстаз алдында тілің тый
Ұста алдың да қолың тый.

**3. «Көп сөйлеме»** ойыны. Бұл ойынның шарты:Командылан бір ойыншы шығады. Оған сөздер көрсету Өз командыларына мимикамен және іс- қимылмен сөздерді көрсету керек. Отыз секунт уақыт беріледі.. Әр дұрыс сөзге үш ұпйдан беріледі.

Кітап, он саны, тау, қар, құстар, жылқы, қап, шекара, қасқыр, майшам, тасбақа, қарбыз, қанат, тұмсық, мұз, ту, ықылық, қайық, шатыр, тон, мүйіз, бөрік, базар, қарбыз, несие, ерлі-зайпты, қонақ, самаурын, қобыз, сиыр.

**4. «Ой қозғау» ойыны**. Екі топқа ұлағатты сөздер беріледі. Он секунта сөздерді құрастырып ғалымдардың ұлағатты сөздерін құрастыру.

Баланың рухани өміріне тереңдей қарай алмаған адам нағыз тәрбиелеуші бола алмайды. **В. Сухомлинский**

Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат. **К. Ушинский.**

**5. Постер қорғау**. Екі топқа тапсырма беріледі.

**1-Топқа «Біз қандай тәрбиешіміз**?» постер қорғау.. Және интеллектуалдық ойын түрлерінен біреуін алып баланың дамуына қандай пайдасы бар екенін жазып немесе сызба ретінде көрсету.

**2-топқа «Болашақта мектепке дейінгі мекеме қандай боғанын қалайсыздар**?» сызба немесе сурет салып қорғау.

**7. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» ойыны**. Ойын шарты: Әр түрлі әріптер болады. Қатысушылар бір – бір әріптен алады. Әр қатысушшыға сұрақ қойылады. Сұрақтың жауабына алып әріптен басталатын сөз ойлап айтады. А, Т, С, Ж, О, Қ, Б. , Е.

1. Жасың нешеде?
2. Сенің атың кім?
3. Қандай аңды білесің?
4. Кімді және нені жақсы көресің?
5. Тағамның атауы?

Ойын соңында әділқазылар алқасы топтың жинаған ұпайының қосындысын шығарып жеңімпаздарды анықтау.

Баланың рухани өміріне тереңдей қарай алмаған адам нағыз тәрбиелеуші бола алмайды. **В. Сухомлинский**

Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат. **К.Ушинский**.

## «МЕРЕКЕЛІК ОТШАШУ»

***Г.А. Нургалиева,***
*«№ 1 Алға мектеп-бақшасы» КММ*

**Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі**

**Білім беру салалары:** шығармашылық, коммуникация.

**Бөлімі:** сурет салу.

**Тақырыбы**: Мерекелік отшашу.

**Мақсаты:** бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру

**Міндеттері:** мерекелік отшашудың әдемілігін сурет арқылы жеткізуге,отшашудың суретін салуға үйрету, бояумен жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіру, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** «Мерекелік отшашу» демонстрациялық материалдар, «Мерекелік отшашу» үлестірмелі материалдар, отшашу бейнеленген мерекелік отшашудың суреті, сары, қызыл түсті бояулар, қылқалам, су құйылған ыдыс, ойыншық «Гномик» қағаз сүлгілер.**Сөздік жұмыс:** отшашу.

**ҰОҚ-нің барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі. Ойын сәті:**

Қонаққа саиық мазақ келеді. Балабақшаға келе жатып жолдан тауып алған суретінде ненің суреті бейнеленгенін түсіне алмай тұрғанын айтады. Педагог суреттегі мерекелік көңіл күйді, балалардың қуанып жүргенін айтады. Мерекеде отшашулардың түрлі-түсті болатынын, олардан көшенің жарық болып кететінін әңгімелеп береді. **Сөздік жұмыс: отшашу.**

Гномик оның достарының отшашуды көрмегенін айтып, өзіне отшашудың суретін салып беруді балалардан өтінеді.

**2. Негізгі кезең**. Педагог балалардың назарларын демонстрациялық материалда қызыл және сары түсті сызықтармен салынған отшашудың суретіне аударады. **Сурет салудың тәсілі.** Отшашудың сары және қызыл шоқтарын қылқаламмен қалай сүйкеп салу





керек екенін түсіндіреді. Сызықтың жоғарғы жағына сүйкеп салынады. Әр түрлі түспен бояу кезінде қылқаламды жақсылап жуып отыру керек. Жұмыс соңында қылқаламды тағы да жуып, кептіру керектігін ескертеді.

**Сергіту сәті.**

Біз гүлдерше өсеміз,
Жапырағы жайқалған.
Сабақтары салалы,
Желге ырғалып жайқалған.

Педагог балаларға үлестірмелі материалды көрсетіп, ондағы сурет салу тәсілдерін және қылқаламды дұрыс ұстауды естеріне салады.

Сүйкеп салу кезіндегі қолдың қозғалысын ауада салып үйренеді. Балалармен жеке жұмыс жасайды.

**3. Рефлексия**. Педагог қорытынды жасайды, балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырып, бәрінің жақсы жұмыс жасағандарын айтып мадақтайды. Сайық мазақ балалардың салған отшашудың суретінің өзіне ұнағанын айтып, балалармен қоштасады.

**Күтілетін нәтижелер:**

**біледі:** түстерді ажырата отырып, бояумен отшашудың суретін салуды;

**түсінеді:** отшашудың түрлі-түсті екенін, қылқаламмен жұмыс істеу ережесін сақтау керектігін;

**қолданады:** түрлі түсті бояуларды пайдалана отырып, отшашудың суретін сүйкей жағу арқылы салуды.

## «ПОМОЖЕМ МАШЕ ВЕРНУТЬСЯ ДОМОЙ»



***Г.Б. Тамбаева,***
*Актюбинскии область,*
*Город Кандыагаш,*
*Ясли-сад «Куншуак»*

Образавательная область: Познание

Раздел:ФЭМП

1. **Цель:**образ.задачи:Закрепить умения различать геометрические фигуры: круг, квадрат, треугольник.

2. Закрепить умения находить в окружающей обстановке один и много предметов.

3. Закрепить умение устанавливать отношение между понятиями: большой, поменьше и самый маленький.

4. Закрепить умение определять количественное соотношение двух групп предметов; понимать смысл слов: больше - меньше, поровну.

5. Развивать внимание, речь, наблюдательность, память, мыслительные операции.

Развив.задачигеометрические фигуры на всех детей; игрушки трёх медведей, три тарелки и три ложки; игрушки: ёжик и зайчата, белка, гриб; фланелеграф (картинки с бабочками и цветочками, по 5 штук каждых, три обруча. Кукла Маша.

Билингвальный компонент:большой – үлкен, маленький – кішкентай.

| Этапы деятельности | Действия воспитателя | Действия детей |
|---|---|---|
| Мотивационно-побудительный | - Ребята, посмотрите, у нас гости, давайте с ними поздороваемся.<br>Круг радости:<br>Здравствуй, солнце золотое!<br>Здравствуй, небо голубое!<br>Здравствуй, матушка земля !<br>Здравствуй, ты и здравствуй я! | |
| Организационно-поисковый | - Ребята, вы слышите, кто-то в дверь стучится?<br>- К нам в гости пришла девочка Маша, чтобы рассказать, как ушла она из дома одна в лес, не послушалась маму и папу и заблудилась.<br>- Ребята, скажите, пожалуйста, правильно Маша поступила, когда ушла из дома одна?<br>-Можно уходить из дома одному?<br>- А почему, как вы думаете?<br>- Ребята, вы хотите помочь Маше найти дорогу домой, чтобы она вернулась к маме и папе?<br>- Давайте узнаем у Маши, где она живет? Маша, где ты живешь? **(наклониться к кукле).**<br>Ну что, поможем Маше?<br>- Проходите, садитесь на стульчики **(фланелеграф, внизу в ряд выложены цветы- 5 штук).**<br>- На лесной полянке выросли цветочки. Посмотрите какие они красивые. Сколько их?<br>- Вот прилетели бабочки. Давайте посадим их по одной на каждый цветочек **(выкладываю бабочек на одну меньше, чем цветов).**<br>А теперь скажите, чего больше, бабочек или цветков**?**<br>А чего меньше, цветов или бабочек?<br>-Что нужно сделать, чтобы бабочек и цветов стало поровну?<br>Вот летит ещё одна бабочка. Что теперь можно сказать о количестве цветов и бабочек?<br>Молодцы! С первым заданием вы справились, а нам пора идти дальше.<br>**Загадываю загадку:**<br>Возле леса на опушке, Трое их живёт в избушке.<br>Там 3 стула и 3 кружки, 3 кровати, 3 подушки.<br>Отгадайте без подсказки, Кто герои этой сказки?<br>Правильно! | Дети отвечают на вопросы.<br>**-**Нет<br>**-**Можно заблудиться, потеряться<br>-Да<br>- Маша говорит, что она живет в большом доме. Но чтобы добраться до него, надо выполнить несколько заданий.<br>-Да, тогда отправляемся в путь!<br>**-**Много<br>**-**Цветов<br>-Бабочек<br>-Добавить одну бабочку<br>-Их поровну<br>-Три медведя<br>-Михайло Иванович, Настасья Петровна и Мишутка |

| | | |
|---|---|---|
| | На столе стоят три медведя, три тарелки и три ложки.<br>- А теперь вспомним, как звали медведей.<br>- Кто из них самый большой?<br>- Кто самый маленький?<br>- Давайте угостим медведей кашей, Саша, из какой тарелки будет есть Михайло Иванович?<br>- А чем они будут кушать?<br>Повторяется задание с ложками.<br>- Молодцы, справились и с этим заданием, а теперь немного отдохнём.<br><br>**Физминутка:**<br>Мы топаем ногами,<br>Мы хлопаем руками,<br>Киваем головой.<br>Мы руки поднимаем,<br>Мы руки опускаем<br>И вновь топаем ногами.<br>**Д. и «Один-много»**<br>Ну что, ребята, отдохнули? (да, тогда идём дальше. Ой смотрите, кто это вышел на солнышке погреться?<br>-А где живут ёжики и зайчики?<br>-Значит это какие животные? Правильно!<br>-Сколько ёжиков?<br>-А зайчат?<br>Спрашиваю по очереди всех детей.<br>Молодцы, всё то вы знаете, а нам пора продолжать наше путешествие.<br>- А сейчас я хочу поиграть с вами: раздаю детям геометрические фигуры (круг, квадрат и треугольник).<br>На ковре приготовлены три обруча: в одном обруче лежит круг, в другом – квадрат, в третьем – треугольник.- Обручи – ваши домики; у кого в руке круг (показывает кружок, у тех домик – обруч с кругом, обруч с квадратиком – это дом тех, у кого в руках квадрат (показывает квадрат, а обруч с треугольником – это дом тех, у кого в руках треугольник (показывает треугольник).<br>Пока я играю в бубен, вы бежите в колонне за мной, как только бубен перестает звучать, каждый бежит в свой домик.<br>Воспитатель выполняет роль направляющего, дети бегут за ним в колонне по одному.<br>Воспитатель проверяет, какие фигуры у детей, правильно ли они выбрали домик, уточняет, как называются фигуры в их обруче.<br>- И с этим заданием справились, молодцы! | - Михайло Иванович, Настасья Петровна и Мишутка<br>- Михайло Иванович<br>- Мишутка<br>- Из большой, а Настасья Петровна из тарелки поменьше, а Мишутка из самой маленькой тарелки<br>- Ложками<br><br>- Да<br><br>- Ёжик и зайчата<br>- В лесу<br>- Дикие<br>- Один<br>- Много<br><br>- Дети разбегутся по местам |
| Рефлексивно-корригирующий | - Ребята, смотрите, а что это там, впереди, да это же Машин домик, вот мы с вами и пришли (макет домика).<br><br>-Маша благодарит детей: Спасибо вам ребята, помогли вы мне дойти до дома, за это я вас угощу (конфеты). | |

## АҚТӨБЕ

***Г.Д. Бисембаева,***
*№ 37 «Балапан» МДҰ*

**Мақсаты**: Балаларға жыл мезгілдері туралы ұғымдарын бекіту. Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстар, маусымдық өзгерістер, адамдардың көктемдегі пайдалы іс-әрекеттері туралы мағлұмат беру. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, қарапайым сұрақтарға жауап үйрету. Табиғатқа қамқорлық жасай білуге үйрету, адамгершілікке, достыққа тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру. Мүсіндеуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеп, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Техникалық дағды мен іскерліктерін қалыптастыру. Ермексаз кесектерін жұлу, үзу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндеуге үйрету. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

**Байланыс салалары:** Таным, Шығармашылық.

**Көрнекіліктер:** Көктемгі табиғат, слайд бейнелері, жыл құстары, дидактикалық ойындар слайд арқылы, тұз қосылған қамыр (мүсіндеуге).

➤ **Шаттық шеңбері:** Балалар, таңертең көзімізді ашып, терезеге қарасақ нені көреміз?

- Күнді, аспанды, жерді...

- Олай болса, табиғатпен, күнмен амандасып алайық:

**Армысың, ардақты, аспан ата!**
**Армысың, мейірімді жер ана!**
**Армысың, шұғылалы алтын күн!**
**Күліп шықты күн бүгін!**
**Қайырлы таң, қайырлы күн!**
**Қуанатын күн бүгін!**

- Ия, балалар, біз әрбір атқан таңымызға, келген жаңа күнімізге, деніміз сау боп, аман–есен жеткеніміз үшін қуануымыз керек.

• **Көктем мезгілін бейнелеген слайд көрсету арқылы сұрақ-жауап.**

• **Сөзжұмбақ шешу «Көктем» /слайд арқылы/**

1. Сәуірдің басқаша атауы
2. Көктемде малдың жайылымы
3. Бейбітшілік құсы
4. Бізді қоршап тұрған орта
5. Көктемде адамдар жер жыртып, не егеді
6. Көктемнің соңғы айы

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **К** | **Ө** | **К** | **Е** | **К** | | | |
| **Ө** | **Р** | **І** | **С** | | | | |
| **К** | **Ө** | **Г** | **Е** | **Р** | **Ш** | **І** | **Н** |
| **Т** | **А** | **Б** | **И** | **Ғ** | **А** | **Т** | |
| **Е** | **Г** | **І** | **Н** | | | | |
| **М** | **А** | **М** | **Ы** | **Р** | | | |

- Жарайсыңдар балалар, енді сөздердің басқы әріптерін құрайық, қандай сөз шығады екен?

- **Көктем** сөзі.

- Дұрыс, орнымыздан тұрып сергіп алайық.

➤ **Сергіту сәті:**

Көктем келді, құс келді, (шеңбер бойымен жүру)
Ойнаймыз біз саз илеп. (тоқтап, шеңбер ішіне қарау)
Біздің көлге түсті енді, (қолдарын жаю)
Былтыр кеткен қаз үйрек. (ұшу)
Көк көйлегін киді жер, (шеңбер бойымен жүру)
Шешіп ақ қар ішігін. (тоқтап, шеңбер ішіне қарау)
Емірене сүйді жел, (қолдарын жоғары көтеру)
Тал-теректің бүршігін. (тербеліп, жел соққанын көрсету)

➤ **Дидактикалық ойын: «Суретші қай жерде қателескен?» /слайд арқылы/**

**Шарты:** Жыл мезгілдері берілген: (көктемде аққала, жазда қар жауып тұр, күзде бәйшешек, қыста жапырақ, гүл бейнеленген.) Әр мезгілдің өз ерекшеліктерін табу.

**-** Өте жақсы, сендер суретшінің қатесін таптыңдар, рахмет. Көктем жайлы тағы не білеміз, мүмкін **<u>тақпақтар, мақал-мәтел, жұмбақтар</u> айтармыз?**

1. Көктем, көктем, көктемде, Құстар келіп жеткенде. Қуанып бір қаламыз, Әнмен қарсы аламыз.

2. Қар еріді, су ақты,
Күндер келді,шуақты.
Байтақ дала келбеті,
Түкті кілем сияқты.

3. Қандай қызық көктемде,
Жаңбыр жауар себелеп.
Күн ашылса болғаны,
Көлбеңдейді көбелек.

➤ **Мақал-мәтелдер:**

1. «Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар».
2. «Гүл өссе-жердің көркі, қыз өссе-елдің көркі»
3. «Бір тал кессең, он тал ек»
4. Ағаш көркі-жапырақ, адам көркі-шүберек».
5. «Бұлақ көрсең -көзін аш»
6. «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын»

➤ **Жұмбақтар:**

1. Тырс-тырс етіп тамады, әлемге нұрын шашады. (Жаңбыр)
2. Ағайынды бәрі, шықса-жасыл, түссе-сары. (Жапырақ)

➤ **Дидактикалық ойын: «Құстарды орналастыр» /слайд арқылы/**

**Шарты:** Әр ұяда тапсырмалар берілген. Онда құстардың аты жұмбақталған . Жауабына қарай құстарды орналастыру керек:

**1-ұядағы тапсырма: қанаттары ұзын, құйрықты екі айыр құс қандай құс? (қарлығаш)**

**2-ұяның тапсырмасы: Зиянды жәндіктерді жоятын ерекше құс қандай құс? (тоқылдақ)**

**3-ұяның тапсырмасы: Ән салатын құс қалай аталады? (бұлбұл)**

**4-ұяның тапсырмасы: Түсі ақ, адал құс, бақыт, достық символына айналған қандай құс?**

**(көгершін)**

**-** Жарайсыңдар, балалар, құстарды өз ұяларына орналастырдыңдар, рахмет. Құстар туралы көп біледі екенсіңдер, ендеше бейбітшілік құсына арналған «Ақ көгершін» әнін орындайық.

9 мамыр – Жеңіс күні баршаңызға құтты болсын! Бейбітшілік заман болсын!

➤ **Ән: «Ақ көгершін»**

- Балалалар, орнымызға отырып, көгершін құсын мүсіндейік. Мүсінді тұз қосылған қамырдан жасаймыз.

- Дайын мүсінді түйреуішке өткіземіз. (Қауіпсіздік ережелерін сақтау, түйреуішті үлкендер көмегімен пайдалану) Сонда әдемі көгершінді түйреуіш (брошк) дайын болады.

**Балалар көгершіндерін қонақтарға сыйлайды.**

## «ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ»

***Г.Д. Бисембаева,***
*№ 37 «Балапан» МДҰ*

**Білім беру саласы**: Қатынас, таным, шығармашылық

**Бөлімі:** Тіл дамыту, көркем әдебиет, сенсорика, музыка.

**Тақырыбы:** «Үй жануарлары»

**Мақсаты:**

**Білімділік:**. Үй жануарлары және олардың төлдерімен таныстыру, үй жануарлары жайлы түсініктерін, ажырата білуді үйрету, пайдасы жайлы алған білімдерін бекіту.

**Дамытушылық**: Әңгімелету арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, өз ойларын еркін, әрі нақты жеткізе білуге дағдыландыру, ойын арқылы сөздік қорларын молайту.

**Тәрбиелік:** Жануарларға қамқорлық жасауға, оларға сүйіспеншілікпен қарай білуге тәрбиелеу.

**Әдіс- тәсілі**: түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ - жауап, ойын,

**Көрнекіліктер**: Үй жануарларының суреттері, интерактивті тақта.

**Сабақ түрі:** Саяхат сабақ.

**Сабақтың барысы: Тәрбиешінің іс- әрекеті**

**Ұйымдастырушылық- оятушылық.**

- Балалар біздерге көптеген қонақтар келіп қалыпты. Олай болса «Сәлем сөздің анасы» дегендей қонақтармен амандасып алайық.

Сәлеметсіздер ме?

- Өте жақсы балалар, бүгінгі күніміз сәтті, көңілді өту үшін кәнекей жылулық шеңберін құрайық.

**Жылулық шеңбері.**

Атам мені құлыным дейді,
Әжем мені ботам дейді,
Әкем мені шырағым дейді,
Анам мені қозым дейді,

- Жарайсыңдар, балалар сендерді ата- аналарын, ата- әжелерін осылай еркелете ме? Олай болса бүгін үй жануарлары жайында болмақ. Кәнекей балалар орнымызға жайғасып отырайық.

- Суретте не көріп отырсыңдар?

- Үй жануарлары

- үй жануарларына нелер жатады?

- түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі, қой, ит, мысық

- Үй жануарларының төлін атайықшы?

- Бота, құлын, бұзау, қозы, лақ

**«Төлін тап» ойыны**

**Сергіту жаттығуы:**

Тікірейіп құлағы, менен бұрын тұрады.
Бойын жазып керіліп, беті қолын жуады.

- Үй жануарлары қайда тіршілік етеді? Ауылда

- Ал біздер қайда тұрамыз? Ақтөбе қаласында

Ауылға барғыларын келеме?

**Ауылға саяхат. Автобуска отыру.**

Көңілді бару үшін «Қошақан» әнін орындайық

**Ойын: «Ненің дыбысы?»** Көзді жумып, ненің дыбыстары екенін аныктап, айтады. (мөө- сиыр, мәә- қой.т.б.)

Міне ауылға да жеттік. Әжемізбен амандасайық. Әже құрт жасағалы жатыр екен..

- Әже сіз не жасайын деп жатсыз?

- Мен құрт жасайын деп жатырмын. Маған көмектесесіндер ме? **«Тұзды қамырмен жұмыс» (құрт жасау)**

Әрине көмектесеміз. Құрттың жасалу жолын түсіндіріп беріңізші

Сиыр сүтін пісіріп айран қылып жасаймыз. Айранды сүзіп. Одан құрт жасаймыз.

Үй жануарлардың тағы қандай пайдасы бар?

**Әже**:Олардың пайдасы өте көп, жеп отырған етіміз, ағарған тағамдарымыздың барлығын осы төрт түліктен алынады.

Қой - төрт түліктің ішіндегі аса жуасы, момыны. Аяғымызға киетін байпағамыз, еденге төселетін киіздер бәрі де осы қойдың жүнінен жасалады.

Және де қойдың етін тағам ретінде пайдаланамыз, Қойдың төлі – қозы.

Ешкі – түбіті, терісі өте мықты болады. Ертеректе ешкінің терісінен сусын құятын мес жасаған, сүті мен еті өте пайдалы. Ешкінің төлі – лақ.

Сиыр – сиырдың сүтінен жасалатын ұлттық тағамдар өте көп. Олар құрт, ірімшік, май, айран, қаймақ, сүзбе, сиырдың еті өте дәмді болады. Сиырдың төлі – бұзау.

Түйе – түйені ертеректе көшіп- қонған кезде үстіне жүк артып көлік ретінде пайдаланған. Түйе сүтінен адамға емдік қасиеті бар шұбат жасалынады. Түйенің төлі – бота деп аталады. Құрт , май, сүт, айран сүт өнімдерін көрсету. - Адамдарға қандай пайдасы бар?

Сиыр – сүт, қаймақ, май, ірімшік, сүзбе, құрт жасаймыз

Жылқы – жүк тасиды, қымыз, ет, терісінен киім тігеді.

Қой – жүнінен киім тоқиды, ет.

Ешкі – түбітінен киім тоқиды, ет.

Түйе – жүк тасиды, шұбат, жүнінен киім тоқиды, ет.

Есек – жүк тасиды.

Ит – үйімізді, малымызды күзетеді.

Мысық – тышқан аулайды.

Т: Әжемізге көп рахмет. Үй жануарлардың пайдасы жайлы айтып берді. Ендеше, балалар әжемізге тақпақ айтайық.

**Айару:** Қой баласы қоңырым, Қойдан жуас момыным Шопан ата түлегі, қошаканым қайдасың?

**Аймар:** Қара көзің мөлдіреп, Қызықтырмай қоймайды. Жібек жүнің улбіреп, қарасам көз тоймайды.

**Диас**: Мөө, мөө деген ані бар, Үй маңынан табылар. Ойқастаған бұзауым, Ойнақтаған жануар.

**Дінмұхаммед:**

Шөре, шөре, лағым, Тентек болма, шырағым. Секендеме, жүгірме, Селкілдемей құлағың.

Әже: Жарайсыңдар балаларым, өте ақылды екенсіңдер. Рахмет балалар, маған көмектестіңдер.сол үшін сиыр сүтінен жасалған құрт берейін.

Рахмет, ата әже, сау болыңыздар.

Автобусқа отырып, оралу.

**Қорытынды.**

## «РЫБКИ В АКВАРИУМЕ»

### Конспект занятия по аппликации в средней группе



*Г.И. Мажарова,*
*Актюбинский область,*
*Город Кандыагаш,*
*«Ясли - сад» «Күншуақ»*

Интеграция образовательных областей: «ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ТВОРЧЕСТВО» (аппликация) «СОЦИАЛИЗАЦИЯ», «КОММУНИКАЦИЯ», «ПОЗНАНИЕ»

**Цель:** Закрепить знания детей о рыбках, живущих в аквариумах, о необходимых условиях для жизни рыбок в аквариумах. Желания работать вместе, доводить начатое дело до своего логического завершения.

**Задачи:**

- Дать представление детям о подводном мире.
- Расширить словарный запас детей.
- Развивать художественное воображение, эстетический вкус.
- Развивать чувство композиции.
- Воспитывать интерес и любовь к природе, бережное отношение к ней.
- Развивать умение располагать детали на всем листе (аквариуме).
- Продолжать развивать умение рассматривать и оценивать созданные изображения.
- Развивать мелкую моторику кистей рук.

**Предварительная работа:** Чтение стихотворений о рыбках, отгадывание загадок. Беседа на тему «Где живут рыбы?».Дид/игра «Собери рыбку», рассматривание иллюстраций о рыбках, живущих в аквариумах. Рассматривание аквариума.

**Материал:** письмо от котенка, ватман с нарисованным аквариумом, силуэты рыбок,водоросли, камушки. Клеящие карандаши, салфетки, клеёнка. Макет аквариума с рыбками.

**Методы и приемы работы с детьми:** наглядно - словесные.

**Ход непосредственно образовательной деятельности.**

Воспитатель: Ребята давайте поздороваемся.

Встанем в круг
Все мы дружные ребята,
Мы ребята дошколята.
Никого не обижаем,
Как заботится мы знаем.
Никого в обиде мы не бросим,
Если нужно мы поможем!

Воспитатель: Ребята, сегодня утром почтальон принес нам вот это письмо (показывает). Хотите узнать, что написано в письме?

Дети: Да!

Воспитатель: (Открывает письмо, читает) Здравствуйте, ребята. Пишет вам котенок Пушок. Я знаю, что все вы очень добрые и дружные. Любите помогать тем, кто попал в беду. У меня случилось несчастье. У моей хозяйки, девочки Айгерим в аквариуме жили рыбки. Они были такие красивые. А вчера вечером я баловался, бегал и нечаянно разбил аквариум. Все рыбки погибли. Моя хозяйка очень расстроилась. Помогите мне, пожалуйста.

Воспитатель: Ребята, вы готовы помочь котенку?

Дети: Да.

Воспитатель:Молодцы! Но, прежде всего нам с вами нужно вспомнить, а что такое аквариум? (Ответы детей с опорой на картинку).

Воспитатель: А почему рыбки не могут жить без воды?

Дети: Потому что они без воды, на воздухе не могут дышать.

Воспитатель: Ребята, вакварилумеесть рыбки

Гуппи, меченосец, телескоп.

Воспитатель: Ребята, а как нужно ухаживать за рыбками в аквариуме? Ответы детей.

Воспитатель: Молодцы, а сейчас я предлагаю вам немного отдохнуть.

**Физминутка**: «Пять маленьких рыбок»

Пять маленьких рыбок ныряли в реке (имитация рыб).

Лежало большое бревно на песке (развести руки в стороны).

Первая рыбка сказала :- нырять здесь легко (имитация ныряния).

Вторая сказала :- ведь здесь глубоко (грозят указательным пальцем).

Третья сказала:- мне хочется спать (руки лодочкой под ухо).

Четвертая стала чуть-чуть замерзать (потереть кистями плечи).

Пятая крикнула:- здесь крокодил (руками имитируют пасть крокодила).

Плывите скорее, чтоб не проглотил (убегают).

Воспитатель: Молодцы. А сейчас давайте вспомним, что должно быть в аквариуме? Ответы детей.

Воспитатель: Хорошо, все назвали. А сейчас я предлагаю вам пройти к столу и посмотреть, что на нем лежит?

Дети: Нарисованный аквариум.

Воспитатель: Верно. Что мы с вами будем размещать в аквариуме?

Дети: Камешки, водоросли и рыбок.

Воспитатель напоминает ребятам, как работать с клеем, напоминает, как правильно сидеть за столом. Дети приступают к работе, воспитатель помогает по мере необходимости.

Воспитатель хвалит детей за хорошо выполненную работу, предлагает ребятам сложить аппликацию в конверт и отправить котенку Пушку.

Ребята с радостью соглашаются.

Воспитатель подводит итог:

Чем занимались на занятии? Что понравилось больше всего? Кому помогали? Что оказалось самым сложным?

## «ДЕНСАУЛЫҚ ЕЛІНЕ САЯХАТ»



***Г.К. Бисенбина,***
*Ақтөбе қаласы,*
*«№28 «Көркем» балабақшасының тәрбиеші*

**Мақсаты:** мектепке дейінгі ортаңғы топ балаларының салауатты өмір салтын сақтауға дағдыландыру.

**Білімділік:** балалардың тазалыққа ,денсаулыққа деген қызығушылығын арттыру, көңіл- күйлерін көтеру үшін жағдай жасау.

**Дамытушылық:** дұрыс тамақтану ережелерін күнделіті өмірінде білімдерін жинақтау, дененің физикалық дамуын жетілдіру.

**Тәрбиелік:** мәдени гигиеналық дағдыларының адамның денсаулығына ықпалын тигізу; денсаулықты сақтау ережелерін бекіту.

**Сабақ барысы:**Балалар залға кіреді.

**Тәрбиеші:** Балалар, қарандаршы бүгін бізге көп қонақтар келіпті. Қане кісілермен амандасайықшы: «Сәлеметсіздер ме! Балалар біз жана тек амандасып қана қоймай, бірімізге және барлық қонақтарға денсаулық пен жақсы көңіл- күй тіледік.Ал енді біздің көңіл- күйіміз қандай екенін білдіру үшін, мына сиқырлы гүліміз көмектеседі. Балалар қарандаршы ол қандай гүл(балалар сипаттайды). Мен сендерге бүгінгі көңіл- күйлеріне қарай гүлдің жапырағын таңдауды ұсынамын. Балалар айтыңдаршы, адамның көңіл күйі қай уақытта нашар болады(балалар жауабы).

- Қай уақытта жақсы болады? (балалар жауабы)

- Ал сендер қандай түсті жапырақтар таңдадыңдар?

- Егер олар ашық түсті болса, бүгінгі сендердің көңіл- күйлерін қандай екенін білеміз.

- Ал енді көңіл- күйлерін өте жақсы болса, сиқырлы гүл бізді «денсаулық» еліне саяхатқа шақырады. Сендер ол жаққа барғыларын келеді ме?

- Онда барлығымыз сиқырлы сөздерді қайталаймыз:

Жапырақтар ұшындар
Барлық жерді шарландар
Ұшып- ұшып қалықтап
Қайта қоншы шарықтап
Түспей тұрып сен жерге
Біздің айтқанымызды істе:

- Бізді денсаулық қалашығына апаруыңды қалаймыз.(сиқырлы әуен орындалады, ин-

терактивті тақтада «Денсаулық» қалашығының суреті)

- Міне, «Денсаулық» қалашығына келдік. Барлық қалада сияқты, мұндада көптеген көшелер бар. Бізді ұзақ жол күтіп тұр, оңай емес. Бізге бірінші көшеге түсу үшін, сиқырлы жолмен өту керек.

- Ал құрметті достар, дайынбыз ба баруға?Кеттік(Көңілді ән орындалады)

1.Көше. Бұл жерде үйдің модулі «Пайдалы тағамдар» суреті.

- Балалар үйден ненің суретін көріп тұрсындар? Қалай ойлайсындар бұл көше қалай аталуы мүмкін?

- Поднос тұрған үстелге таянайықшы.

- Қараңдаршы, подноста қандай тағамдар бар екен(балалар айта бастайды).

- Балалар мына жерде денсаулыққа пайдалы тағамдар және денсаулыққа зиянның тигізетін тағамдар бар.

- Мен сендерге жасыл себетке пайдалы, ал қызыл себетке зиянды тағамдарды салуды ұсынамын.

- Қане тексерейікші.Қызыл себетке қандай тағамдарды салдындар?(балалар жауабы) Ал олардың денсаулығымызға қандай зияны бар?

- Ал жасыл себетке қандай тағамдарды салдындар?Ал олардың денсаулығымызға тигізетін пайдасы қандай? (балалар жауабы)

- Балалар біз бұл көшеде қандай ереже меңгердік?Деніміз сау болу үшін не істеу керек?

Ереже: Деніміз сау болу үшін дұрыс тамақтану қажет.

Тәрбиеші:Енді құрметті саяхатшыларым, келесі көшеге баруға дайындалу керек. Оған жету үшін кедергілер арасымен жүгіріп өтуіміз керек(көңілді әуен орындалады)

2.Көше.Үйдің модулі «Спортпен шұғылданған балалар» суреті.

- Үйде ненің суреті бейнеленген ?(балалар жауабы)

- Бұл көше қалай аталуы мүмкін? Балалар орындыққа отырады.(интерактивті тақта алдында)

- Қараңдаршы тақтада әртүрлі спорт түрлері бейнеленген. Мен сендерге қайсысы қысқы спорт түріне, қайсысы жазғы спорт түріне қатысты екенін анықтауды ұсынамын.

- Енді бұл көшеде қандай ережені меңгердік? Деніміз сау болу үшін не істеу керек екен?

Ереже: Деніміз сау болу үшін спортпен шұғылдану керек:

- Құрметті достар, енді мен сіздерді көңілді жаттығуға шақырамын.

Тәрбиеші:Ой қалай тамаша қуанып, демалып қалдық. Қане балалар сендерде жаттығудан күштерін көбейді ме?

- Онда бізге келесі көшеге баруға жиналу керек.Ал ол жаққа жету үшін, бір төмпешіктен екінші төмпешікке секіріп өту керек(-көңілді әуен орындалады).

3.Көше. Үйдің модулі «Мойдодыр» суреті бейнеленген.

- Балалар мұнда ненің суреті? Мойдодыр қандай балаларды жақсы көреді екен? (балалар жауабы) Қалай ойлайсындар бұл көше қалай аталады?

- Балалар қараңдаршы, Мойдодыр мұнда бізге сиқырлы сандықшасын тастап кетіпті. Ал оның ішінде не бар екенін жұмбақтың шешуін тапқан кезде білеміз:

1.Сумен кірді ашады, Өзі судан қашады. (сабын- мыло)

2. Жуынып болғанында, Жүреді қолдарында. (орамал- полотенца)

3. Түйістіреді көзіңді- көзіңе, Жолықтырады өзіңді- өзіне. (айна- зеркало)

4. Қалтамда жатыр тісі бар, Тістемей- ақ, істер ісі бар.(тарақ- расческа)

- Бұл құралдар бір сөзбен қалай аталады? Олар не үшін қажет? (балалар жауабы)

- Бұл көшеде біз қандай ережені меңгердік? Деніміз сау болу үшін не істеу керек?

Ереже: Деніміз сау болу үшін жеке гигиеналық ережелерді сақтау қажет.

- Ал енді құрметті саяхатшыларым, бізге балабақшаға қайту керек. Шеңбер құрып тұрып, ьарлығымыз сиқырлы сөздерді айтамыз:

«Бір, екі, үш,сиқырлы гүл біздің қайта оралуымызға берші күш»

Көзімізді жұмамыз(сиқырлы әуен орындалады). Көзімізді ашамыз.

- Балалар біз бүгін қай жерге бардық?

- Сендерге саяхат ұнады ма?

- Қане есімізге түсірейікші, деніміз сау болу үшін не істеуіміз қажет? Ол үшін бізге суреттер көмектеседі.

- Қараңдаршы, бізде ғажайып ағаш бар. Осы ағашқа деніміз сау болу үшін, не керек екені туралы бұтақтарға суреттерін іліп, қонақтарға айтып берейікші.

- Енді тағы қолымызды ұстап, бір- бірімізге және қонақтарға денсаулық тілейміз.

## МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ

***Г.Ч. Аймбетова,***
*Актюбинская область,*
*Айтекебийский район,*
*Теренсайская ОСШ*
*Учитель русского языка*
*и литературы*

*«Как хорошо уметь читать,*
*Не надо к маме приставать,*
*Не надо бабушку трясти,*
*Прочти, пожалуйста, прочти.*
*Не надо умолять сестрицу*
*Ну, прочитай еще страницу.*
*Не надо ждать, не надо звать,*
*А можно взять и прочитать».*
***В. Берестов***

Какой предмет в курсе начальной школы вы бы назвали главным? Наверняка все в один голос объявят: «Они все главные!» И будут правы.

Математика развивает ум, память, образное мышление; задача русского языка в том, чтобы научить ребенка правильно и умело пользоваться речью в различных жизненных ситуациях; на уроках естествознания дети должны осознать себя частью огромного и удивительно разнообразного в своих проявлениях мира природы, полюбить его и научиться уважать; ну, а тот, кто не научился бегло читать в начальной школе, вряд ли может рассчитывать на большие успехи в средней школе.

Итак, предметы всякие нужны, предметы всякие важны! Однако, чтение в жизни каждого культурного человека, занимает важное место. Чтение пронизывает все сферы и этапы жизни личности (младенчество, детство, юность, зрелость, старость), во многом определяет жизненную успешность.

Без чтения нет профессионального становления, эмоционального и интеллектуального развития. Не только в школе, но и дома, в семье, мы учим детей любить книги. Наверное, нет родителей, которые не хотели бы научить детей быстро и выразительно читать, привить интерес к чтению, ибо роль книги в жизни огромна.

Хорошая книга – и воспитатель, и учитель, и друг. Вспоминаются слова В. А. Сухомлинского о том, что можно жить и быть счастливым, не овладев математикой. Но нельзя быть счастливым, не умея читать. Тот, кому недоступно искусство чтения – невоспитанный человек, нравственный невежда. Чтение – это главное умение человека в жизни, без которого он не может постичь окружающий мир.

Огромная роль в формировании навыка правильного, вдумчивого чтения принадлежит школьному учителю. Перед учителями начальных классов стоит важнейшая цель – формирование читательской компетентности младших школьников. Это означает, что за четыре года обучения в школе первой ступени дети должны овладеть техникой чтения, приемами понимания прочитанного и прослушанного произведения, знанием книг и умением самостоятельно их выбирать.

Проблемы детского чтения, с которыми сталкиваются сегодня родители, преподаватели и психологи, это то, что ребенок-школьник никак не может перейти от слогового чтения к чтению словами или читает очень медленно, с большим количеством ошибок. Даже умеющий бегло и правильно читать ребенок категорически отказывается делать это сверх школьной программы. Он «лишнюю» строчку не прочтет, если ее не задавали.

Многие учащиеся уже с первого класса твердят, что терпеть не могут читать, и называют уроки чтения, а потом и литературы в числе самых нелюбимых предметов. Чаще такие дети  не способны пересказать прочитанное, так как просто не понимает и не запоминает, что читают. А в погоне за техникой чтения теряют смысл прочитанного как дети, читающие медленно, с ошибками, так и те, кто читает хорошо.

Попробуем разобраться, в чем же причины такой повальной нелюбви детей к чтению, особенно удивительной для нашей страны, долгое время носившей звание «самой читающей в мире».

Специалисты называют две основные причины. Первая – это результат раннего обучения, так как ребенка учат неправильно, отбивая у него всякий интерес к чтению. Многие родители хотят, чтобы их ребёнок был самым-самым! Плохо разбираясь в детской психологии и физиологии, сердобольные родители стремятся «загрузить» своё чадо сверх его возможностей.

К таким «высоким возможностям» относится и очень раннее обучение ребёнка чтению. До сих пор нет ответа на вопрос: нужно ли учить читать детей младше трех лет?

Большинство психологов и педагогов – сторонников «старой школы» – считают, что такое опережающее развитие только тешит самолюбие родителей, а ребенок ничего, кроме нервно-психического переутомления, не получает.

С одной стороны, наука и техника постоянно развиваются, требуя от пользователей все большего уровня развития, и то, что наши предки умели делать к середине жизни, большинство из нас умеет и понимает уже в подростковом возрасте. Поэтому раннее развитие и обучение ребенка – это не попытка «лишить его радостного детства», а необходимое условие освоения окружающего мира, в котором господствуют высокие технологии и огромные объемы информации.

Но, с другой стороны, не стоят на месте и так называемые патогенные факторы: плохая экология, низкий уровень социального и медицинского обеспечения, большой процент хронических заболеваний, а также стрессы, новые болезни. Все это приводит к рождению слабых, болезненных детей, которым необходимо щадящее, компенсаторное и коррекционное обучение, а ни в коем случае не опережающее и перегружающее.

Взрослым, стоящим перед выбором – учить или не учить малыша читать в раннем возрасте, необходимо ответить для себя на два вопроса.

Во-первых, достаточно ли хорошо они владеют методикой раннего обучения чтению, чтобы не создать своему ребенку проблем в дальнейшем, например, наибольшую сложность вызывает развитие у ребенка фонематического слуха.

Во-вторых, выдержит ли их чадо предлагаемые ему нагрузки. Если у ребенка были какие-либо невропатологические проблемы при рождении или в младенчестве, он очень активен или наоборот пассивен, то до 5–6 лет лучше ограничиться развивающими играми.

И вторая причина проблем с чтением – это специфическая задержка развития навыка чтения – дислексия. Все чаще от учителей начальной школы и детских психологов родители плохо читающих детей могут услышать непонятный и пугающий диагноз: «дислексия».

Известный чешский психолог Зденек Матейчек считает, что это «специфическое нарушение чтения в процессе развития» наверняка существует еще с тех самых времен, когда люди изобрели звуковое письмо. Но обнаружили эту проблему только в конце девятнадцатого века, а исследовать и пытаться исправить – стали лишь в середине прошлого. Это нарушение становится препятствием в обучении от 2 % до 10 % школьников. Наиболее ярко оно выражено у детей 6–8 лет, именно в этом возрасте дислексию легче обнаружить и скорректировать. Ребенок, предрасположенный к дислексии, неспособен овладеть слоговым слиянием, чтением целыми словами, нередко плохо понимает прочитанное. Также обращает на себя внимание ограниченный словарный запас, особенно в обозначении отвлеченных понятий – временных, пространственных и т. д.

Ведущий симптом дислексии на начальном этапе овладения чтением: ребенку трудно понять и запомнить, что данная буква соответствует данному звуку, ему трудно складывать отдельные звуки в слоги. Наиболее часто дислексия встречается у леворуких детей, или у так называемых скрытых левшей, когда ребенок пишет правой рукой, но ведущим у него является правое, а не левое, как у правшей, полушарие мозга.

Эти дети испытывают проблемы, в пространственной ориентации, например, право и лево. Они могут читать слова и целые строчки справа налево, при чтении у них преобладают ошибки угадывающего типа в виде замены букв или слов.

Нарушения чтения очень часто сопровождаются нарушением письма (дисграфией), например, происходят замены гласных («часто-чосто») или пропуски гласных («лежит – лжт»). Ребенку 6–8 лет требуется консультация специалиста, если он путается в порядке следования времен года и дней недели, не может правильно повторить в прямом порядке больше трех цифр, а в обратном – больше двух, не может правильно повторить даже простые ритмы, например, взрослый стучит рукой или карандашом по столу, плохо ориентируется в заданиях, требующих знания, где право, а где лево.

Но далеко не всегда проблемы чтения связаны с предрасположенностью к дислексии. Учителя часто жалуются на сложности, возникающие на уроках чтения из-за того, что дети изначально находятся на разном уровне подготовки, одни уже бегло читают, другие только научились складывать буквы в слова.

Хорошо читающие дети отвлекаются, ме-

шают другим, потому что им скучно слушать. Плохо читающий ребенок начинает стесняться своего неумения и от этого читает еще хуже. Если же педагог ориентируется на хорошо читающих детей, то ученик, который плохо читает, ничего не понимает и не успевает на уроке, постепенно теряет интерес к учебе. Глубоко травмируют ребенка замечания более хорошо читающих одноклассников.

Такая практика, как чтение на скорость, ставит ребенка в невыгодное для него положение – ведь большинство детей читают быстрее. То же самое происходит с застенчивым ребенком – ему тяжело читать вслух, «на публику».

Что делать? С раннего детства приучайте ребенка к книге, читайте ему сказки, стихи. Пусть уже с года, а то и раньше одним из постоянных подарков ребенку будет книга, соответствующая его возрасту. Старайтесь не форсировать события – усложнение материала должно происходить постепенно. Видите, что предложенная вами книга слишком трудна для ребенка или неинтересна? Не настаивайте. Отложите ее на время.

Прививая ребенку культуру чтения, помните, что самый главный пример для ребенка – вы сами. Современные дети почти не видят родителей с книгой. Большинству родителей сейчас не до чтения, максимум, на что их хватает, – это на газеты и журналы. Сложно убедить ребенка в том, что чтение лучше и полезнее, если он видит, что окружающие предпочитают книге телевизоры и компьютеры.

Заведите ритуал вечернего чтения. Выберите какую-либо книгу и читайте ее понемногу каждый вечер. Маленькому ребенку читайте сами, со старшими детьми читайте вслух по ролям.

Если ребенок отказывается читать что-либо дополнительно, попробуйте почитать ему о том, чем он интересуется. Например, если он интересуется динозаврами – читайте о динозаврах. Малыш вошел во вкус совместного вечернего чтения, но никак не хочет читать самостоятельно? Пойдите на маленькую хитрость. Прервав накануне чтение на интересном месте, на следующий день сошлитесь на сильную занятость и предложите ребенку прочесть дальше самостоятельно, а потом вам рассказать, что там произошло. Но не злоупотребляйте, кроха может понять, что вы таким образом пытаетесь его заставить читать.

Приучайте ребенка пользоваться библиотекой, для начала запишитесь вместе в школьную или районную, вместе выбирайте там книжки.

Не гонитесь за скоростью, больше внимания уделяйте правильности прочтения слов, интонации и содержанию. Учите ребенка пересказывать, обсуждайте прочитанные книги.

Не перегружайте кроху ежедневным чтением вслух – по данным психологов, непрерывное чтение вслух должно занимать у первоклассника 8–10 минут, а у второклассника 10–15 минут.

Чтобы чтение не воспринималось ребенком как наказание, никогда не наказывайте ребенка чтением вместо игры. Можно наказать ребенка, лишив его вечернего чтения, но не наоборот. Если у ребенка не получается читать, то обязательно проконсультируйтесь у специалистов – психолога, дефектолога или логопеда.

Как организовать работу дома с детьми, которые плохо читают? В течение дня выделите время для чтения, удобное ребенку; когда малыш читает, находитесь поблизости, чтобы объяснить непонятное слово, вместе посмеяться над смешным моментом, но не сидите у него над душой – это создаст эффект принуждения; если ребенку сложно читать самостоятельно, то на первых порах читайте ему вслух заданный текст, затем пусть он читает его самостоятельно, проявляйте интерес к тому, что читает сын или дочь, отмечайте каждый, даже незначительный, с вашей точки зрения, успех похвалой или поощрением; не следует сравнивать достижения ребенка с успехами других детей, особенно его братьев и сестер, – постоянное невыгодное сравнение снижает самооценку, закрепляет неприязнь к более успешным детям.

Чтение имеет огромное значение в жизни детей, гораздо большее, чем в жизни взрослых. Книга, прочитанная в детстве, остается в памяти надолго, влияет на дальнейшее развитие ребенка, формирует миропонимание, вырабатывает определенные нормы поведения.

Долг каждого родителя, педагога и библиотекаря – научить детей любить книгу, ощущать потребность в ней, понимать её. Нужно помнить, что работа эта очень важная и её нужно проводить систематически. От того, как мы будем ей заниматься, зависит будущее нашей страны.

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ САУАТТЫЛЫҒЫ



*Д.Б. Бегисинова,*
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы*

Жалпы, сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі. Дегенмен, қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету сипатта ұғынылады. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық - тұлғаның пәндік білім, білік, дағдыларын әлеуметтік - қоғамдық ортада кез келген жағдаятқа сәйкес еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Жаратылыстану ұғымы адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі.

«Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін негізгі мектепте оқытудың негізін қалауға, алған білімдерін күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғат әлемінде) кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерімен жұмыс істеуі туралы ақпаратты жинақтау, өңдеу, талдау және сақтау жүйесі қалыптасады.

Жаратылыстанулық білім, білік, дағды қалыптастыру бастауыш мектепте «география» пәні арқылы жүзеге асырылады. Пәннің ерекше мәнге ие болу себебі ол - барлық жаратылыстану пәндерінің, оның ішінде биология, химия, экология пәндерінің бастамасы болғандықтан, сол пәндер бойынша элементарлық білім негізі қаланады. Бала дүниеге келгеннен кейін өзін қоршаған барлық дүниені тануға талпынады. Бастауыш сынып оқушысы - белсенді дүниетанушы.

Сондықтан осы пәнді оқыту арқылы оқушы тұлғасын тәрбиелеуге басты назар аударылады.Кез - келген ғылым саласы сияқты жаратылыстану бағытындағы пәндер оқушының ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, ғылыми білім жүйесіне негізделіп, танымның логикалық - саналы тәсілдеріне арқа сүйей отырып, оқушыға берілетін теориялық біліммен сипатталып, ғылыми категориялар мен дәлелдерді кеңінен пайдалануға машықтандырады .Дүниетаным - баланың қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортаға өзінің қатынасын білдіретін шындыққа негізделген көзқарастар жүйесі.

**Дүниетаным адамның белсенді ақылшысы.** Оның ерекшелігі - адамның табиғат пен қоғамға қатынасын білдіріп, оның іс - әрекеті мен қызметінің бағыт - бағдарын анықтап белгілеу. Дұрыс дүниетаным балаларды жақсылыққа жетелейді, прогрессивті түрдегі өмірді қайта құруға ұмтылдырады.

**Дүниетанымның қалыптасуына адам, табиғат, қоғам туралы білімдер тірек болады.** Адам, табиғат, қоғам - бір тұтас дүние. Адам, табиғат, қоғам арасындағы байланысты және оларды үнемі бірлікте дамитынын оқушылар бастауыш сыныптан бастап оқып, түсінуі жолға қойылып отыр. Өйткені жаратылыстануды бастауыш сыныпта оқытудың барысында оқушының таным процесі дамиды. Танымға көмегін тигізетін оқушының сезім мүшелерінің жұмысы арқылы олар сыртқы дүниені қабылдайды. Әр түрлі оқу әрекеттері нәтижесінде олар дүниені біртұтас бірлікте сезініп, қабылдау арқылы санасында білім қоры жиналып, ой өрісі кеңейеді.

**Жаратылыстану -** табиғатты зерттеумен айналысатын ғылымдардың жиынтық атауы; табиғат құбылыстары мен олардың дамуының жалпы заңдарын танумен шұғылданатын ғылымдар жүйесі.Жаратылыстану бағытында бастауыш сыныптарда білім беруде әлем жайлы ой-өрістерінің кеңеюіне, қоршаған әлемді қабылдаудың дамуына, қоршаған

ортаны қорғау және бағалай білулеріне көмектеседі.

Бастауыш мектепте оқушылар «Жаратылыстану» пәнін оқу мен меңгеруде мына нәрселерді түсінуге мүмкіндік алады:

· қоршаған әлемнің бір – бірімен өзара байланысын;

· өлі және тірі табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстардың себептерін;

· жаратылыстану бағытындағы білімнің адам үшін маңыздылығын.

«Жаратылыстану» пәнінен оқу бағдарламасы зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталып жасалған. Яғни, айналаны бақылап, зерттеп үйренеді.Қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы мен оның әдістері туралы білім негіздерін қалыптастыру және техника мен технология дамуына елеулі ықпал еткен маңызды идеяларымен, жетістіктерімен таныстыру болып отыр.Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс.Қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіне отырып, өмірлік маңызды мазмұны бар ақпаратты қабылдау біліктіліктерін қалыптастыру көзделген. Пәнді оқу барысында оқушылардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, сын тұрғысынан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер жүргізуде дамыту қажет. Ол үшін күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану біліктерін қамтамасыз ету керек.

Бастауыш сыныпта жаратылыстанудағы «Мен - зерттеушімін», «Тірі табиғат, аттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы» сияқты оқу бөлімдерін зерделеу оқушыларға мынадай дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі: -Зерттелетін тақырыпты таңдау; сұрақ қойып, оған жауап беру тәсілдерін табу; зерттеу жүргізу жоспарын құру; болжам жасау; сұраққа жауап беру үшін зерттеу жүргізу, зерттеу нәтижесінде алынған түрлі деректерді жинау, өңдеу және түсіндіру.

«Жаратылыстану» оқу пәнінің «ортақ тақырыптарының» мазмұны оқушының жақын аймағынан, яғни оның өз іс-әрекетімен тікелей байланысты тақырыптарды оқудан басталады. Бұл жерде балалар тақырып бойынша өз ойын білдіруге, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап іздеуге үйренуі тиіс. Осының негізінде, оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі іздену арқылы , оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. Яғни, оқушылардың оқу әрекеттері былай топтастырылады: «біледі», «түсінеді», «талдайды», «бағалайды», «синтездейді».

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін жаратылыстану сабақтарында осындай тиімді әдістердің пайдасы зор. Бұл сабақтарда оқушылар жеке, жұпта, топта ойларын ортаға салып талдайды. Осы стратегияларды пайдалана отырып өткізілген сабақтарда оқушылардың өз ойын анықтап, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі толықтыруға мүмкіндік жасалынады. Оқушылар ортаға салған ойларын мәтіндегі негізгі ойға сәйкестендіріп қағаз бетіне түсіріп қорғайды. Әр топ қағаз бетіне түсірілген сызбаларды талқылап жатқанда сөйлейтін оқушы да топ мүшелерінің аргументтерін жинақтап сөйлеуге дайындалады. Бірінші кезеңде оқушылар әрі ойналып, әрі еске түсіріп, әрі жазып, өз ойларын саралап, өзге оқушылардың пікірін тыңдап, білімін тереңдете түседі. Осы сабақта байқағаағанымыздай, сыныптағы барлық оқушылардың жаппай жұмыс жасауларына мүмкіндік беріледі. Оқушы белсенді іс-әрекетте болады. Ортамен қарым -қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын қорғай білуге, айта білуге үйренеді.

Қорыта келсек, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлт-

тың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады, сондықтан теория мен тәжірибені байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай тәжірибелік маңызы ескерілуі тиіс, сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті болып саналады.

## СУАСТЫ ПАТШАЛЫҒЫНА САЯХАТ



***Е.Т. Джарилкапова,***
*Ақтөбе қаласы,*
*МКҚК«№28 «Көркем»*
*балабақшасының*
*тәрбиешісі*

**Білім беру саласы**: Таным,шығармашылық,қоршаған орта.

**Тақырыбы:** «Су асты патшалығына саяхат»

**Мақсаты:** Балаларды теңіз балықтарымен таныстыра отырып,өз ойларын тұжырымдап айта алады.

**Әдіс- тәсілдер**: Әңгімелеу, көрсету, түсіндіру, салыстыру, сергіту сәті, сұрақ - жауап.

**Ресурстар**: Балықтардың суреттері,алтын балық ,желім, сүлгі,түрлі- түсті бояулар.

**Тәрбиеші:** Балалар көңіл күйлерің қалай? Тамаша керемет! Қандай әдемі болып келгенсіңдер,себебі бүгінгі біздің күніміз ерекше күн болмақ.

Қане балалар,бүгінгі күнімізді бастамас бұрын бір- бірімізге жылумызды сыйлап алайық.

**Жылулық шеңбері:**

Дөңгеленіп тұрайық.
Шеңберді біз құрайық.
Қол ұстасып бәріміз,
Ақ тілекті жолдайық.
Әлемде нұр тыныштық.
Әрбір бейбіт күн ыстық.
Қайырлы күн балалар.
Қайырлы күн достарым.

Балалар айналамызға қарайықшы,біз нені көріп тұрмыз,айналамызда нелер бар?

- Теңізді көріп тұрмыз, кемелерді, талдарды көріп тұрмыз.

Ия балалар дұрыс айтасыңдар,ненің дыбысын естіп тұрсыңдар - Судың, құстардың

Қандай керемет көрініс өте әдемі екен.

Балалар осы айналамыздағы көріп тұрған суды, құстарды талдарды біз бір сөзбен не деп айтамыз.?

- Табиғат дейміз.
- Табиғат нешеге бөлінеді?
- Екіге бөлінеді ,тірі және өлі табиғат.
- Жақсы, балалар жарайсыңдар.

Мен сендерге бір жұмбақ жасырамын,ал сендер шешуін табыңдар.

**Жұмбақ жасыру.**

Жүріп кетсе соңында,
Қалып жатқан ізі жоқ **(балық)**

- Балалар, шешуін дұрыс таптыңдар.
- Бүгін біз балықтар туралы көп мағлұматтар білетін боламыз.
- Балалар, балықтар қайда тіршілік етеді?
- Немен қоректенеді
- Қандай балықтардың түрлерін білесіңдер?
- Су астында тағы қандай тіршілік иелері бар?

Өте әдемі су асты патшалығы деп айтсақта болады.

Балалар сендер осы таңғажайып су асты патшалығына саяхатқа барғыларың келе ме?

**Балалар: Ия**

**Тәрбиеші:** Су асты әлеміне бару үшін не істеу керекпіз? **Балалар:** Жүзу керек.

**Тәрбиеші:** Әрине дұрыс. Қане олай болса балалар шеңбер бойымен оңға бұрылайық.

Қолымызды кезекпен алға айналдырамыз, енді алдыға қарай екі қолымызды созамыз.

Ал енді балықтар сияқты жүзейік.

Ой балалар міне су асты патшалығына да келіп жеттік.

***(балалар отырады) (дыбыс естіліп Алтын балық келеді)***

**Алтын балық:** Салем достар! Сендер бұл жерде не істеп жүрсіңдер?

Сендер жер бетінде өмір сүресіңдер! Су асты патшалығына неге келдіңдер?

**Тәрбиеші:** Сәлеметсізбе Алтын балық! Сізді көріп қатты қуанып тұрмыз! Осы су асты патшалығында сіздің ғажайып әлеміңіз бар екенін естіп келдік.

Мына кішкентай бүлдіршіндер осы ғажайып әлемді өздері көріп, толығырақ мағлұмат алайық деп келдік.

**Алтын балық:** Ой қандай керемет! Ия менің ғажайып сиқырлы әлемім бар. Бірақ оны көру үшін сендер менің сиқырлы тапсырмаларымды орындау керексіңдер.

**Тәрбиеші:** Ал балалар не дейсіңдер? Алтын балықтың тапсырмаларын орындауға дайынсыңдар ма?

(Алтын балық тапсырмаларын береді)

**Тәрбиеші:** Міне балалар! Алтын балық тапсырмаларын берді. Қане бірінші тапсырмасын орындайық . Бірінші тапсырмасы **«Ғажайып теңіз»** деп аталады екен.

Ең алдымен тапсырманы орындамас бұрын,топқа бөлініп алайық.

**Топқа бөлу:** 1. Сары түсті балық

2. Қызыл түсті балық

3. Көк түсті балық

**1.«Ғажайып теңіз»** (педагог жетекшілігімен ойын)

Түрлі –түсті балықтардан теңіз түбі композициясын құру.

Балықтың бейнесін құрастыра, жапсыру

1-ші Топқа фетрамен жұмыс

2-ші Топқа триз арқылы суретті бояу (ватманда балықтардың бейнесі көрсетіліп тұрады)

3-ші Сенсорика (солевая тесто)түрлі- түсті құмдарды қалыптарға орналастыру

***(Ойынды,тапсырманы басынан аяғына дейін жетекшілік етіп ойынды жүргізу).***

Алтын балық сізге балалардың орындаған тапсырмасы ұнады ма?

Қане балалар шаршаған боларсыңдар, ортаға келіп бойымызды сергітіп алайық.

***Сергіту сәті:***

Өзенге біз барамыз.

Еңкейеміз жуынамыз.

1, 2, 3, 4.

Міне болдық әдемі.

Оң қолменнен,сол қолды.

Алға сермеп жүземіз.

Ал балалар қарайық.

Делфин болып билейік.

Міне келдік жағаға.

**Тәрбиеші:** жарайсыңдар балалар! Ал енді балалар Алтын балығымыздың екінші тапсырмасын орындайық.

**2. «Түрлі-түсті балықтар» танымдық ойын.**

Балықтарды,сандарына байланысты орналастыру.

**Алтын балық:** Балалар сендер өте керемет ақылды шапшаң екенсіңдер өнерлі екенсіңдер!

Сендер менің барлық тапсырмаларымды орындадыңдар!





Мен сендерге қатты риза болып тұрмын. Сол ризашылығымды сендерге мына сыйлықтарыммен білдіргім келеді.

**Тәрбиеші:** Ой қандай керемет балалар! Рахмет Алтын балық!

**Алтын балық:** Балалар сендер барлық менің сиқырлы тапсырмамды жақсы орындадыңдар енді мен сендерді өзімнің ғажайып әлеміме шақырамын.

**3.Еркін ойын. Балалар Алтын балықтың ғажайып су асты әлемінде ойнайды.**

*(Тәрбиеші бақылау жүргізеді, балалар еркін түрде ойнайды)*

**Тәрбиеші:** Балалар жарайсыңдар,біздің балабақшаға қайтатын уақытымыз болды.

Біз су астында көп қала алмаймыз.Тезірек балабақшаға қайтуымыз керек.

Қане маған бері келе қойыңдар. (балаларды шеңберге тұрғызу)

**Тәрбиеші:** Балалар сендерге су асты патшалығы ұнадыма?

Алтын балыққа алғысымызды білдірейік.

**Балалар:** Рахмет Алтын балық! Сау болыңыз!

(балалар шеңбер бойымен, қимыл қозғалыстар жасап,балабақшаға келеді)

**Тәрбиеші:** Міне біз балабақшамызға да келдік. Жарайсыңдар балалар!

Мен сендерге бүгін қатты риза болдым. Сендер өте жақсы өнер көрсеттіңдер.

Мен сендерге Алтын балықтың сыйлығын табыстайын. (Тәрбиеші сыйлық тарады, өзінің жүргізген бақылауынан балаларға мақтау,мадақтау айтады.

**Тәрбиеші:** Балалар жарайсыңдар! Айзере сен бүгін өте жақсы суретті боядың,

Рамазан сен балықтар туралы көп біледі екенсің, Мадина сен құрастыруда өзіңді ерекше көрсеттің т.б.

## АНА МЕРЕЙІ

***Ә.А. Сәрсенбаева,***
*Мәртөк ауданы*
*ТОО Дастан -2016*
*«Нұрсәт» балабақшасы*

Мақсаты: 8-наурыз мейрамы туралы түсінік беру, анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру, аналар туралы өлең шумақтарын оқуда мәнерлі, сауатты, анық оқи алуға машықтандыру;

оқушыны ізгілік, инабаттылық, сыйластық, адамгершілік сияқты қасиеттерге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: аналар туралы қанатты сөздер, шарлар, шиырмалар, аналар фотосуреттері.

Сабақтың барысы:

Мұғалімнің сөзі: Құрметті қонақтар, асыл аналар, ұстаздар және қыздар! Бүгін бізде үлкен мереке. Ол-аналарға арналған «Ана мерейі!» деп аталып отырған ашық тәрбие сағаты. Бұл сабақ 8-наурыз халықаралық әйелдер күніне байланысты аталып отыр.

Адам үшін ең аяулы, ең қадірлі жан-Ана. Ол бала дүниеге келген күннен бастап өзінің жұмсақ алақанын, жылы жүзі, ыстық құшағы мен мейірімін, махаббатын арнайды.

Құрметті аналар және ұстаз аналар, мейрамдарыңыз құтты болсын! Әр жанұяға тыныштық, денсаулық, амандық тілейміз.

Құрметтейік, о адамдар, аналарды,
Бізді өмірге әкелген даналарды.
Себебі Ана деген асыл жан ғой,
Ойлауменен істелік әр қадамды.

1-оқушы: 1910 жыл 8-наурызда Данияның астанасы Копенгагенде болған социалистердің халықаралық II конференциясында Клара Цеткиннің ұсынысы бойынша халықаралық әйелдер күні белгіленді. Ол алғаш рет Германияда, Австрияда, Швейцарияда, Данияда 1911 жылдан бастап мерекеленді.

Хормен: Мерекелеріңіз құтты болсын, сүйікті аналар!

(Сыныпқа көктем мезгілі кіреді.)

Сәлеметсіздер ме? Құрметті аналар, ұстаздар, қыздар, бүгінгі төл мерекелеріңіз құтты болсын, әр жанұяға шаттық тілеймін!

Көктемде құстар сайрайды,
Жерде гүлдер жайнайды.
Алақайлап балалар,
Мәз болысып ойнайды.

(әр оқушының аналарға арнаған тақпақтары)

1-оқушы. Ана-біздің күніміз,
Ананың-біз гүліміз.

Ұландарды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.
2-оқушы: Мәпелейсің мені, анам,
Қолыңдағы құсындай.
Құлпыра өсіп дем алам,
Құшағыңда қысылмай.
3-оқушы: Бізді өсірген апатай,
Еңбегің де зор екен.
Құтты болсын, апатай,
Құтты болсын мерекең.
4-оқушы: Аялаған, саялаған,
Бар бақытым, берекем.
Апатайым, құттықтаймын,
Бүгін сенің мерекең.
5-оқуы: Сіздерден өсер балалар,
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен,
Құрметті аналар!
6-оқушы: Бәрімізге анасың,
Біз үшін күн болып жанасың.
Құтты болсың мейрамың,
Құттықтаймыз ұстазым!
7-оқушы: Өнерлі боп өсеміз,
Өмір сырын шешеміз.
Өсіріп ой-сананы.
Қуантамыз ананы.
8-оқушы: Үлкейдім ғой мен енді,
Жудым бүгін еденді.
Аналарға арналған,
Жаттап алдым өлеңді.
9-оқушы: Ана десем алғыс
алам халқымнан,
Ана десем теңіз
болам шалқыған.
Ана десем ашылады қабағым,
Ана десем әділдікті ұғамын.
10-оқушы: Сен жалықпай жетектеп,
Мен жаттыға жетермін.
Айтқаныңды екіетпей
Ақ сүтіңді өтермін.
11-оқушы: Әжем менің әлі де
Ұқсамайды кәріге,
Шәй қайнатып береді
Қажет болса бәріне.
12-оқушы: Анаға жан жетпейді,
Еңбегі естен кетпейді.
Балаға да анасыз
Тамағынан ас өтпейді.
13-оқушы: Анам менің, ақ мамам,
Балапанын мақтаған.
Анам барда әр дайым
Қуанамын, шаттанам.
14-оқушы: Анашым, жан анам,
Балдан тәтті бал анам.
Үйге келсең сақтанам,
Құшақ жая қарсы алам.
15-оқушы: Анам менің панам ғой,
Содан қорған табам ғой.
Асықпа, анашым, ертен-ақ
Отың болып жанам гой.
16-оқушы: Ардақты ана, аяулы ана,
қымбаттым,
Сәбиінді әлдилеумен
түн қаттың.
Ақ сүтіңмен
ауызданып есейдім,
Кең құшағың аясындай
гүл бақтың.
17-оқушы: Аналар шаңырақтың
сәулетті ғой,
Ана денен баршаның дәулеті ғой!
Адамды адам еткен ақ сүт беріп,
Жаңа өмірге сәбиін жетелеген.
18-оқушы: Ана деген кім десе,
Шуақ шашқан күн дер ем.
Сәбиі үшін ұйықтамай
арпалысқан түнменен,
Ана үні өмірде ең мейірімді
үн дер ем.
Жүргізуші: Әсем би
әрбір елдің рәсімі екен,
Өнерпаз ортамызда
басым екен.
Өнерің қуаныштан кім аяған,
Жаңа биді сіздергешашу етем.
(Би биленеді)
Көрініс: Дүниеде не қымбат?
Хор: «Айналайын ақ мамам»
Хор: Ана-ұстаз, ана-дәрігер.
Ана-ғылым, ана-ақын.
Ана-өнер қайраткері.
Ана-жазушы.
Ана-қоғам қайраткері.
Жалпы би:
Ана туралы слайд фильм көрсетіледі
Соңғы жарияланған материалдар тізімі
Қыз сыны
Анашым, мерекеңмен!
Аяулы анашым.
Мерекеңмен анашым
Анамызды аялайық
Мерекеңізбен аяулы - Анашым!
Ана-әлем шуағы
Ана-әлем шуағы ашық сабақ
Анашым құдіретіңе табынамын
Ана- өмір гүлі

# «КҮН ДИДАРЛЫ ҚАЗАҚСТАН!»

***Ж.А. Сарсенбаева,***
*Мәртөк ауданы*
*ТОО Дастан -2016*
*«Нұрсәт» балабақшасы*

Мақсаты: Балалардың Отаны, Рәміздері, Елбасы, желтоқсан оқиғасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп тақпақ айтуға, сахналық көріністерді көрсетулер арқылы еліне, отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанын, елін сүюге тәрбиелеу.

Еліміздің Тәуелсіздігіне орай өткізілетін мерекелік ертеңгілікке балалар залға вальс билеп кіреді. Мұнан соң барлығы Әнұранды орындайды.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме,балалар, қонақтар, әріптестер! Бүгінгі 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған балабақшамыздағы мерекелік ертеңгілігімізді бастаймыз.

Рәміздерім – елдігімнің белгісі,
Білу керек бала – дағы ең кіші.
Рәміздерім- ӘНҰРАН, КӨК ТУ, ЕЛТАҢБА,
Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

Жүргізуші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан.

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің президенті кім?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: Астана.

Жүргізуші: Астана қандай қала?

Балалар: Астана-бас қала, әдемі, үлкен қала.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар, балалар. Отан туралы тақпақтарымызды айтайық.

Мерей: Отан- жерім, Отан- суым,
Отан қуат, нәр береді.
Отан- ұран, Отан- туым,
Отан мәңгі гүлденеді!

Санжар: Қуат алған өзінен,
Туған елдің ұлымын.
Бақытты етіп өсірген,
Отанымның гүлімін.

Зарина: Шырқап көкке аспан – ән,
Болашаққа бас қадам.
Қазақ рухын биіктет,
Ей, бас қалам- АСТАНА !

Ерсұлтан: Қадамың бар баспаған,
Асуың бар аспаған.
Халқым жетсін мұратқа,
Ей, бас қала- АСТАНА!

Жүргізуші: Біз бүгін тәуелсіздік алған күнімізді мерекелеудеміз. Біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан өз мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар. Балалар, мемлекеттік туымыздың түсі қандай екен?

Балалар: Туымыздың түсі – көк.

Жүргізуші: Иә, өте жақсы.

– Ал, енді балалар, Рәміздерге байланысты тақпақтарымызды айтайық (балалардың тақпақтары тыңдалады).

Әділет: Елтаңбасы елімнің,
Неткен әйбат, әдемі!
Тұнығындай көңілдің,
Ортада- аспан әлемі.

Әділ: Құт, береке – шаңырақ,
Орын алған ол төрден.
Қанатты қос арғымақ,
Екі жақтан көмкерген.

Данель: Анаң- күнің, жүрегің,
Әкең – өмір тірегің.
Сен- бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын!

Даяна: Көк аспандай көкпеңбек,
Қазақстан жалауы.
Көк емес ол тектен-тек,
Елдің ашық қабағы.

Жанарыс: Тәуелсіздік жолында,
Талай – талай тер тамған.
Билігім өз қолымда,
Еркіндігім – Елтаңбам.

Нарқыз: Аспанымдай мөлдірмін,

Жайлауымдай жазықпын.
Өзенімдей өршілмін,
Гүлдерімдей нәзікпін.
Архат: Ақ ниеті- алтын күн
Асқақ арман – қыраны.
Жалауы бұл- халқымның,
Мәртебесі, мақтаны.

Əн: «Ел қорғауға әзірміз».
Би: «Қара жорға».

## ТАҢҒАЖАЙЫП ПЛАНЕТАСЫ



***Ә.С. Сайымова***
*Ақтөбе қаласы,*
*МКҚК «№28 «Көркем»*
*балабақшасының*
*тәрбиешісі*

**Білімділік:** Баланың математикадан алған білімін тиянақтау, геометриялық пішіндерді танып, ажырата білуін жетілдіру қарапайым сан мен санау түсініктерін қалыптастыру, ғарыш туралы білімдерін бекіту.

**Тәрбиелік:** Сандарды тура, кері санауға үйрету, логикалық ойын арқылы баланың қиялын, ой- өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Шаттық шеңбер:** Балалар, біздің бүгінгі оқу іс-әрекетімізді шаттық шеңберімен бастайық.

Қуанамыз күлеміз
Бар әлемді сүйеміз
Амандасып сіздермен
Басымызды иеміз.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс)

Қыс мезгілінде неше ай бар? (3 ай)

- желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Бүгін нешінші күн? Апта күндерін атап өтейікші?

- Балалар нені көріп тұрсыңдар? (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелектер, тіктөртбұрыш)

- Бұларды бір сөзбен қалай атаймыз? (пішіндер)

Олай болса, алдарыңда қадай геометриялық пішіндер жатыр? (үшбұрыш, тіктөртбұрыш, дөңгелектер). Өлең шумақтарына кезек берейік.

Балалар, мына геометриялық пішіндерден зымыран құрастырайық. Сол зымыранмен таңғажайып математика планетасына ұшып барайық. Көзімізді жұмып 1- ден 5- ке дейін (кері) санайық.

Міне біз таңғажайып планетаға келдік. Планетада біздер Роботты көрдік. Робот бізге тапсырмалар берді.

**1- тапсырма**

«Ғарыш туралы сұрақ»

1. Ғарыш туралы не білеміз?
2. Күн не үшін керек?
3. Ғарышқа немен баруға болады?
4. Ғарышта жүретін адамды қалай атайды?
5. Қазақстанда ең алғашқы ғарышқа ұшқан кімдер? Қане атап айта қояйқшы.

**2- тапсырма**

«Адасқан сандар»

Шарты: Затты сандармен сәйкестендіру.

**3- тапсырма:**

Ойын: «Өз үйінді тап»

Шарты: Әр түрлі пішіндерден, өз үйін табу.

**4- тапсырма**

Жұлдыздарды боя

Шарты: Алдын ала тұзды қамырдан жасалған жұлдыздарды бояйды.

Жарайсыңдар балалар, біздер қайда бардық?

Ол жақта біз кімді көрдік?

Қандай тасырмалар орындадық?

Жарайсыңдар, ендеше бізге Робот барлық тапсырмаларды сәтті орындағанымыз үшін бізге тосын сый әзірлепті (жұлдыз сыйлау).

# ХАБАРЛАНДЫРУЛАР ТАҚТАСЫ

***Құрметті оқырман!***

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы **«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме»** ақпараттық-әдістемелік журналының **№3 (29) санын 2022 жылғы 28 қыркүйекте** шығарады. Тоқсанына 1 рет жарыққа шығатын журналға төмендегідей айдарлар бойынша материал ұсынуға болады:

1. **Тілтаным:** профессор-ғалымдардың, тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа тілдер), балабақша тәрбиешілері, жеке тұлғалардың және тіл жанашырларының еліміздегі тілдерді оқыту мәселесі, үштұғырлы тіл саясаты, Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясы, этносаралықынтымақтастық, татулық тақырыбындағы мақалалары, эссе, баяндамалары беріледі.

2. **Рухани жаңғыру:** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, оның ішінде 6-бағыт «Латын графикалық жүйеге көшуді» насихаттау мақсатында мақала, баяндамалар беріледі.

3. **Тіл үйрету әдістемесі:** мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалықшеберлігін жетілдіруге ықпал ету, әдістемелік көмек көрсету мақсатында әдістемелік мақалалар, баяндамалар және т.б. беріледі.

4. **Үздік сабақ:** тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа да тілдер),әдіскерлердің іс-тәжірибесіндегі озық сабақтары (ҚМЖ) және қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқытудың салалық сабақ әзірлемелері беріледі.

5. **Тәрбиеші жазбалары**: мектепке дейінгі ұйымдарының тіл оқытушылары (қазақ,орыс, ағылшын тілдері) мен тәрбиешілерінің озық сабақ әзірлемелері, жеке тұлғаныжан-жақты дамытуға бағытталған тәрбиелік, танымдық, мәдени іс-шаралар сценарийлері беріледі.

**Материалдар келесі талаптарға сай болуы керек:**

Мақала немесе сабақтың әдістемелік әзірлемесі, эссе, баяндама, өлеңдердің көлемі **2 беттен** көп болмауы керек. Беттің жоғарғы және төменгі жағынан 2 см., сол жағынан 2 см., оң жағынан 2 см қалдыру керек. Жазу шрифті KZ Times New Roman, Times New Roman, **кегль 12,** жоларалық ашықтық 1 пт. 2 интервалдан кейін автордың аты-жөні; бос интервалдан кейін мекеменің аты, қаласы, ауданы көрсетіледі. Мақаланың негізгі мәтіні 2 интервалдан кейін басылады. Мәтіннің соңында 1 интервалдан кейін пайдаланылған әдебиеттер тізімі (алфавиттік жүйеде) беріледі. Мәтіндегі сілтемелер тік жақшада [1:23-25] рәсімделеді. Файлдық құжаттың атауы автордың фамилиясымен аталуы қажет. Кесте, иллюстрациялық сызбаларды беруде Microsoft Office бағдарламасын қолдану қажет.

Барлық материалдар талапқа сай рәсімделіп, **ortaluktil@mail.ru** электронды поштасына жіберілуі қажет. Баспаға материал жариялау-тегін.

Журналдың №2 (28) санына материалдар **2022 жылғы 30 тамызға** дейін мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А», №102 кабинет. Байланыс телефоны: 8 (7132) 41-69-34.

«Көкше-Полиграфия» АҚ баспаханасынан басылып шығарылды.
Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Е.Әуелбеков көшесі, 98.
Тел.: 8 (7162) 256-212, e-mail: sks46@mail.ru